



«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ»
халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
27-28 қазан 2022

PROCEEDINGS
of the international scientific conference
«DEVELOPMENT TRENDS OF MODERN EDUCATION»
27-28 October 2022

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научной конференции
«ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ»
27-28 октября 2022

Алматы, 2022

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
Қ 22

Редакция алқасы:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

- Қ 22 Қазіргі білім берудің даму тенденциялары: халықаралық ғылыми конф. мат. = Тенденции развития современного образования: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceeding sinernational scientific conference: Development trends of modern education. – Алматы: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2022. – 217 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-2814-8

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education.

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN 978-601-08-2814-8



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

ҒТАМР 17.05.45

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР-БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Т. Койшекенова

Оқытушы, Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Орал қ.

Мақалада XIX ғасырда қазақ даласында өмір сүрген көрнекті ағартушы, ғалым, ұлттың ұлы ұстазы, жазушы, аудармашы, этнограф Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы өнер – білім, ағартушылық тақырыптарына сипаттама берілген. Атап айтатын болсақ «Кел, балалар, оқылық», «Өнер – білім бар жұрттар» сияқты шығармаларындағы қозғалған басты тақырыптың әлі күнге дейін маңызы жойылмағандығы туралы айтылған.

Түйін сөздер: өмірдерек, білім, ағартушылық, оқулық, шығармашылық, әңгімелер.

Көптеген тарихи құбылыстар хақында, әсіресе елінің мүддесін қорғаған, жеріне қамал тіршілік кешіп, өлшеусіз іс тындырған ардақты тұлғалардың өмірбаяны, шығармашылығы туралы қазіргі кезеңде көптеген тың деректер жарық көруде. Солардың бірі қазақ халқының патриот ұлы, демократ ұстаз, халық ағартушысы Ыбырай Алтынсарин жайында жазылған деректер. Ы.Алтынсариннің әлеуметтік-саяси тұлғасының қалыптасуы мен қоғамдық қызметі қазақ тарихының күрделі кезеңімен байланысып жатыр. Қазақ халқы патшалық Ресей мемлекетінің саяси ықпалына түсіп, елде капитализмге өту кезеңі басталып, соған сай ел ішінде оқу-білім, мәдениет және саяси-экономикалық елеулі қозғалыстар басталған еді. Осы бағытта Ы.Алтынсарин да қазақ халқын сауаттандыру жолында елеулі қызметтер атқарды.

Ыбырай, Шоқан, Абай! Үш ұлы тұлға! Үшеуі де бір халықтың перзенттері. Ең ғажабы – үшеуі бір тарихи кезеңде өмір сүріп, бір-бірін көріп, білмесе де, сол дәуірдің озық идеясын таратуды бір кісідей жұмыла еңбек еткен, халқының сан ғасыр бойы тірнектей жинап, бойында сақтап келген абзал қасиеттерін, дарқан дарыны мен сергек қабілетін өз бойларынан найжағайдай жарқырата көрсетіп, жарығын алысқа түсірген [1, 3 б.].

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы жаңа күнтізбе бойынша 2-ші қарашада Ресей империясының Николаевск уезінің Торғай облысында, қазіргі Солтүстік Қазақстан жерінің Қостанай ауданында өмірге келген. Әкесінен ерте айырылып, атасы Балқожа бидің тәрбиесін алған. Атасы оны 9 жасында Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан 1850 жылы қазақ балалары үшін

ашылған орыс мектебіне оқуға береді. 1857 жылы осы мектепті Ыбырай Алтынсарин алтын медальмен аяқтайды. 1889 жылы Торғай облысында орыс-қазақ училищелерінің инспекторы қызметін атқарушы Ыбырай 48 жасында өмірден өтеді.

Қазан университетінің профессоры, ориенталист Н.И. Ильминский өз естеліктерінде: «Григорьев Балғожаны аса құрметтеп, жоғары бағалайтын, ал Ыбырай Балғожаның немересі болғандықтан ғана емес, өзінің жеке басының қасиеттерімен, сондай-ақ дарындылығымен генералдың сүйіспеншілігіне бөленген еді» – деп еске алады [2, 34 б.].

Өзі де өлең шығарып, сөздің майын тамызған Балғожа атасы Ыбырайды бала кезінен-ақ сөз өнеріне баулып, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жаттатып өсірген. Сыншылдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеп, нені болса да жасырмай, бетке айту керектігін үйреткен. «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» демекші, атасының тәлім-тәрбиесінде өскен Ыбырай да осы жүйрік, тапқыр да айтқыш, өнерпаз болып, сол жолды дәріптейтін шығармаларды келешек ұрпаққа аманат еткенін шығармаларынан байқай аламыз [2, 95 б.].

Ыбырай шығармаларынан қазіргі таңда да өзектілігін еш жоғалтпаған өнер-білім, тәлім-тәрбие, жамандық пен жақсылық, өтірік пен айлакерлік немесе адамгершілік пен мейірімділік сияқты кез келген мәселелерді табуға болады. Солардың ішінде өнер-білім тақырыбында жазылған шығармаларының негізгі түйіні әлі де құнды болып отыр. Ол қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер-білім, техниканы игеруге шақырады («Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан, Іздемей-ақ табылар»). Автор оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына мән берді. Бұған инемен құдық қазғандай ыждаһаттылық, талап пен сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ал оқымаған надандарды ақын аз ғана сөзбен сынап, олардың ақ, қараны айырмайтын көрсоқыр екенін айтады («Оқымаған жүреді, Қараңғыны қармалап. Надандықтың белгісі – Еш ақылға жарымас»). Оқу, білімнің пайдасы қандай, ол неге керек деген мәселеге келгенде, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетеді («Ата-енең қартайса, Тіреу болар бұл оқу. Қартайғанда мал тайса, Сүйеу болар бұл оқу»). Ол өнер-білімі жетілген елдердің артықшылығы қандай, олар сол өнерімен нені игеріп отыр, ертеңгі өмірдің талап-тілектері не секілді күрделі мәселелерді жастар алдына көлденең тарту арқылы оларға ой тастап, өнер-білімді батыл игеруге шақырады («Адамды құстай ұшырды, Мал істейтін жұмысты, От пен суға түсірді. Отынсыз тамақ пісірді, Сусыздан сусын ішірді»). Ыбырай сондай-ақ Ушинский, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды [3].

Ы.Алтынсарин: «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде малдың бір жұттық екені, ал оқыған адамның байлығы ешқашан жоғалып – жұтамайтыны, киім де, тамақ та, өнер-білім де оқумен табылатыны, қартайғанда да білім сүйеніш болатыны айтылады. Ақынның бұл өлеңді жазудағы негізгі басты мақсаты – балаларға өнер-білімнің пайдасын түсіндіріп жеткізу. Педагог-ақын сол

мақсатының үрдісінен шыққан. «Балғожа бидің баласына жазған хаты» өлеңінде «Оқымасаң ата-ананды асырай алмай, надан болып, қолыңа құрық алып мал соңында жүресің» дегенді ескертеді. Осы сияқты «Әділдік көрмеген үшін төреге айтылған сөз», «Өсиет өлеңдерде» де ақыл-нақыл, үгіт-насихат, тілек мол жинақталған.

Оқу-ағарту ісі қашанда кезек күттірмейтін мәселе екенін Ыбырай жастай ұғынып, өзі де сол ағартушылық бағытты ұстанып, балаларға өнеге, білім беру үшін шығармаларды солардың ұғымына лайықтап жазған.

Ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді.

Ыбырай «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету. Ы.Алтынсарин қазақ балаларының қолөнер, бау-бақша, егіншілік пен тігіншілік сияқты тұрмыстық салаларды жетік меңгеруіне де мән берген. Соған орай Ильминскийге хат жазып, одан іскер оқытушылар жіберуін өтініп: «Қолөнерін, бау-бақша, огород істерін, мал шаруашылығын және егіншілік кәсібін үйретуге арналған практикалық жеңіл оқу құралы жоқ па?» – деп те сұраған. Сондай-ақ, М.Дулатов 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Өнер мектебі» мақаласында да Ыбырайдың 1883 жылы Торғайда өнер мектебін ашқаны, онда қазақ балаларына арналған 25 қазыналық орын бар екендігі, бастауыш дәрежелі орысша оқытатын бұл мектепте тігіншілік, ағаш шебері және ұсталық өнері үйретілетіні туралы жазған [2, 110-111 б.].

Ыбырайдың өнер-білім бағытындағы ауқымды жұмысының бірі – «Қазақ хрестоматиясы» еңбегі. «Қазақ хрестоматиясы» тек сол кезең үшін ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор туынды. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелерінде еңбексүйгіштік, оқуға, өнерге ұмтылу, елін-жерін қадірлеу, талаптылық, қайрат пен ерік-жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілдік, махаббат, қайырымдылық, жалпылай айтқанда, адамгершілік ұғымына тән тағы басқа жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қатмиды. Мысалы: Хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана-сезімдеріне лайықталып, педагогика ғылымының талап ететін мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар оқу, еңбек, талап, мейірімділік тақырыптарына лайықты әңгімелерді әдейі, саналы түрде таңдап алғандығын көреміз. Кезіндегі жағдаймен санаса отырып, Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту – жалпы халықты ағарту жұмысы да, екіншісі – халықтың ой – санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. «Қазақтардың білімге қолын жеткізетін ең басты құрал – мектеп». Ол кезде мектеп, оқу, оқыту мәселесіне әркім әр түрлі қарады. Халықтың Ыбырай тәрізді адал ұлдары алған білімдерін өз елін мәдениетке жетелеуге, оқу – ағарту ісін өркендетуге жұмсады. Ақын,

бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға шақырса, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек қана байлықта деп ұғатын, оқуөнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектілігіне еш мән бермейтін ескі көзқарас соққы берді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екендігін айта келіп білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірді. Есті бала мен ессіз баланы қарама-қарсы қойып, жастарға кімнен үлгі алып, кімнен безу керектігін көрсетті. Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке шақырды [4].

Ыбырай Алтынсариннің өз халқын оқу-білімге, өнерге шақыруы, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеуметтік өмірдегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтық жағы болып саналса, сонымен бірге қазақтың қазіргі проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушылардың бірі болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсарин жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып отыр. Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен-бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтық ұлы тұлғасын көруге болады. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор» – деп баға береді [4].

Қорытындылай келе, Ы.Алтынсарин өз шығармаларында қазақ балаларының жан-жақты білімді, еңбекқор, ізденімпаз, тындырымды адам болғанын, халқы үшін жанын аямаған, кісіптік білім беру ісін жолға қойып, оны сан-салалы етіп дамыта түскісі келетінін қалайтынын байқаймыз. Жалпы Ыбырайдың бұл ой-мақсаттары қазір де еш маңызын жоғалтқан жоқ, тіпті бүгінгі заманның көкейкесті мәселесіне айналып, елімізде бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауда өз қажеттілігі көрсетіп отыр. Өйткені қай дамыған елдің өсу жолына көз жіберіп қарасақ та жастардың білімін кәсіби деңгейде жоғары даярлау – ілгері басудың, тұрақты дамудың алғы шарттарының бірі екендігін байқаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин: Деректі ғұмырбаяндық эссе-хикаят және ғылыми зерттеулер. Үш томдық шығармалар жинағы: 1-том. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2015. – 632 б.

2 Оспанұлы С. Алтынсарин әлемі. – Қостанай: Центрум ЖШС, 2018. – 294 б.

3 <http://zhalagash-kitap.kz/ar-turli/10-ar-turli/22-ybyrai.html>.

4 Мұстафина М.Ә. Ы. Алтынсариннің шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы. <file:///C:/Users/User/Downloads/1365-1-2635-1-10-20151016.pdf>

ҒТАМР 03.20

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

М.М. Жупарбеков

Мұғалім, №64 мектеп-лицейі, Астана қ.

Қазіргі заманның жалпы білім беретін мектепке қойылатын талаптары өзгеріп жатыр. Модернизациялау және білім мазмұнын жаңарту жағдайында қойған талаптары: бәсекеге қабілетті және әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістерге тез бейімделетін жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Түйін сөздер: тарих пәні, оқыту, білім сапасы, оқытуды ұйымдастыру.

Білім сапасы дегеніміз оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижесін сипаттайтын жиынтық: білімнің толықтығы, тереңдігі, нақтылығы, жүйелілігі, беріктігі, саналы түрде меңгерілгені, әр жағдайға бейімділігі, жалпылама қолданылуы, кез келген уақытта қолданыста болуы [1]. Уақыт талабына сай болу үшін адам сапалы білім алуы керек.

Қазіргі заман талабына қарай білім берудің басты мақсаты оқушыға тек білім жиынтығын беру емес, оны өзінің білім алу іс-әрекетінің субъектісі ретінде тәрбиелеп, оқыту – сабақ барысында жүзеге асады. Сабақ нәтижесі педагогтың шеберлігіне, сабақта қолданылатын әдіс -тәсілдеріне, оқушылардың қабылдау қабілетіне, зейініне байланысты. Білім сапасын жақсарту мақсатында бірнеше өзгерістер енгізіліп жатыр. Бірақ ең басты ресурс – адами капитал. Адамдардың білімді меңгеру деңгейіне білім сапасы байланысты. Білімді меңгерту педагогтардың міндеті болып табылады. Білім сапасын көтеру үшін педагогтар педагогикалық үрдіс барысында әр түрлі формаларды қолданады.

Бастауыш білім беру – баланың дамуындағы бір ерекше кезең. Оқу іс-әрекеті ең басты іс-әрекетке айналады. Бірақ, әлі де болса оқушы ойынға әуес болады. Сондықтан педагог бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырғанда олардың жас ерекшелігін ескере отырып құру тиіс.

Осыған орай білім сапасы педагог сабақтың қандай түрлері арқылы оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратынына байланысты болады деп есептейміз.

Ал білім сапасы сабақтың түріне және формасына байланысты. Педагогикалық әдебиетте оқытудың формалары туралы бірнеше зерттеулер бар. Дәстүрлі оқыту түрі Я.А. Коменский белгілеп кеткен сынып-сабақтық жүйесі осы күнге дейін қолданылып жүр.

Сабақ оқытудың мақсатын жүзеге асыратын оқу үрдісін ерекше бір бөлігі. Сабақты дәстүрлі және дәстүрден тыс формасымен өткізуге болады.

Сабақ – белгілі бір уақытта жүйелі түрде кесте бойынша оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналып, тұрақты оқушылар құрамы мен педагогтың іс-әрекетін ұйымдастырудың қолданылатын формасы [2]. Сабақтың оқытудың формасы: мақсат, құралдар, іс-әрекет әдістерден тұрады.

Сабақтың мақсаты: бір тұтас педагогикалық үрдісінде оқушылар мен педагогтардың өзара қарым-қатынас әректі болып табылады.

Оқытуды ұйымдастыру формасы:

1. Фронтальды, топтық, жеке жұмыс түрлері.

2. Педагог жүйелі және бірізділік қағидасымен оқу материалын оқушыларға жеткізіп, танымдық қабілеттерін дамыту, танымдық көзқарасын қалыптастыру.

3. Оқушылардың сабақ және үй жұмысын орындау іс-әрекетінің белсенділік дағдыларын машықтандыру.

Сабақ сапасына оқушылардың білім алу нәтижесі тәуелді болады. Сондықтан сабақта және сабақтан тыс көптеген формалар қолданылады. Мәселен саяхат, экскурсия, факультатив, кеңес беру, қосымша сабақтар, үйірме және т.б. осы талған тұрақты формаларымен қатар тұрақсыз формаларын қолданылады. Мәселен, пәндік олимпиада, интеллектуалды сайыстар, көрмелер, викториналар, апталықтар және т.б. сабақтан тыс өткізілетін тұрақсыз форма түрлері бар.

Сабақты ұйымдастыру формасына қойылатын негізгі талап:

- Сабақ тақырыбы өтілген тақырыппен тығыз байланысы;
- Сабақта қолданылатын дидактикалық құралдар;
- Сабақтың білім беру, тәрбиелік және дамытушы мақсаттарын айқындау;

- Сабақ жүйесінің жоспары күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкестігі

- Педагогтың сабаққа тыңғылықты дайындығы;

- Сабақ ты өткізу формасын педагог өзі таңдайды.

Сабақта қолданылатын оқу-танымдық форма түрлері: 1) жеке жұмыс, 2) топтық жұмыс, 3) фронтальды жұмыс, 4) жұптық жұмыс [3].

Оқу-танымдық формасы оқушылардың сандық құрамына байланысты.

Сабақ келесі бір формасы уақытқа қарай үшке бөлінеді: 1) мектеп ішілік, 2) мектептен тыс, 3) қосымша білім беру.

Сабақта оқыту іс-әрекеттің реттілігіне байланысты оқыту формалары: 1) кеңес беру, 2) бақылау, 3) зертханалық (лабораторлық) жұмыс.

Сабақта оқыту іс-әрекетін басқару әдісіне қатысты формалар: 1) мұғаліммен жұмыс, 2) өздік жұмыс, 3) өз бетімен білім алу (өзін-өзі оқыту), 4) программалық оқыту, 5) өзара оқыту формаларына жіктейді.

Сабақта қолданылатын фронтальды жұмыс формасын көбінесе қайталау сабақтарында, рефлексия өткізу кезеңде, жаңа білімді бекіту кезеңінде

қолданады. Сабақта жеке жұмыс формасын оқушылардың жеке білімдерін жалпы сынып оқушылардың деңгейіне сай болмаған жағдайда қолданылады. Мәселен, нашар оқитын оқушымен немесе жақсы оқитын оқушымен жұмыс жүргізгенде қолданылады. Бұл жағдайда тапсырмасы бар үлестірмелермен (карточкалар) жұмыс жасайды және жеке форманы бүкіл сынып оқушыларына бірдей тапсырма беріп өткізуге болады. Педагог тапсырма бірдей болған жағдайда оқушылар бір-бірімен сөйлеспеді, ақылдаспауды қадағалайды. Сабақта оқу-танымдық іс-әрекеті жеке формамен ұйымдастырғанда әр бір оқушы өзінің танымдық қабілетіне қарай орындайды. Сондықтан, алынатын нәтижені бағалау объективті болады. Бұл форма оқушыларды жинақылыққа, жауапкершілікке үйретеді.

Топтық жұмыс формасымен оқытуда оқушылар бір-бірімен топ арасында жұмыс жасауға дағдыланады, ойларымен бөліседі, көмектеседі. Тапсырмалар барлық топтарда бірдей немесе әр топқа әр түрлі тапсырмалар берілуі мүмкін. Топтағы мүшелер санын да белгілеп алған жөн. Топ құрамында үштен кем емес және алтыдан аспау керек, әйтпесе жұмыс өнімсіз және нәтижесіз болады. Топ құрамы әр сабақта өзгеріп отырылады. Топта үлгерімі жоғары және үлгерімі төмен оқушыларды біріктірген жөн. Осы форма түрі оқушыларды қоғамдық қарым-қатынасқа бейімдейді, үйретеді. Сонымен қатар, білім деңгейі төмен оқушы білімі жоғары оқушылар берген мәліметті тез қабылдайды.

Жұптық жұмыс формасы – екі оқушы бірлесіп, оқу-танымдық әрекетті жасайды. Сонымен, форма – ішкі құрылым және құрылымдардың өзара байланысы. Оқыту формалары – оқу сабақтарының құрылымы, мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы қарым-қатынас негізінде оқу үдерісінде іс-әрекеттерді ұйымдастыру болып табылады [4].

Сабақта қолданылатын формалар бір-бірімен өзара тығыз байланысқан, білім сапасына тікелей әсер етеді. (Кесте 1).

Кесте 1. Оқытуды ұйымдастыру формасына әсер ететін ішкі факторлар.



Сабақ – нақты белгіленген уақыт кезеңінен тұратын оқу үдерісі [5].

Әр оқу үрдісі сайын өзгеріп отыратын, сабақ барысында қолданылатын оқытуды ұйымдастыру формаларының құрылымдық жүйесі (Кесте 2).

Кесте 2. Оқытуды ұйымдастыру формалары.

Оқыту мақсаты			
Мұғалімнің іс-әрекеті			
Оқыту мазмұны (сабақта қарастырылатын материалдар)	Оқыту әдістері (сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер)	Құрал-жабдықтар (сабақта қолданылатын құрал түрлері)	Оқытуды ұйымдастыру формалары (топтық фронтальді, жұптық, жеке)
Оқушылардың іс-әрекеті			
Күтілетін нәтиже			

Американ психологы Д. Гудлэд өз зерттеулерінде дәстүрлі мектептегі сабақта орташа белсенділігі оқушы іс-әрекеті бойынша күніне 7 минут сөйлейтінің бақылаған [6]. Сабақ уақыты әр оқушының белсенді білім беру жағдайында қолданылатын форма түрлері жеткіліксіз. Практика жүзінде тұрақты түрде жұптық жұмыс істеу ғана сапалы нәтиже беретіндігін дәлелдеген.

Мектепте оқушыларға білім беру сапасын жақсарту – ішкі факторларға қатысты ынтымақтастықта оқытуды ұйымдастыру. Г.А. Цукерман, К.Н.Поливанова, С.Т. Танцоров және т.б. ғалымдар [7] ынтымақтастықта сапалы білім негізінен оқытуды ұйымдастыру формаларына байланысты тұжырымдаған:

1. Оқу-тәрбие берудің міндеттері мұғалім жеке оқушымен емес, барлық оқушылар қауымдасып жұмыс істеген жағдайда шешіледі.

2. Оқушы толыққанды білім алу, оны даму үшін ересектермен ғана емес, құрдастарымен ынтымақтастық қарым-қатынаста болып, бірлесе іс-әрекет (соның ішінде оқу үдерісінде) ету қажет.

3. Мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан, мектеп өмірінің барлық салаларында, соның ішінде ересектермен яғни «мұғалім» – «ата-ана» ынтымақтастық қарым-қатынасты дамып, сапалы оқытуды ұйымдастыруы қажет.

Оқытуды ұйымдастыру формалары түрлі классификацияға жіктеп көрсеткен ғалымдар: В.К. Дьяченко және И.М. Чередов және т.б.

И.М. Чередов [8] өз еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларына сапалы білім беру үшін оқытуды ұйымдастырудың формаларын үшке жіктеп қарастырған:

- 1) топтық (фронтальды),
- 2) жұптық,
- 3) жеке дара (индивидуальді) (Кесте-3).

Кесте 3. Оқытуды ұйымдастыру формалары.

Топтық (фронтальді)	Жұптық	Жеке (индивидуальді)
Мұғалімнің қатаң бақылауымен бір тапсырманы орындау кезінде бүкіл сынып шағын топтарға бөліп, оқу қызметін басқару. Топтық жұмысқа: звено, бригадалық, кооперация, саралап оқыту түрлері жатады.	Мұғалімнің қатаң бақылауымен өзін-өзі басқару қағидаттары негізінде жұптаса отырып, ынтымақтастық қарым-қатынас, бірлесіп оқу үдерісі.	Мақсаты ортақ, жұмысқа белсенділігін, қабілеттілігін, қызығушылығын, бейімділік дәрежесін ескере отырып, оқушы зеректігін максимал көрсете алатын, бір-біріне тәуелсіз жеке өздігінен білім алу. Жеке дара түрлері: дараланған, индивидуальді-жұптық.

В.К. Дьяченко [9] оқытуы ұйымдастыру формаларын төртке жіктеген:

- 1) жеке,
- 2) жұптық,
- 3) топтық,
- 4) ұжымдық түрде жіктеп көрсеткен (Кесте 4).

Кесте 4. Оқытуды ұйымдастырудың түрлері.

Жеке	Жұптық	Топтық	Ұжымдық
Басқалармен байланыссыз жеке оқу жұмысы. (Оқушы-кітап, оқушы-дәптер, оқушы-мұғалім)	Сынпта жұптық жұмысқа қатысушылар тұрақты болады, біреуі сөйлейді, қалғаны тыңдайды. (Оқушы-оқушы, мұғалім-оқушы).	Ортақ тақырып бойынша бір оқушы сөйлейді, оны бірнеше оқушылар тыңдайды. (Оқушы-оқушылар).	Әр бір оқушы кезекпен ұжымның әртүрлі мүшелерімен жұмыс істейді және керісінше, барлығы әрбір оқушымен жұмыс істейді. (Оқушы-оқушылар, оқушылар-оқушылар).

«Фронталь» ұғымы француз тілінде «frontal» – «маңдай» деген мағынаны білдіреді [10]. Фронталь – қарсыластырып отырған мәселелердің алдыңғы жағына, маңдайына бағыттау яғни фронтальды шабуыл, өнерде көрерменге бет бұру, ал анатомияда бойынша маңдайға жақын, бетіне параллель орналасқан фронтальді, сагиттальды, көлденең жазықтыққа перпендикуляр бағыттау дегенді білдіреді.

Жұптық – жұптық жұмысты көбінесе жұптағы өзіндік жұмыс түрі.

«Жеке» латын тілінде «individuus» – «бөлінбейтін» деген мағынаны білдіреді [11]. Жеке деп, бір ғана адамға тән қасиеттері, белгілері, шығармашылық ерекшеліктері сияқты өзіндік белгілермен сипатталады.

Қазіргі уақыт талабына сай сабақта қолданылатын оқытуды формасы А.В. Хуторский [12] үшке жіктеп көрсеткен:

- 1) жалпы сыныптық немесе фронтальды,
- 2) топтық (топ мүшелері 3-тен 5-ке дейін бригадалық немесе звенолық),
- 3) жеке (бір оқушы).

Бірінші жағдайда – мұғалім сыныптың барлық оқушыларымен бір уақытта жұмыс істейді.

Екінші жағдайды – сыныпта бірнеше оқушы тобы жұмыс істейді яғни әрбір шағын топты оқушылардың біреуі оқытады.

Үшінші жағдайда – әр оқушы жұмысты жеке түрде, ешкімнің көмегінсіз орындайды. Бірақ, мұндай жіктеу толық емес.

Қорыта келгенде, Оқытуды ұйымдастыру формалары сабақта кездесетін олқылықтарды толтыруға көмектеседі. Себебі, әр оқушының белсенділік іс-әрекетін ынталандырады. Жұптық жұмыс көршілердің қатысуымен жүзеге асырылады. Сондықтан, бастапқыда оқушыларды отырғызу кезінде бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасай алатындай білім сапасына, дайындық деңгейіне назар аудару қажет. Сонымен, бастауыш сыныпта оқытуды ұйымдастыру формаларын қолдану барысында фронтальды сабақ топтық жұмыс түріне жатады. Бастауыш сыныпта барлық оқушылар бірдей жұмыс орындаса, онда мұндай сабақ түрін фронтальды деп есептеледі. Себебі, сабақта әр оқушы жеке, бір-бірінен бөлек, тіпті мұғалімнің көмегінсіз жұмыс істейді. Бастауыш сыныпта оқытуды ұйымдастыру формасының мазмұнына байланысты жеке дара жұмыс: ана тілінен мазмұндау, диктант жазу, бақылау, есеп шығару және т.б. түрлерін жақсы меңгеріп, орындай алады. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың танымдық қабілетін қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгертуге ықпал ететін оқытудың формаларын тиімді ұйымдастырып, қолданы білу – бастауыш сынып оқушыларына сапалы білім беруде маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – Астана, 2007. – 126 б.
- 2 Энциклопедия мировой биографии Я.А. Коменский, 2-е изд. – М., 1998. – 268 с.
- 3 Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұнының тұжырымдамасы. – Астана, 1997. – 136 б.
- 4 Хуторской А.В. Современная дидактика. – М., 2001. – 544 с.
- 5 Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. – Алматы, 2004. – 218 б.
- 6 Гудлэд Д. Вот что называется школой. – М.: Просвещение, 2009. – 562 с.
- 7 Цукерман Г.А. Виды общения в обучении. – Томск: Пеленг, 1993. – 268 с.
- 8 Чередов И.М. Формы учебной работы в средней школе. – М.: Просвещение, 1996. – 225 с.

9 Дьяченко В.К. Общие формы организации процесса обучения: Актуал. проб. теории и практики обучения. – Красноярск: Изд. Краснояр. ун-та, 1984. – 185 с.

10 «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақстан энциклопедия, 1998. – 465 с.

11 Ожегов С.И. Педагогическая словарь. – М.: Русский язык, 1989. – 924 с.

12 Хуторской А.В. Современная дидактика: Учебник. – М.: Изд. Центр Академия, 2001. – 299 с.

ҒТАМР 19.01.33

СТОРИТЕЛЛИНГ ЖАҢА МЕДИАТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ

А.Р. Кожамуратова

Turan University, Алматы қ.

Күн сайын кәсіби медиа әлемге жүздеген сағаттық контент шығарады. Адам өмір бойы гипотетикалық түрде тұтынуы мүмкін уақыттан гөрі материал әлдеқайда көп. Медиамен қатар, әлеуметтік желілері бар коммерциялық брендтер аудиторияның материалдарға назары үшін күресуде.

Өз жұмысының сапасын арттырып, аудиторияның назарын аудару үшін қандай қиындықтармен күресуге тура келетінін қазіргі интернет-журналист түсінуі керек.

Ең алдымен, бұл ақпараттан шаршау. Ақпаратқа оңай қол жетімділіктің арқасында қазіргі адам бәрін естісе де ештеңені қабылдамайды. Журналиске өз тұтынушысын контент мазмұнына сендіріп қана қоймай, ақпараттық шу мен аудиторияның назарын аудару өте қиын.

Екінші қиындық – шектеулі назар. Қазіргі тұтынушыға динамикасы жоқ мақаланы оқып шығуға немесе динамикасы жоқ бейне сюжетті көруге шыдамдылығы жетпейді.

Келесі қоңырау – сандық ортаның жоғары «жиілік шуы». Мұнда айқын мысал ретінде интернетті алсақ болады, себебі онда тек интернет-БАҚ қана емес, сонымен қатар басқа бағдарламалар, жалпы кез келген контент-мейкер тұтынушының назарына таласады.

Әрі қарай – «фрагментация мен персонализация» мәселесі [7]. Тұтынушы ресурсқа өзінің жеке құрылғысынан браузердегі «поиск» арқылы емес, нақты мақсаттар мен талаптарды біле отырып, тікелей нұқу арқылы кіреді. Ол өзін қызықтыратын материалдың қажетті үзіндісін ғана оқиды, яғни ол мақаланы толықтай оқуға мақсат қоймайды.

Осылайша, мұндай жағдайда ақпаратты іздеу, оны филтрлеу мен түсіндіру, фактілерді тексеру, материалды шебер беру, жасалған өнімнің медиатұтынуын бағалау журналистің маңызды құзыретіне айналады.

Сторителлинг бүгінде брендті дамытудың коммуникациялық әдісі ретінде де пайдалынатын ақпаратты берудің жаңа технологиясы ретінде қалыптасты.

Бүгінде сторителлингтің теориялық негіздерін жасауға аз ғана жұмыс арналған. Fog, K., Budtz, C., Yakaboylu, B., Blanchette, S. «Storytelling: branding in Practice» сторителлингін жасауға арналған жалғыз кітап бар, онда осы тақырып бойынша жаңа кейстер ұсынылған. Ол практиктер мен студенттерге арналған

тәжірибешілермен жазылған, корпоративтік баяндауды енгізудің қарапайым құралдарымен толтырылған. Сторителлингті құру бойынша басқа да жұмыстар бар, бірақ олардың барлығы жалпы ұсыныстарды ғана айқындайды, ал сторителлингтің ерекшелігі бойынша ғылыми материалдар өте аз.

Біз алдымен брендинг және сторителлинг ұғымдарын, олардың өзара байланысын анықтайық. Бренд – сатушының өнімдері мен қызметтерін анықтайтын атау, белгі немесе символды білдіреді. Брендинг (branding: brand+building) – бұл өнімнің немесе қызметтің тұтас және тұтынушы талап ететін имиджін жасауға бағытталған дәйекті іс-шаралар кешені.

Сторителлинг (story + telling) – әңгімелеу арқылы ақпарат таратып, мән-мазмұнды жеткізетін пайдаланатын медиа-маркетингтік әдіс.

Брендинг – бұл мақсат, ал сторителлинг – мақсатқа жетудің құралы. Сторителлингтің күші – бұл клиенттермен тиімді байланыс орнатуға көмектеседі. Брендингтен сторителлинг пайда болады десек болады, ал сторителлингтен – сауда тобы (тұтынушылар, компания қызметкерлері). Соңғысы брендингпен байланысты, өйткені ол оның құрамдас бөлігі болып табылады.

Сауда тобы – сторителлинг бағытталған барлық адамдар. Тұтынушылардан басқа, бұл сторителлинг арқылы брендтің құндылықтарын толық білетін және олардың өнімділігі мен жұмысқа деген ынтасын арттыратын компания қызметкерлерін жатқызсақ болады [8, 48 б.].

Тарих құндылықтарды оқырман оны бірден түсініп, өз проблемаларын таба алатындай етіп жеткізеді. Ол адамның эмоцияларын ашады, сондықтан ол тиімді. Тарих өнері болмыстың хаосын реттеуге және өмірдің мәнін түсінуге тырысатын адамзат үшін шабыттың негізгі көзіне айналады. Әңгімелер адамның өмірлік тәжірибесін түсіну қажеттілігін қанағаттандырады. Роберт Макки «Миллион долларлық әңгімеде» жазғандай, «Бұл тек интеллектуалды жаттығу ғана емес, сонымен бірге өте жеке, эмоционалды тәжірибенің бөлігі» [5, 17 б.].

Сонымен, берік және сенімді бренд нақты және айқын құндылықтар мен тұтынушымен эмоционалды байланысына негізделген. Енді баяндау элементтеріне өтуге болады.

Сторителлинг компания мен тұтынушы арасында белгілі бір «көпір» салумен айналысады. Бизнес қауымдастықтары үшін сторителлингтің түсініктемесінде былай делінген: тұтынушылардың жүректеріне жол ашатын әңгіме жазу керек. «Тарихты айту» компания үшін нені білдіреді? Тарих компанияның корпоративтік брендімен тығыз байланысты. Тарихтың жеткізу компанияның барлық бөліктерін біртұтас организмге байланыстырады немесе орталық жүйеге біріктіреді.

Негізгі мәселе – бұл идеяны ұзақ уақыт бойы ойнайтын стратегияда сақтау. Тарих біздің кім екенімізді және не өндіретінімізді шешеді. Бренд тұрақты құндылықтарға ие болуы керек. Күшті бренд – бұл фактілер мен эмоциялардың үйлесімі, өйткені адамдар «жүрекпен» сатып алады. Алдымен

тұтынушыға қажет өнімді жасау керек, содан кейін оны брендпен байланыстыру керек.

Сонымен, компанияның тарихын айту корпоративті брендпен байланысты. Оқиға компанияның сыртқы және ішкі әрекеттерін бағыттап отырып, компас ретінде әрекет етуі керек. Тұтынушы компанияның құндылықтарын көпшілікке қол жетімді етсе, содан кейін олардың іс-әрекеттерінде көрініс тапса, ол осы брендке сенім қалыптастырады [8. С. 50].

Компанияның сапалы және тиімді тарихын жазу белгілі бір дағдылар мен білімді қажет етеді. Мұнда біз кез келген баяндауды құрайтын элементтерін талдаймыз.

Біріншіден, баяндаудың басы, ортасы және соңы, сөзбен айтқанда құрылымы болуы керек. Баяндау элементтері әр түрлі өнімдерде әр түрлі болады, бірақ бір қарағанда байқалмаса да барлық кезде болуы керек.

Екінші – бұл эмоциялар. Мұнда негізгі сұрақ туындайды. Сомен баяндау эмоцияны туындату үшін не істеу керек? Бұл өте маңызды сәт. Тарих тек энергия болған кезде ғана жұмыс істейді. «Ішкі энергия» [6], ол біздің назарымызды кернеуде ұстайды. Дәл сол эмоцияны тудырады, көрерменді тарих әлеміне тартады және керемет әсерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Драматургия туралы арнайы әдебиеттерде бұл энергия – драма энергиясы деп аталады. Бұл энергияны келесі компоненттердің көмегімен алуға болады:

Хабар. Бұл оқиғаның тақырыбы немесе идеясы нақты тұжырымдалуы керек. Бұл орталық моральдық және идеологиялық көзқарас, хабарламаны дәлелдеу, соның арқасында оқырман түсініп, оған көз жеткізеді.

Кейіпкер. Сюжетте белгілі бір белгілерді алып жүретін кейіпкер болуы керек және әңгіме дамитын әрекеттерді орындауы керек. Кейіпкер адам болуы міндетті емес. Кейіпкердің орталық қақтығысын шешу оқиғаның мақсатын анықтайды – кейіпкер оған жетеді немесе жетпейді. Оқырман өзін кейіпкермен және оның проблемаларымен байланыстыру керек. Тарихтары ұқсас көрінуі керек.

Жанжал. Баяндауда қақтығыс болуы керек. Ол баяндаудағы қозғаушы күш. Адам табиғаты тепе-теңдікке ұмтылады, егер ол бұзылса, адам оны қалпына келтіруге тырысады. Өзгеріс пен қорқыныш жанжалдың негізі болып табылады. Сторителлингте жанжал теріс емес, ол дұрыс пен бұрысты қабылдауға негізделген. Ашық аяқтау – бұл клиентті ойландыратын күшті құрал.

Сюжет. Жанжалдағы кейіпкер осы жанжалды шешуге, белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған әрекеттерді жасай бастайды. Бұл қозғалыстан әңгіме қалыптасады. Қозғалыс сызықтық болмауы керек. Оқиғалардың кезектесуі қажет, олардың контрасты, кейіпкерді «бақыттан бақытсыздыққа» экстремалды түрде ауыстыру керек [4]. Егер тұтынушы осы оқиғалар мен тәжірибелерде өзін тапса жақсы. Оқиғалар тізбегі оқырман қызығушылығын жоғалтпауы үшін нақты құрылымға ие болуы керек.

Қорытындылай келе, сторителлингтің негізгі элементтері: хабарлама, кейіпкер, жанжал, сюжет. Бұл элементтер энергиямен қаныққан қызықты оқиғаны жасауға мүмкіндік береді. Мұндай оқиға маркетингтің күшті қаруы.

Сторителлингке арналған материал – бұл эмоциялармен безендірілген компанияның өмір тарихы. Сіз бұл оқиғаларды компанияның бас директорының өмірбаянынан іздей аласыз. Оның жолы немесе кейбір әрекеттері бүкіл компанияны бейнелеуі мүмкін. Сіз онымен брендке деген құштарлық туралы сөйлесе аласыз, компанияның негізін қалауға барасыз, оның фирмасының қалыптасуына әсер еткен негізгі кезеңдер, оқиғалар туралы біле аласыз, жетістіктер мен сәтсіздіктер туралы сөйлесе аласыз (терең дағдарыста көп күш жұмсалады). Мақсаты: эмоционалды материалды табу. Сондай-ақ, сіз одан өнім туралы біле аласыз: оның идеясы қалай жасалды, ол қалай болды және неге.

Директордан басқа, Сіз компанияның қызметкерлерінен (жаңа және ескі), бренспен және оның эволюциясымен таныс тәуелсіз адамдардан материал іздей аласыз.

Компания туралы серіктестері, клиенттер, бизнес саласындағы қоғамдық пікір көшбасшылары жақсы материал бере алады.

Бұрынғы қызметкерлер қызықты ақпарат береді: сіз олармен орындалған жұмыстың сапасы, олардың осы брендке қарызы және адал «қызмет етуі» туралы сөйлесе аласыз.

Пайдаланушының назарын аударуға көмектесетін бірнеше ережелер:

1 ереже. Тақырып/лидтердің материал мазмұнына сәйкестігі.

2 ереже. Мәтін «бірден» берілуі керек.

Лид пен мәтіннің басталуы арасында үлкен фотосуреттерді орналастырудың қажеті жоқ. Мазмұнмен танысу неғұрлым тез басталса, оқырманның кетпеу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

3 ереже. Блоктарға бөлінген мәтін.

Мәтінді құрылымдау дегеніміз – оны тараулардағы кітап сияқты кішкентай семантикалық блоктарға бөлу. Құрылым жинақылық сезімін тудырады, яғни оқу оңай болады.

4 ереже. Өтпелі тақырыптар.

Мақаладағы тақырыпшалар – бұл оның тезистік жоспары. Олар оқырманға мәтінді көзімен қарауға, мақаланың не туралы екенін түсінуге және оның қай бөлігін оқуды таңдауға мүмкіндік береді. Мен қызықты бөлігін таптым – оқуға тереңірек үңілдім. Бұл қызықсыз болды – келесі тақырыпшаға көштім жүйесі. Бұл оқырманның уақытын үнемдейді, ал оқырманға оның уақытын құрметтегені ұнайды.

5 ереже. Қысқа абзацтар.

Шамамен он жолдан тұратын абзац «терлеу» керек мәтін ретінде қабылданады: ойынды жинақтап, ұзақ уақыт бойы түсіну қажет секілді. Қысқа блоктар визуалды тұрғыда жеңілірек қабылданады. Сіз оларды тез игере аласыз деген сезім бар. Оқырман абзацтың бірінші жолдарына көз жүгіртеді. Сондықтан негізгі идеяны блоктың басында шығару керек.

6 ереже. Монотонды емес орналасу.

Монотонды мәтін оқырманның ішін пыстырады, ол оған енгісі келмейді. Сіз негізгі оймен дәйексөздер мен фреймдерді бөліп, мультимедияны енгізе аласыз.

Сондай-ақ, интерактивті элементтерді пайдалануға болады: жүгірткі болуы, интерактивті суреттер, суретті нұқу арқылы егжей-тегжейлі кеңестер, таймлайндар, тесттер/викториналар/сауалнамалар пайда болған кезде.

7 ереже. «Мәтін – сурет – мәтін – сурет» орналасуы.

Монотонды мәтін іш пыстырса, суреттерді қарау бәріне қызықты. Мәтін мен кескінді ауыстыру қажет.

Баяндау тыңдаушыға эмоционалды әсер етеді. Сатып алу туралы шешім әрқашан эмоционалды қабылданады. Тарихты қолдана отырып, біз қосымша ұтымды сілтемені айналып өтіп, сатып алушының эмоцияларына тікелей жүгінеміз. Сонымен қатар, қызықты оқиғаны адам ұзақ уақыт бойы есінде сақтайды. Егер біз брендтің танылуын қаласақ, тарихын айту керек, ол адамдардың есінде қалады. Егер біз өз тарихымыздың адам есінде қалуын қаласақ:

1. Оқиғаның ықтимал аудиториясын зерттеу.

2. Оған не ұнайтынын түсіну.

Аудиторияның не оқып жатқанын, неге оны «ұнатады», неге «репост» жасайды және оған назар аударатынын түсіну керек. Мақалада қандай эмоционалды хабарлама бар, мұндай реакцияның себебі неде?

3. Өз брендіңізді зерттеңіз, негізгі ұғымдарды, ерекшеліктерді, оның басқа брендтерден айырмашылықтарын түсініңіз.

4. Бизнес иесімен бірге ортақ идеяны қалыптастыру. Бұл фактілер мен эмоциялардың дұрыс үйлесімі болуы керек, өйткені адамдар «жүрекпен» сатып алады.

5. Әңгіме оқырман оны бірден түсініп, өз проблемаларын таба алатындай болуы керек. Тарих адамның өмірлік тәжірибесін түсіну қажеттілігін қанағаттандырады.

6. Тақырыптарды пысықтау. Тақырып спикер болуы керек. Ол қызығушылық тудыруы керек және мақаланың тақырыбын арандатусыз және оның мәнін бұрмаламай белгілеуі керек. Түрлендіру үшін сандармен тақырыптар жақсы жұмыс істейді.

7. Құрылымын анықтау.

Баяндау элементтері әр түрлі өнімдерде әр түрлі болады, бірақ олар бір қарағанда байқалмаса да әрқашан болады.

8. Ақпарат көздерін білу. Сторителлингке арналған материал – бұл эмоциялармен безендірілген компанияның өмір тарихы. Сіз бұл оқиғаларды қызметкерлердің өмірбаянынан іздей аласыз, мысалы.

9. Бағалау – бұл қызықты ма, оған тұрарлық па? Егер жоқ болса, қайтадан өңдеу.

10. Авторлық стильде қызықты мәтін жасаңыз.

11. Қызықты тақырыптарды, медианы қолдана отырып, материалды дұрыс жариялау.

12. Монотондылықтан аулақ болыңыз.

13. Оқырман нені және қандай ретпен көретінін ойлаңыз. Материалды ұсыну әр түрлі болуы керек.

14. Бірлік.

Бір дизайнды қолданыңыз және блоктар арасында үлкен шегіністер жасаңыз. Ауа дем алуға мүмкіндік береді. Мәтінге үлкен орын бөлінген кезде ол ашылады және жеңіл оқылады.

15. Жинақылық.

Оны дизайнмен және түсімен асыра алмаңыз – стильдердің көптігі назар аударады және ақпаратты игеруге кедергі келтіреді.

16. Платформаны мұқият таңдаңыз.

17. Таратыңыз.

18. Нәтижелерді талдау.

Сторителлинг жарияланғаннан кейін біздің қолымызда нәтижелер, қателер және сәтті шешімдер туралы көптеген пайдалы ақпарат болады. Бұл болашақта сторителлингті тиімді қолдануға көмектеседі.

Барлық ақпаратты қорытындылай келе, сторителлинг – бұл ақпаратты беру және әңгімелеу арқылы қажетті мағыналарды табу құралы. Бұл субъектіден талап етілетін іс-әрекетке тиімді ынталандыруды қамтамасыз ету үшін әңгімелеу арқылы ақпарат беру және мағыналарды тарату мақсатында медиа-әлеуетті қолданатын маркетингтік әдіс. Бұл сізге негізгі жетістіктер туралы ақпаратты сақтауға, жүйелеуге және жеткізуге, қарым-қатынасты жалғастыруға және субъектінің адалдығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сторителлинг түсінікті және қарапайым кеңестер арқылы әсер етеді. Адамдардың санасына әсер етеді, оларға қажетті ойларды шабыттандырады, қатыстылықты қалыптастырады, жоспарланған реакция мен кейінгі мінез-құлықты тудырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. – М.: Архитектура-С, 2012. – 386 б.

2 Арнхейм Р. Кино как искусство. – М.: Архитектура-С, 2012. – 208 б.

3 Арнхейм Р. Новые очерки по психологии искусства [Текст] / Р. Арнхейм. – М.: Архитектура-С, 2014. – 352 б.

4 Викулова Е. Визуальный сторителлинг. Основные элементы [Электронды ресурс]. – URL: <http://visualstorytelling.ru/2016/07/29/vizual-ny-j-storitelling-osnovny-e-e-le-menty/>.

5 Симмонс А. Сторителлинг. Как использовать силу. пер.А. Анвара. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2012. – 272 б.

6 Паранько С. Как новые медиа изменили журналистику. [Электронный ресурс] – URL: <http://newmedia2016.digital-books.ru>.

7 Fog K. Storytelling: Branding in Practice [Text] / K. Fog, C. Budtz, B. Yakaboylu, S. Blanchette. – Luxembourg: Springer, 2006. – 254 p.

8 Leborg C. Visual grammar [Text] / C. Leborg. – New York: Princeton Architectural Press, 2003. – 96 p.

9 Manovich L. The Language of New Media [Text] / L. Manovich. – Cambridge, Mass.: MIT Press. – London, 2001 – 335 p.

ГРНТИ 16.01.33

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ СОБСТВЕННЫХ НАИМЕНОВАНИЙ В СФЕРЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СОВРЕМЕННОМ РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Г.К. Текеева

*Ст.преп., Алматинского университета энергетики и связи имени Г.Даукеева,
г. Алматы*

Статья посвящена изучению собственных наименований в сфере информационных технологий в русском языке. В настоящее время компьютерные программы являются самыми востребованными на рынке труда. Данная работа позволяет определить основные тенденции развития русской лексики в сфере IT-технологий. Основными критериями, которые используются при оценке названий продуктов, являются лингвистические критерии. Значение изучения новообразований в языке возрастает в связи с общим развитием человеческой культуры и в связи с поступательным развитием лингвистической науки.

Ключевые слова: Язык программирования, IT-технология, бренд, нейминг, лингвистический критерий.

Всем известно, что в современном мире огромное значение имеет информация. Без нее трудно ориентироваться в ситуации и осуществлять правильные решения. Однако, сведения не могут существовать сами по себе. Та или иная информация может быть получена, сохранена и использована только с помощью каких-то средств и методов. Одно из самых удивительных занятий нашего времени – программирование. Повелителей компьютеров называют программистами. Они знают слова языков программирования, которым подчиняются компьютеры, и в дальнейшем они объединяются в компьютерные программы. В настоящее время они являются самыми востребованными на рынке труда.

Технический прогресс в сфере информационных технологий все больше завоевывает свои позиции в мире. Сфера IT-технологий – это стремительно развивающаяся область современной науки и техники. Появляются новые программы, новые термины, новые продукты.

Как придумать название нового продукта? Многим, скорее всего, может показаться, что нет ничего проще. Но это не так. У любого товара, который вы

приобретаете в магазине, есть свой бренд. Под брендом подразумевают имя продукции. При упоминании такого имени сразу представляется конкретный продукт. Для человека, живущего в 21 веке главные символы – это бренды.

Значение слова «brand» по англо-русскому словарю Мюллера определяется как «клеймо, тавро, марка, фабричная марка, которая отпечатывается в памяти, производит впечатление». Она должна вызывать у потребителя положительные эмоции, а значит в дальнейшем этот продукт будет раскупаться в торговых магазинах.

Процесс создания торговой марки начинается с нейминга. Что же такое «нейминг»? Нейминг (от английского «to name» – «называть, давать имя») – это наука создания успешных названий. Несомненно, выбор имени бренда является очень важным, ведь именно название бренда произносят, пишут, оно у всех на слуху. В экономической среде, где потребности ориентируются на бренды, нейминг играет неоспоримо-важную роль.

Нейминг – это создание имени, слова. Названием может стать словарное слово, неологизм или сочетание слов, которое создает новый образ. Имя марки может быть русским, иностранным или традиционным. В ходе создания наименования продукта, каждая идея обсуждается, оценивается ее будущий рекламный потенциал. Свое мнение высказывают не только копирайтеры, но и маркетологи, дизайнеры, психологи. Помимо своего прямого лексического значения, эмоциональной и стилистической окраски, слова обладают также своеобразной историей (этимология), структурой (морфология), эстетикой (благозвучность, графичность, внутренняя ритмика). Все эти характеристики следует учитывать при создании имени бренда [1].

Основными критериями, которые используются при оценке названий продуктов являются лингвистические критерии:

- Фонетический критерий. Слово должно легко произноситься, соответствовать звуковому строю конкретного языка.
- Лексикографический критерий. Имя бренда должно состоять из одинакового количества знаков, в независимости от используемого алфавита (для обеспечения стабильности зрительного восприятия бренда).
- Семантический критерий. Особенности значения, присущее конкретному слову.
- Ассоциативный критерий. Содержание наименования должно вызывать ассоциации, вызываемые данным словом.

Пожалуй, самыми распространенными были имена, которые либо вызывают определенные ассоциации, либо содержат информацию о продукте во внутренней форме слов. Менее часто встречаемые техники названия связаны с фонетическими особенностями слова (как правило, звукоподражание) и заимствованиями из других языков (чаще английского). К этой группе, которую мы назвали ассоциативной, относятся слова, реально существующие, используемые в обычной речи, и, как правило, мы можем установить какую-то опосредованную связь с продуктом и его названием.

Например, компания Oracle Corporation является вторым в мире по объемам поставщиком программного обеспечения. Она поддерживает самый популярный в мире язык программирования Java. Главной задачей компании является помощь клиентам в достижении их бизнес-целей. Брендинг ИТ-компании направлен на построение имиджа успешной и процветающей компании. Также программирование на Java используется для разработки игр, научных приложений (к примеру, для обработки естественного языка) и т.д. Изначально язык программирования назывался Oak (русс. Дуб) и разрабатывался Джеймсом Гослингом для бытовой электроники. На тот момент он назывался Oak («Дуб»). Почему «Дуб»? Просто потому, что за окном рабочего кабинета Гослинга росло это дерево. Одновременно с этим набирал популярность интернет, для которого новый язык программирования подходил лучше всего. Через некоторое время новый язык переименовали на логотип Java. Назван в честь марки кофе Java, любимого программистами, поэтому на официальной эмблеме языка Java изображена кружка с кофе. В отношении произношения в русском языке, как и в ряде других, образовались две различные нормы – заимствованная англоязычная и традиционно-национальная «Ява», соответствующая традиционному произношению названия острова Ява.

Следующая категория названий связана с мифологией, сказками, поговорками, песнями, литературой. Язык Python представляет популярный высокоуровневый язык программирования, который предназначен для создания приложений различных типов. Это и веб-приложения, и игры, и настольные программы, и работа с базами данных. Довольно большое распространение питон получил в области машинного обучения и исследований искусственного интеллекта. Слово «питон» происходит от латинского слово «pŷthon» и греческого слова 'πύθων', оба относятся к «змею убит, о котором говорили, что его называли Пифий в ознаменование его победы рядом Delphi к Аполлон согласно мифу» [2]. Python имеет англоязычный синтаксис, что существенно упрощает чтение и понимание кода. Можно сделать вывод, что часто в качестве названий брендов выбираются слова, которые вызывают приятные воспоминания из детства, либо это всем хорошо известные поговорки и выражения.

При создании имени определяется ряд коммуникативных задач. И.А.Ляпнева в статье «Системный подход в нейминге» обращает наше внимание на такие основные моменты:

Язык бренда. Нужно определить в какой стране или странах будет «жить» данный бренд, на каком языке он будет передавать потребителю ту информацию, которую в него вложили разработчики. Отметим, что слово может вообще ничего не значить.

Язык конкурирующей продукции. Важно знать, какие названия используют конкуренты, какую идею они выражают через эти наименования, какие ассоциации вызывают. Знать и, руководствуясь этими знаниями, создавать имя, которое могло бы предложить потребителю нечто большее, лучшее.

Язык соответствующей отрасли. Очевидно, что в каждой сфере бизнеса и производства имеются соответствующие традиции названия. Это язык отрасли, на котором она «общается» с потребителем. И здесь лучше говорить на том языке, к которому покупатель привык и который ему понятен [3].

Эмоциональный фон слова. Фонетика отдельных звуков создает «эмоциональный фон» слова – подсознательно воспринимаемый образ. Его можно определить с помощью компьютерного фоносемантического анализа, выявляющего качественно-количественные оценки характеристик любого звука. Чем больше качественных характеристик выражено в слове, тем большим влиянием на подсознание оно обладает. А значит, тем лучше оно запоминается.

Работа над каждым отдельным названием для компании – уникальна и неповторима. Конечным результатом этого процесса является создание и последующее продвижение торговой марки продукта или услуги.

Литература

- 1 Шмелёв Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики (на материале русского языка). – Москва: Наука, 1973. – 280 с.
- 2 Зализняк А.А. Многозначность в языке и способы её представления. – М.: Языки славянских культур, 2006. – С. 46-56.
- 3 Ляпнева И.А. Системный подход в нейминге // Рекламные технологии. – 2004. -№ 5.
- 4 Айзенберг М.Н. Менеджмент рекламы. – Москва: ИнтелТех, 2003. – 80 с.
- 5 Шихов И.В. Нейминг в брендинге.// Экономический журнал. -2005. – № 20.
- 6 Дымшиц М.С. Манипулирование покупателем. – М.: Омега Л, 2004, – 252 с.
- 7 Мокшанцев Р.И. Психология рекламы: учебное пособие. – Москва: ИНФРА-М, 2011. – 232 с.
- 8 Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. – Москва: Мир и образование, 2003. – 944 с.

ҒТАМР 16.21.21

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.М. Аминова

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Бұл мақалада тілдің функционалдық және коммуникативтік қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік ортада тілдік қатынасты жүзеге асыратын жеке тұлғаны дамытудың ғылыми негіздері қарастырылады. Қазақ тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының жазудағы функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда әлі күнге дейін қиындықтар кездеседі. Оқушыларының жазудағы функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы кездесетін қиындықтардың шешу жолдарын іздестіру, зерттеу барысы, орфографиялық дағдыны қалыптастырудың маңызы сөз етіледі.

Түйін сөздер: қазақ тілі, бастауыш сынып, орфографиялық дағды, функционалдық сауаттылық, жазу әрекеті, жазбаша сөйлеу, орфограмма.

Қазақ тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының жазудағы функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда әлі күнге дейін қиындықтар кездеседі. Бұл қиындықтардың шешу жолдарын іздестіру, зерттеу қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдысын дамыту өзектілігін айқындайды. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің міндетті стандартында: «Оқушылардың тілдік сауаттылығының негіздерін БМ (бастауыш мектеп) қалыптастырады. Оған «Әліппе», «Қазақ тілі» деп аталатын пәндер атсалысады. Яғни МНС (мектептің негізгі сатысы) да берілетін тілдік теориялық білімдерді меңгерудің алдын ала дайындығын МНС-та басталады» – деп көрсетеді [1].

Оқушылардың орфографиялық сауаттылығы – бұл тарихи даму барысында мектеп алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. «Жазу әрекеті» – әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Көптеген ғалымдар зерттеу нысандарына қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Лингвист-ғалымдар жазу әрекетінің тілдің ара қатысын сөз етеді, психолог жазу әрекетін жалпы ми арқылы өту үрдісін, жүру бағытын зерттейді. Икемділік пен дағды білім мен тәжірибеге негізделеді. Олай болса, сөйлеу әрекетінің өзі тілдік құралдардың жұмсалуды болады. Сондықтан тіл дамытудың негізгі тіл туралы

білімді, яғни лингвистикалық білімді игеру қажет. Сөйлеу әрекетіндегі дағды мен іскерлікті психологтар мен педагогтарды сөйлеу әрекетіндегі шығармашылықпен (қолдану) қабілеттілігі (немесе сөйлеу әрекетін игеруі) деп түсіндіреді. Ал, қабілеттілікті: тілдің негізінде ойды жеткізе алу қабілеті әрекет ету бағдарламасын лайықты тілдік құралдарды пайдалана білу қабілеті, ойын қалыптастырып, оны тұжырымдап айтып не жазып беру қабілеті деп бөледі. Міне бұл жерде сөйлеу әрекетінде сөйлеу іскерлігі қалыптасуына тілдік құралдың, тілдік құрылысы мен заңдылықтары және оның нормалары туралы білімнің қажеттілігін айқын аңғаруға болады.

Қазақ тілін, оның орфографиясын тиімді де нәтижелі оқыту үшін әдістеме ғылымының негіздеріне сүйенетініміз белгілі. Бүгінде әдістеме ғылымы өз алдына зерттеу нысаны, ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері бар дербес ғылым болса, оның даму, қалыптасуы А.Байтұрсынов, Ш.Х.Сарыбаев, Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, С.Жиенбаев, С.Рахметова, Н.Оразбаева, Б.Құлмағамбетова, Х.Арғынов, Ә.Исабаев, Ә.Әбілқасымов, т.б. сияқты әдіскер-ғалымдарының есімдерімен тығыз байланысты. «Әдістемедайын рецепт те емес, әкімшілік нұсқау да емес, тек педагогикалық кеңес, жол-жоба» болғанымен [2], «тілдік материалдарды практика жүзінде белгілі оқушыларға саналы түсіндіріп, меңгертудің бірден-бір дұрыс жолын үйрететін және оны зерттеп, тексеретін дидактикалық маңызы зор ғылым», «пәнді терең меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдердің жүйесі, мәні және қалай оқыту туралы ғылым», «қазақ тілінен берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игертудің жолдары, шарттары туралы ғылым» ретінде бағаланады.

Орфография – бұл біртұтас жазу жүйесі. Ал жазу жүйесі міндетті түрде тілдердің рухани және материалдық мәдениетінің өркендеуіне ықпал етеді. Өйткені көптеген мәдениет қайраткерлері жазудың сауатты болуын және оқырманның мәтінді жеңіл түсіне білуін талап етті. Ал, Ф.Оразбаева: Жазбаша сөйлеу «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді деп есептейді. Сондай-ақ, жазбаша сөйлеу тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарымқатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі әрекет екендігін көрсетті [4]. Жазбаша сөйлеу біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлеу әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұны – мағынасына ғана емес, нұсқасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады. Алфавит пен орфография ережелерінің бірізге түсуіне А.Ысқақов, М.Балақаев, Ә.Ермеков, С.Қирабаев, Т.Жанұзақов т.б. ғалымдар ат салысып, газет беттеріне мақалалар жариялады. Мәселен, орфография дегеніміз – әдеби тілдегі сөздерді оның грамматикалық

формаларын бірыңғай жазу жөніндегі ережелердің жинағы – дей келіп, А.Ысқақов негізінен жобадағы күрделі сөздердің жазылу ережесін қостады [5, 3 б.]. «Қазақстан мұғалімі» газетінде «Орфографияның бірер ережелері туралы» деген мақаласында профессор М.Балақаев: «Орфография жалпыға ортақ, оның ережелері бірізге түсіп, әбден қалыптаспайынша, жалпыхалықтық тіл нормасын жасау, әдебиет тілінің еркін дамып, қалыптаса беру процесін тездету, жалпыға ортақ орфографиялық норма жасау, мектептерде тіл сабағын оқытуды дұрыс жолға қою мүмкін емес» – деп тұжырымдады [6].

Сауатылықтың негізі мектептен қалыптасатындықтан емлені оқытуға ғалымдар ертеден-ақ көңіл бөліп келеді. Оған Ш.Сарыбаевтың, Ж.Шакеновтың еңбектерінің кейбір әдістемелік нұсқаулар мен ғылыми мақалаларды атауға болады. Морфологиялық ұстаным біріккен сөздердің, қос сөздердің, қысқартылған сөздердің және күрделі емлесін белгілейді – дей келіп, орфографияны үйрету әдісін меңгеру үшін, алдымен, оны әдістемелік жақтан топтастырып алуды ұсынады. Атап айтқанда:

1. *Түсіндіру емлесі.* Мұғалім жазылуы қиын сөздерді жазып көрсете отырып түсіндіреді. Түсіндіру емлесінде оқушылар көру сезімін де, есту қабілетін де қарастырады.

2. *Көздік емле.* Мұғалім жазылуы қиын сөздерді күн ілгері жазып қояды, оқушылар оқып көзі қанған соң мәтін тасаланады, оқушылар оған қарамай жазады.

3. *Жат жазу.* Орфографиялық жағынан талқыланған сөзді оқушылар өз беттерімен жазады.

4. *Аралас жазу.* Онда әрі емлелік, әрі шығармашылық қасиет бар. Сондықтан оны аралас жазу дейді. Яғни орфографияға қатысы бар әңгіме жатқа жазылады.

5. Әдейі қате жазылған сөзді мұғалім оқушыға беріп, оны түзеттіреді.

6. Орфографиялық сөздікті пайдалану. Мұғалім жазылуы қиын сөзді тақтаға жазып, оқушыларға сөздіктен іздетеді [7, 5 б.]. Дұрыс жаза білуге дағдыландыру үшін оқушы әрдайым өтілген ережелерді еске түсіріп, оны орынды жерде қолдана білу мүмкіндігіне ие болу керек. Демек, емле ережесін игеру орфографиялық сауаттылықтың негізі болмақ.

Мектепте орфографияны оқыту жұмыстары грамматикалық материалдармен байланысты бірнеше бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыт тілді игеру, оның заңдылығын, құрылысын, жүйесін т.б. игеру, яғни теориялық білім беру. Екінші бағыт – қолдану жүйесін, ойды беру тәсілдерін, қарым-қатынасты пайдалану жүйесі т.б. игеру, яғни тәжірибелік білім беру. Бұл екі бағыт қабаттаса да бір-бірімен байланысып оқыту үдерісінде іске асырылады. Бірінші бағытта мектептегі оқу пәндерімен қатар, тіл заңдылығы мен құрылысы, жүйесі туралы білім беретін тіл мен әдебиет пәндері арқылы жүзеге асырылады. Олар тіл мен әдебиет теориясын білім мен дағды бере отырып, оқушының жеке басын дамытады, ол нәтижеде тілінің ойының дамуына әкеледі. Ал, екінші бағытта тілдік құралдардың қолдану жүйесін, ойды беру мен қарым-қатынас жасау тәсілдерін игеруде сауатты жазу, яғни орфография саласы болып

маңызды рөл атқарады. Тілдің қызметі қатысымдық болса, онда оқушылардың тілін дамыту қарым-қатынас қызметімен бірлікте қарастырылады. Сондықтан қарым-қатынас жасау барысында А.А. Леонтьев сатылы жүйенің бар екендігін ескертеді: қарым-қатынастың жағдаятын болжамдау, жоспарлау, даярлау, орындау, бақылау және бағалау. Ал осы кезеңдері тілдік құралдармен өрнектегенде бірінші кезеңде мақсатты белгілейді, яғни жеткізбекші пікірлерді ойша болжамдайды. Ол пікірді қалай жеткізудің тәсілдерін ойластырады яғни тілдің сөз, сөйлем т.б. бөлшектерін тандайды да соны мазмұн арқылы жарыққа шығарады. Сондықтан да тіл дамытудың лингвистикалық негізі тілдің құрлысы туралы білім болып табылады.

Қорыта келе, барлық оқу пәндері сияқты, қазақ тілі грамматикасы да тілдік ұғымдардың жүйесінен жасалады. Соған орай грамматиканың әрбір бөлімі мен тарауы, тақырыбының өздеріне тән атаулары мен ұғымдары бар. Мәселенің мәні біріншіден, оқушылардың оқыту үдерісінде тілдік ережелерді жете түсініп, меңгеру болса, екіншіден, сол грамматикалық ұғым-түсініктерді тиімді амал-тәсілдер арқылы түсіндіру, үшіншіден, әрбір тілдік ұғымдардың өзіндік мен жалпы белгілерін ажырата білуге шәкірттерді машықтандыра отырып, орфографиялық сауаттылықты тіл материалдарының ереже негізінде қалыптастыру. Сондықтан оқушылардың тілін дамыту жұмысында мұғалімдердің қызметі көрнекті орында тұрады. Ал оған педагогикалық жағдай туғызу оқушылардың сөйлеу дағдыларының дұрыс қалыптасу үдерісіне әсер ететін құралдарды таңдау немесе әдістемелік әдіс-тәсілдерін байыту сияқты мәселелер келіп шығады. Оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастыруда жаттығу жұмысын дұрыс ұйымдастырудың екі жағы бар: біріншіден, оқушылардың сауатын дамыту жұмысының негізін, жүйесін, мазмұнын, көлемін, түрін және оны ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін анықтау; Екіншіден, сауатты жазу барысында оқушылардың қызметін ұйымдастыруға байланысты икемділік пен дағды беретін әдіс-тәсілдерді, жаттығу жұмыстарын, тапсырмалар жүйесін жасау, ал бұлардың барлығы жазбаша мәтіннің сауаттылықпен орындалуына жету [8]. Оқушылардың орфографиялық дағдысын қалыптастыра оқытудың негізгі бағыттарының бірі – қатынас тілін дамытуда емле ережелерін сақтау. Оған мынадай міндеттер қойылады:

– Ойын жеткізу мақсатында тіл құралдарының құрылысы, мазмұны бойынша жұмыс (арнайы жаттығулар, диктанттар орындау барысында, мазмұндама мен шығармаға дайындық кезінде);

– Біліктілікті қалыптастыру мен дамыту;

– Орфограммаларды айқындау, оның ережесін игеру;

– Сауатты жазуда икемділік, дағдыларын қалыптастыру.

Дағды – алғашқыда саналы орындауды қажет ететін әрекеттің жаттыға беру нәтижесінде автоматты қалыптасуы болып есептеледі. Сондықтан дағдыға айналған әрекеттер санадан тыс болмай әрекет өнімділігін арттырады. Ол үшін жаттықтыру керек. Сондықтан оқушылардың сауатты жазуын қалыптастыру үшін дидактикалық талаптар: оқытудың ұстанымы, әдіс-тәсілдері, тәжірибелік жұмыстар жүйесі анық белгіленуі тиіс.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады. Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы, 2002.
- 2 Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, 1993.
- 3 Әбілқасов А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
- 4 Оралбаева Н., Абылақов Е. Қазақ тілі. – Алматы, 1987.
- 5 Ысқақов А. Алфавит пен орфография ережелерінің жобасы туралы. // Қазақстан мұғалімі. 1953, 28-ақпан.
- 6 Балақасов М. Орфографияның бірер ережелері. // Қазақстан мұғалімі, 1953, 6-наурыз.
- 7 Сарыбаев Ш.Қ. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1959. – 98 б.
- 8 Жапбаров А. Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылымиәдістемелік негіздері. – Шымкент, 2011.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

SRSTI 82.13.01

MECHANISM OF MANAGEMENT OF INVESTMENT AND INNOVATIVE PROJECTS

A.N. Baikadam

Master of humanities, Astana

The present article represents introduction to the organizational mechanisms of management of projects – procedures of acceptance administrative decisions, based on development and the analysis of the mathematical models of organizational management of projects. General information about management of projects is given in the present article. Including – classification of projects; specifics of management of portfolios of projects in the organization. Such sections of the theory of management of projects, as are briefly described: calendar and network planning and management, «methodology» of management projects, information management systems projects.

Key words: project, investment, innovation, mechanism of management, management of projects, investment-innovative projects.

The project is the purposeful change of separate system limited in time with the established requirements to quality of results, a possible framework of an expense of means and resources and the specific organization. Construction of the house, start of the person in space, writing of the book, creation of new firm, updating of the production equipment, carrying out scientific conference – all these examples of projects [1].

Classification of projects. For convenience of the analysis of projects and control systems of projects the set of various projects can be classified by various bases. The system of classifications on [2] is given below:

Project type: technical, organizational, economic, social, educational, investment, innovative, research, educational, mixed.

Project class. Depending on scale (as its increase) and degrees of interdependence allocate different types of purposeful changes.

Project duration: short-term (till 3 years), medium-term (from 3rd to 5 years), long-term (over 5 years).

Complexity of the project: simple, difficult, very difficult.

Management of projects. Under the management of projects (MP), it agrees [3], we will understand set of processes on planning, coordination and control of works for realization of the purposes of projects taking into account restrictions on

resources, the budget and requirements of quality. In a broader sense management of projects is understood as application of knowledge, practical experience, tools and methods for satisfaction of needs of interested persons of the project.

Management of projects submits to accurate logic which connects among themselves various fields of knowledge and processes of management of projects. First of all the project surely has one or several purposes. We will understand as the purposes further not only the end results of the project, but also the chosen ways of achievement of these results (for example, the technologies applied in the project, a control system of the project).

The policy of management of investment projects in the Republic of Kazakhstan represents rather important and difficult section of some kind of financial management. The decisions made in this area, of course, are intended first of all for the long periods of time.

In principle investment activity and, respectively, policy of management of investment projects, in a varying degree, is anyway inherent in any state.

Today each economic entity in our republic has the right to dispose of the capital independently: where, when, how many and on what conditions to put the available resources, so and independently to count the sizes of future income from realization of this or that option of investment [4].

Besides private investors the Kazakhstan state which cardinally changed the principles of granting the centralized resources also is interested in the correct assessment of investment appeal of projects.

All investment projects and programs which are carried out for the account or with participation of financial means of the republican budget, demanding the state support, realized with attraction of the foreign credits under guarantees of the government of the Republic of Kazakhstan are subject to the state complex examination. By results of consideration of documents the expert opinion containing an assessment of economic, technical, financial and social aspects of the investment project (program), and also conclusions about expediency of its realization and participation of the state in investment prepares.

Investment projects can be estimated in various ways, but when using any of them (except ecological, social and some other) it is important to know the level of the income which will be provided by investments and the size of additional profit. Practically all methods of an assessment of investments are based on comparison of profitability of invested funds in various projects.

There are nevertheless certain simple rules of adoption of administrative decisions investment projects: 1) at high sensitivity and low level of reliability of the forecast for success of the investment project carry out a repeated inspection of calculations, at the average level of reliability attentively trace all deviations from calculated parameters and make a constant control at high reliability of forecasting of success of the investment project; 2) at average sensitivity, the low and average level of reliability of the forecast it is recommended to trace deviations, the high level of reliability – it is possible to establish and forget; 3) at low sensitivity and the same

level of forecasts still there is a need to control deviations of parameters, and at average sensitivity and high level of reliability – also to establish and forget.

Process of management of the innovative project includes all its main stages, since the research works (RW) and finishing with development (commercialization) in the market. This process begins practically with the moment of creation of an intellectual product (innovation) from which else it is necessary to create an innovation, having taken place a long way: development, design, protection of intellectual property, feasibility study on the project, business planning, search of resources: financial, material, human, temporary, then search of the investor and the conclusion of the cooperation agreement with it [5]. Further ensuring carrying out all stages of marketing, production preparation, release and sales of products, the organization of a network of the marketing and serving organizations, the organization of control of financial streams, management of social processes, risk management and many other things is necessary. The time interval of the innovative project is usually limited year after a payback period of investments, while duration of life cycle of an innovation significantly more long.

It is necessary to emphasize special complexity and responsibility of management on stages of innovative process in connection with the huge probable risks accompanying this process.

All innovative project can be subdivided into three large parts (stages) [6]: 1) the design; 2) the production; 3) commercialization. Each of stages of innovative process possesses the specifics of management.

We will consider them consistently. The design stage includes scientific researches (fundamental and applied) and developmental works. Besides, as the major annexes to RKD the prototype and the protocol of its tests which is usually coordinated with the customer of the project serve (if such is available) or special service of supervision (as, for example, in health care or in an energy drink).

Management at a design stage demands from the manager of erudition in the sphere of science, ability to be guided in modern methods of researches, to know the main normative documents, standards used at design, infrastructure of control, supervision and the approval of documentation, registration of specifications.

During the same period as we remember, the first efforts on marketing are necessary, and here the manager has a special responsibility before future production: on what volumes of production he will be able to agree with potential consumers, and volumes of the bought raw materials, materials, accessories, the equipment, etc. will become such. And after all at this stage it is necessary to persuade consumers practically «blindly» as production realized in the future can significantly differ from prototypes, and advertizing of goods still is practically absent. Therefore this stage of marketing is connected with especially large risk. For decrease in such risk the manufacturing organization is usually integrated with the organization consumer, forming an elementary cluster. And decrease in risk of deliveries of raw materials, materials and other for production, as we know, can be reached, forming clusters with the organizations suppliers.

The production stage of management begins with technological preparation of production and comes to an end with preparation of production for sale. The Technological Preparation of Production (TPP) – the stage on which the condition of all future production depends, can be compared it to preparation of army for decisive battle. In the period of Chamber of Commerce and Industry the production technological process (TP) defining each operation, the equipment, performers, labor costs, the network schedule of works with definition of a critical way, the plan of implementation of communications, quality control of products, the plan of deliveries and the plan of sale is developed.

Management during production has a number of specific features:

1) the manager has to know TP, i.e. know each workplace, own the main skills of production;

2) the manager has to provide uninterrupted operation and stability of production: to exercise planning and control of logistics of each workplace, to promote stable communicative relations within TP;

3) the constant duty of the manager in work with the personnel is a maintenance of high level of motivation on labor productivity increase.

The stage of commercialization includes not only sale and product sales, but also commercial transactions on sale of rights to use intellectual property. At this stage the strengthened marketing campaign begins. Considering that production isn't known for the market and the consumer, it is necessary to organize and launch a wide advertizing campaign expenses on which can include a considerable share in the investment sum and then from the income from realization of new production.

Marketing activity at this stage includes: packing, transportation, coordination of price for products, warehousing, storage, stockpile management. The last is defined by optimization of volumes of production in warehouses for a covering: sudden demand, unforeseen stop of production, interruptions in deliveries of raw materials, materials or accessories. Special requirements in the modern market are imposed to quality of packing, its appearance, design, appeal to the consumer and at the same time reliability when transporting. It is necessary to remember that packing is «small advertizing» of production: on it can take place as the image of goods, its characteristic, and requisites of the producer, his trademark. As a rule, modern large manufacturing enterprises have own shops and stations of service (guarantee) service.

References

- 1 Burkov V.N., Novikov D.A. How to operate the projects. – M.: Sinteg, 1997.
- 2 Balashov V.G., Zalozhnev A.Yu., Ivashchenko A.A., Novikov D. A k. Mechanisms of management of organizational projects. – M.: To yip of the russian academy of sciences, 2003.
- 3 The arch of knowledge of management of projects (PMBOK) / Eng.trans. – M.: PMSOFT, 2000.

4 Kudereev N.Zh. Increase of a role of management of investment projects in the Republic of Kazakhstan. – M.: Buki-Vedi, 2013.

5 Innovative management: Studies. a grant/ Under the editorship of L. N. Ogoleva. – M.: INFRA – M, 2002.

6 Miller Ch., Thomas B., Roeller M. Innovation management processes and sustainable iterative circles: an applied integrative approach. – Journal of Work-Applied Management, 14 Feb 2020.

7 B.Stošić, R.Milutinović. Key Issues to Improve Innovation Project Excellence. – Published: 30 Aug 2017.

ҒТАМР 06.77.64

ҚАЗАҚСТАНДА ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Е.Қ. Меңлібаев

Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі, Астана қ.

Мақалада халықты жұмыспен қамтуды басқарудың жаңа мүмкіндіктері туралы жазылған. Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы еңбек нарығына тез әсер етуде. Оның салдарынан еңбек күшіне сұраныс азайып, нарықта жұмыссыздар саны көбеюде. Екінші жағынан цифрландырудың арқасында жаңа кәсіби мамандықты игеру жеңілдеді. Онлайн оқу платформалары арқылы білім алып, әлемнің үлкен алпауыт компанияларына жұмысқа тұруға жол ашылды. Осы ретте, жұмыссыздықты басқаруда мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шараларға мониторинг жүргізілді. IT технологиялардың арқасында білім алудың мүмкіндіктері туралы зерттеліп, алда атқарылатын шаралар туралы мәліметтер ұсынылды.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, жұмыспен қамту, цифрландыру, жұмыссыздық, білім беру.

Бүгінгі күні әлемде экономикалық, технологиялық, әлеуметтік, экологиялық және саяси сипаттағы жаһандық жағдайлардың салдарынан, еңбек нарығының дамуына ықпал ететін елеулі өзгерістер орын алуда.

Жаңа технологиялардың пайда болуы қарқынды жүруде. Жасанды интеллект, үлкен деректер, роботтандыру қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Нәтижесінде еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болуда. Бағалау бойынша, Қазақстанда алдағы 5-10 жылда экономиканың 9 саласы бойынша 239 жаңа кәсіптің пайда болуы күтілуде. Ал, 95 мамандық қандай да бір түрге өзгереді. Бұл ретте, Қазақстандағы жұмыс орындарының 52%-ы, ЭЫДҰ елдерінде орташа алғанда – 47%-ы автоматтандырудың жоғары немесе елеулі тәуекеліне ұшырайды. Сондықтан жаңа заманға сай дағдыларды дер кезінде игеру еңбек нарығындағы бәсекелестікті арттырады.

Жұмыспен қамтудың стандартты емес түрлерінің өсуі байқалады. Ашық дереккөздердегі мәліметтерге сәйкес, 10 жыл ішінде әлемде цифрлық еңбек платформаларының саны 5 есе өсті. Платформалық жұмыспен қамту көптеген адамдар үшін ақша табудың және кәсіби дамудың негізгі тәсіліне айналууда. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының кәсіпорындардан жиналған деректеріне сәйкес азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша

жұмыстарды орындайтын адамдардың саны жыл сайын артуда. 2017 жылмен салыстырғанда мұндай жұмыскерлер саны 2021 жылы 176,9 мың адамға дейін ұлғайып, 40%-ды құрады. Қазақстанда әлеуметтік-еңбек саласының дерекқорын талдау негізінде бүгінгі күні ресми түрде 300 мыңға жуық фрилансер жұмыс істейді.

Жақын болашақта демографиялық өзгерістер еңбек нарығына қосымша жүктеме жасайды. Мәселен, жыл сайын 300 мыңнан астам адам еңбекке қабілетті жасқа жетеді. Осыған сәйкес, жұмыс орындарын құруды қолға алып, нарықта қалыптасқан жаңа жағдайларға байланысты батыл шешімдер қабылдау маңызды.

Қазіргі таңда жұмыс орындарын ашу шаралары ұлттық және инвестициялық жобалар, өңірлерді дамыту, шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыру бағдарламалары аясында іске асып жатыр.

Бұл ретте, Қазақстанда еңбек нарығын дамытудың басты бағыты – жаңа жұмыс орындарын құру. Осыған байланысты 2022 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмасына сәйкес «Еңбек нарығын дамытудың 2025 жылға дейінгі кешенді жоспары» әзірленуде. Кешенді жоспарды іске асырудың барлық кезеңінде 2 млн-нан астам жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Жақында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йоркке барған сапары аясында Coursera компаниясының басшысы Джефф Маджионкалден кездескен болатын. Одан кейін Skills Enbek қазақстандық платформасы мен Coursera ірі халықаралық білім беру платформасы Қазақстанда онлайн оқытуды дамыту жөнінде әріптестікке қол жеткізді. Бұл бастама еліміздегі еңбек нарығына сәйкес білікті мамандар даярлау, білім сапасын көтеру және адам капиталын дамыту үшін маңызды болмақ.

Coursera – сапалы білім мен қазіргі өмірге қажет дағдыларды кең тарату мақсатында әлемнің алдыңғы қатарлы 275 университеті мен технология алыптарын біріктіретін, дүние жүзіндегі ең ірі білім беру ұйымы.

Жыл сайын Coursera платформасы арқылы әлемнің 200 елінде 100 миллионнан аса адам білім алады. Қазіргі таңда платформада 6 мыңнан аса курс, 700 мамандық, сондай-ақ, жобалық оқытудың 3 мыңнан аса ресурсы бар.

Алдағы 3 жылда 100 мың қазақстандық студенттің Coursera платформасында оқуына мүмкіндік беру жоспарлануда. Студенттер қазақ және орыс тілдеріне аударылған Coursera курстарын таңдап оқи алады.

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінде «Кәсіби біліктілік туралы» заң жобасы қаралуда. Оның аясында жастардың білімін, дағдыларын бағалайтын сертификаттау институты іске қосылады. Енді жастар дипломы болмаса да, сертификат алып, жұмысқа орналаса алатын болады. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, бүгінде жұмысқа орналасқан кезде жұмысшының дағдыларын (*іс-тәжірибесі мен біліктілігін*) растайтын сертификаты маңызды рөл атқарады.

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ хабарлауынша елімізде электрондық еңбек биржасы базасында бірыңғай цифрлық экожүйе немесе басқаша айтқанда, жұмыспен қамту саласындағы онлайн қызметтер супермаркетін құру жоспарлануда. Бұл экожүйе азаматтарды кәсіби жолында: мамандық таңдаудан бастап еңбек қатынастарын ресімдеуге дейінгі қызметтерді іске асырады.

Электрондық еңбек биржасы базасының негізгі қызметі, ол жұмысқа орналастыру жөніндегі enbek.kz бірыңғай цифрлық алаңы. Оған еліміздегі барлық 205 жұмыспен қамту орталығынан, 44 жеке жұмыспен қамту агенттігінен және 5 онлайн жұмыспен қамту алаңынан бос жұмыс орындары туралы ақпарат жарияланады. Бұл алаңда азаматтар өзіне қажетті жұмыс орындарын, ал жұмыс берушілер – өздерінің талаптарына сәйкес келетін мамандарды іздей алады.

Жұмыспен қамтудың цифрлық инфрақұрылымындағы тағы бір жаңалық HR Enbek платформасы – жалдамалы жұмысшылардың еңбек жолын цифрлық есепке алу алаңы болды. Бүгінде платформаны 272 мыңға жуық жұмыс беруші пайдаланады, бұл елдегі барлық жалдамалы қызметкерлердің 63%-ын қамтиды.

Порталдың көмегімен электронды еңбек шарттарын жасау мүмкіндігі бар, осылайша қызметкерлер автоматты түрде электронды еңбек кітапшасын да толтыра алады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияның арқасында басы артық құжаттар мен анықтамаларды жинамастан, жұмыскерлердің жеке істерін автоматты түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Платформа бизнеске электронды кадрлық іс жүргізуді тиімді жүргізуге, қызметкерлерді жалдау кезінде шығындар мен деректерді бұрмалау тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ, жұмыспен қамтудың цифрлық экожүйесінің маңызды элементі Business Enbek платформасы болып табылады. Ол бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар алу үшін: өтініш беруден бастап гранттың өзін алғанға дейінгі барлық процестері толық автоматтандырылған. Құжаттар электрондық форматта ресімделеді. Қазіргі уақытта 12 мыңнан астам өтінім мақұлданған.

Болашақта мамандықтар бойынша цифрлық жол сілтегіштің іске қосылуы күтілуде. Ізденуші белгілі бір маманның не істейтінін, ол үшін қандай білім қажет екенін, орташа жалақы мөлшерін, еңбек нарығындағы осындай кадрларға деген қажеттілік туралы ақпаратты көре алады. Бұл мамандықпен одан әрі мансап таңдау алдында азаматтарымызға, оның ішінде жастарға жаңа бағдаршам болмақ.

Жалпы, елімізде халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын басқару механизмі жылдам дамуда. Олар нормативтік-құқықтық құжаттарды қабылдау және оған өзгерістер енгізу, цифрлық технологиялардың көмегімен мамандық таңдау, біліктілігін жетілдіру, бос жұмыс орындарын іздеу, жұмысқа орналасу тетіктері жеңілдетілуде. Аталған процестерді автоматтандыру еңбек ресурстарын мемлекеттік басқаруда болуы ықтимал тәуекелдерді алдын ала

анықтап, оңтайлы шешімдер қабылдауға, сондай-ақ жаңа жоспарлар құруға мол мүмкіндік туғызып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.
<https://www.stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/6>.

2 Еңбек ресурстарын дамыту орталығы. <https://iac.enbek.kz/kk>.

3 «Қазақстанның еңбек нарығы жаңа реалия жағдайындағы даму» ұлттық баяндамасы. 2021 ж. <https://iac.enbek.kz/kk/node/1180>.

ГРНТИ 06.75.02

НЕОБХОДИМОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ И МЕХАНИЗМОВ УПРАВЛЕНИЯ ПРОМЫШЛЕННЫМИ ПРЕДПРИЯТИЯМИ И ОРГАНИЗАЦИЯМИ НА ТЕРРИТОРИИ СНГ

М.А. Рахымбердиева

Ст.преп., Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз

В статье рассмотрены современные методы и механизмы управления промышленными предприятиями и организациями. Рассмотрена необходимость введения инновационных форм управления в сфере бизнеса и проанализированы основные особенности ведения бизнеса в современных условиях. Проведено сравнение возможных интеллектуальных механизмов (координационных, вспомогательных и т.д.). Выявлены сложности их внедрения в промышленных предприятиях и возможности их преодоления.

Ключевые слова: механизмы управления, организационная деятельность, эффективность производства, бизнес, современные системы управления.

Современные методы и механизмы управления промышленными предприятиями и другими организационными структурами предлагают серьезные инструменты, позволяющие ускорить развитие общества.

Вслед за внедрением механизмов управления, может измениться и поведение человека: незаинтересованные и пассивные работники станут более трудолюбивыми, а трудолюбивые загорятся огнем самосовершенствования. Механизмы управления позволяют изменить отношение сотрудников к работе: заставить человека рационально использовать умственные, физические, материальные и временные ресурсы, эффективно использовать оборудование; применять наиболее эффективные средства производства, использовать современные информационные компьютерные методы и технологии для анализа и обработки информации.

Чтобы оценить прелесть введения умных механизмов стоит понимать особенностями ведения бизнеса в современных условиях:

- увеличение оборота информации.
- конкуренция рыночной экономики требует полную отдачу от каждого сотрудника

– неформальные институты (неписанные «правила игры» неформальные отношения) начинают доминировать над формальными, поскольку первые обладают большей гибкостью и обеспечивают адаптацию к нестабильной, изменчивой среде

– необходимость применения более современных промышленных технологий.

Управление промышленными предприятиями и организациями становится все более сложной задачей, поэтому для ее решения невозможно использовать традиционные методы. Для того чтобы повысить эффективность управления промышленными предприятиями и завоевать место на рынке, требуется набор соответствующих методов, которые можно назвать методами современного управления. Среди них наиболее важными являются:

– стратегические методы разработки – кратко – средние и долгосрочных приоритетов;

– методы комплексного анализа динамики показателей промышленных предприятий по сравнению с конкурентами;

– методы и модели для улучшения адаптации промышленных предприятий к постоянно меняющимся условиям ведения бизнеса;

– методы совершенствования производственной логистики, ориентированной на растущую динамику рынков конечной продукции;

– методы и приемы оценки внешних факторов, которые влияют на компанию сильнее, чем вариации внутренних факторов;

– методы формирования современной структуры компании с акцентом на повышение гибкости управления персоналом, предоставление различных видов ресурсов, эффективный маркетинг и т.д.;

– методы и технологии создания информационно-компьютерной структуры компании, ориентированные на управление их компьютерной информационной системой, стратегическое управление, а также оперативное управление и контроль специального программного обеспечения для подготовки и принятия управленческих решений владельцами и менеджерами промышленных предприятий.

Обоснование необходимости реализации этих положений, а также их содержание представлены в работах [1, 3]. Очень важной составляющей повышения эффективности управления в любой компании является проблема управления проектами, разрабатываемыми промышленностью или другими организациями с учетом интересов различных заинтересованных сторон [2].

Сравнение современных механизмов управления.

Современные механизмы управления можно сгруппировать в определенные группы. Вот некоторые основные примеры таких групп:

1. Координационные механизмы.

Механизмы координации предполагают повышение эффективности путем доверия к сотрудникам. Сотрудники выполняют обязательства или планы и представляют собой реальную информацию о результатах работы без приукрашиваний. Тут важно чтобы сотрудник понимал, почему предоставление

реальных цифр является для него более верным решением, чем завышение результатов. Таким образом, основополагающий принцип координационных механизмов заключается в том, что реализация плана должна максимизировать полезность сотрудников.

Примером можно привести застой экономики СССР в 1970-е из-за идеологии SOFE (Система оптимального функционирования экономики). Суть этой идеологии заключалась в том, что сначала необходимо было разработать оптимальный экономический план на основе так называемых двойных оценок Л.В. Канторовича, всемирно известного академика. КАК оказалось, данные планы не отвечали интересам самих компаний и приводили к ыбткам в долгосрочной перспективе. После этого вперед вышел SOCFE (Система оптимального скоординированного функционирования экономики)

Системы скоординированного планирования были внедрены на нескольких предприятиях Казахстана в качестве эксперимента в 1980-ые годы. Идеология SOCFE была очень близка к рыночной экономике: если компания разрабатывает выгодный план, она будет придерживаться его или менять в случае убыточности. Концепция была хорошей смесью плановой и рыночной экономики. К концу 1980-х годов идеология SOCFE была разработана, протестирована и готова к массовому внедрению, но так и не получила возможности войти в широкое применение [4].

2. Вспомогательные механизмы.

Вспомогательные механизмы разрабатывают рекомендации для лица, принимающего решения. Существует два типа вспомогательных механизмов: пассивные и активные консультанты. Пассивные консультанты не несут ответственности за эффективность своих рекомендаций (например, рост или падение цен акций или курс валют). В случае активных консультантов проводится сравнение эффективности рекомендации консультанта с решением лиц, принимающих решения. Обычно консультант должен провести некоторое время в пассивном наблюдение и предоставляет результат спустя несколько месяцев.

3. Механизмы развития.

Механизмы развития стимулируют развитие промышленных предприятий (снижение издержек, внедрение инноваций и т.д.).

Примером может послужить механизм оценки деятельности должностных лиц и менеджеров, способствующие повышению эффективности сфер, за которые они отвечают, и инновационного развития в частности. Как не сложно догадаться, слово оценка идет наряду со словом мотивация. Если, например, ведомство, за которое отвечает менеджер, повысило свою эффективность, то это заслуживает поощрения (вне зависимости от его формы). Механизм оценки деятельности необходим также для борьбы с коррупцией. В итоге с одной стороны будет эффективная работа с материальным (премия, акции) или моральным вознаграждением (награды уровня работник года, лучший менеджер, сертификаты, медали). С другой стороны, есть коррупционный доход с издержками в виду угрозы тюремного заключения,

конфискации имущества. собственности и общественное осуждение. Таким образом, все, что нужно, – это сделать так, чтобы первый подход победил второй, и коррупция не будет прибыльной [5].

Квота недоверия.

Хотя полезность применения любого из данных механизмов (или их комплекса) явно приведет к повышению эффективности деятельности предприятий и позволит успешно конкурировать с мастодонтами рынка и реализовывать свои самые амбициозные планы, возникает вопрос – почему так мало предприятий и организаций используют их на практике? Для этого есть несколько причин:

1. В связи с социально-экономической нестабильностью в мире, колебанию валютных курсов, сложности определения стратегических приоритетов и неуверенность в будущем ориентация руководителей промышленных предприятий нацелена на решение краткосрочных задач, игнорируя возможные долгосрочные последствия.

2. Недоверие к консалтинговым компаниям и многим научным разработкам, так как за период 1990-2010-х годов многие попытки внедрения на промышленных предприятиях в виду различных обстоятельств не позволили достичь значительных положительных результатов;

3. Отсутствие достаточного количества образованных и открытых к новому специалистов, способных справиться с задачами внедрения современных методов и механизмов управления.

Вывод. Полезность современных методов и механизмов управления не подлежит сомнению, но встречает много преград на пути. Для успешного внедрения современных методов и механизмов управления и эффективного ведения проектной деятельности на промышленных предприятиях необходимо в первую очередь обеспечить высочайшее качество подготовки персонала как в высших учебных заведениях, так и на различных крупных промышленных комплексах с использованием опыта иностранных успешных предприятий. Стоит также принять как факт, что невозможно достичь успеха с первой попытки и на пути к успеху возможны издержки и провалы. Бояться подобного – значит сторнировать в развитии.

Литература

- 1 Бурков В., Новиков Д. Теория активных систем (история развития и современное состояние). Проблемы управления. 2009.
- 2 Каплан Р., Нортон Д. Организация, ориентированная на стратегию. – Москва: Олимп-Бизнес, 2004. – 416 с.
- 3 Новиков Д.А. Механизмы управления (Умное управление). – М.: УРСС, 2011. – 192 с.
- 4 Бурков В.Н., Коргин Н.А., Новиков Д.А. Введение в теорию управления организационными системами: Учебник. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009.

5 Мэннинг Н. Реформа государственного управления: международный опыт: Пер. с англ. / Н. Мэннинг, Н. Парисон. – М.: Весь Мир, 2003. – 496 с.

ҒТАМР 06.91

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІП САЛАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ

Д.М. Айкупешева

*Аға оқытушы, э.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана қ.*

А. Хасен

*Студент, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана қ.*

Қазіргі қоғамда жастардың білімге құштарлығы, жаңа идеяға бейім екендігі және соның ішінде шағын кәсіп ашуына қызығушылықтары мол екендігін айқын көрсетеді.

Түйін сөздер: Жастар, білім, біліктілік, шағын бизнес, кәсіпкерлік, мекеме, бәсекеге, қор.

Егемен еліміз демократия жолымен алға жүріп, әлемде өзіне лайықты орын алуы үшін еңбектеніп келеді. Бүгінде жастарымыз қоғамның ең белсенді бөлігі ретінде жоғары кәсіпкерлік әлеуетке ие және инновациялық идеяларды дамыту мен шағын бизнестегі жаңа компанияларды құру, қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын енгізу арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға қабілетті.

Қазіргі жаһардану заманында Қазақстан Республикасы – жастардың білім мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. Осы тұста оқыған мақаладан мына бір сөзін айта кетудің орны ерекше: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында терінді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екенінді ұмытпа» және де «Еліміздің келешегі жастардың қолында» деген сөзі жастарымызға қандай жауапкершілік жүктеп отырғанын айқын көрсетеді [1].

Дегенмен, біздің елдегі жастардың кәсіпкерлік әлеуеті қазіргі кезде өте жоғары. Бұл ішінара жастардың өздерінің бизнесін ұйымдастырумен байланысты кедергінің жоқтығы, жаңа позицияны таңдауына ықпал етеді. Жастарымыз кәсіпкерлік саласында қажетті білім мен дағдыларға ие және шағын кәсіпорындарға қолдау көрсететін қолданыстағы мекемелердің мүмкіндіктері туралы шектеулі ақпарат алуда. Жастар білім алатын оқу орындары мен шағын бизнесті қолдау мекемелері де жастарды қолдау мәселесінде нақты бағыт ұстанып жатыр.

Жастардың кәсіпкерлік әлеуетінің толық қолдау, оның ішінде жастар арасында кәсіпкерлік қасиеттерді дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларының болуы, ал шағын кәсіпкерлікті қолдау мекемелерінің қызметі – жастар кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған.

Қазақстанның ірі қалаларында жастардың кәсіпкерлік әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін маңызды шарттарды анықтау болып табылады.

Шағын кәсіпкерлерге тән негізгі құндылықтар мен көзқарастар туралы, сондай-ақ табысты кәсіпкер және шағын бизнестегі табысқа жету факторлары туралы пікірлер негізінде студенттік жастардың шағын бизнестегі көзқарастарын анықтау. Шағын бизнес субъектілерінің жастардың кәсіпкерлік әлеуетін қалыптастыруға және жүзеге асыруға әсер етуі үшін білім беру бағдарламалары мен мекемелерінің мүмкіндіктері бағалауда.

Жастар кәсіпкерлік бастамаларын ынталандыруда осы ұйымдардың қызметін бағдарлауды күшейту мақсатында ірі қалаларда кіші бизнесті қолдау ұйымдарының жұмысын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру.

Қоғамның стратегиялық ресурсы болып табылатын жастар, қалыптасып жатқан өмір шындығын өзінше қабылдай және бағалай отырып Қазақстан пайдасы үшін қызметке қатысуға ұмтылады және бүгінгі таңда оларға қолдау көрсетуде мемлекеттің еңбекке қабілетті халқының арасында жастардың үлесін арттыру үшін осы қызметке жас ұрпақ потенциалын қосу керек. Алайда әлеуметтік-экономикалық үрдістерге қазақстандық жас ұрпақтың қатысу белсенділігі олардың экономикалық түрлі секторларында жұмыспен қамтылу мәселесіне байланысты. Сондықтан қазіргі уақытта аймақтық деңгейде жұмыспен қамту құрылымдарының қызметін бағыттау негізінде, жастарда жұмыспен қамтудың толық басқару жүйесін қалыптастыру үлкен роль атқарады. Осы тұрғыда жастардың, әсіресе, шағын және орта бизнес саласына тарту мен қолдау көрсетудің айрықша маңызы бар.

Жаһандық бәсекеге қабілетті – бизнес ортаны жақсарту және кеңейту. Осыған орай 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» қаулысының негізінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Даму» Қоры) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылған [2].

«Даму» Қорының Қазақстанда шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуде өте мол тәжірибесі бар. «Даму» Қорының бағдарламаларының қатысушыларының көпшілік бөлігі екінші деңгей банктерінде қаражаттарды шартталған орналастыру бағдарламаларының шеңберінде қаржылық қолдау алған. Қаражаттарды шартталған орналастыру бағдарламаларын іске асыру шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілерінің несиелері бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемелерінің жалпы деңгейін төмендетуде маңызды орын алды.

«Даму» Қорының міндеті – шағын және орта кәсіпкерлікті (ШОК) сапалы дамытуға жан-жақты қолдау көрсету, сонымен қатар Қазақстандағы операторлар мен интеграторлар болып табылатын ұсақ қаржыландыру ұйымдарына қаржылай, консалтингтік қызмет көрсету.

Қаржылық қолдау түрлері:

– аймақтар мен жекелеген салаларға арналған мақсатты бағдарламалар аясында екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдікпен несиелендіру, кішігірім кредиттеу ұйымдары арқылы кішігірім кредиттеу;

– субсидиялау – банктердің бизнесті дамытуға бөлетін несиелерінің сыйақы мөлшерлемесін азайту;

– кепілдендіру – банктер алдындағы кепілзаты жетпеген жағдайда жартылай кепілдеме беру;

Қорытындылай келе:

1. Жастарға қолдау көрсететін институттардың ұсынған мүмкіндігінің толық пайдалануын ескере отырып, басты мәселе, шағын бизнеске қолдау көрсететін ұйымдар мен олардың құзіреттілігі туралы ақпараттың, жеткілікті екендігін айтуға болады.

2. Шағын бизнесті қолдаушы институттардың өзара және өзге де жастармен жұмыс жасайтын ұйымдармен тығыз байланысы бар екенін көрсетеді.

3. Шағын кәсіпкерлікті қолдайтын әртүрлі ұйымдардың өкілдерінің пікірлерін қорытындылау нәтижесінде жастар кәсіпкерлігін дамыту саласындағы ағымдағы саясатты жетілдірудің басымдық бағыттары белгіленуі жүзеге асырылуда:

– Жас кәсіпкерлерді қолдаудың қолданыстағы механизмдері туралы жастардың ақпаратын қолжетімділігін арттыруы мол;

– Жастар ортасында шағын кәсіпкерлердің оң имиджін қалыптастыру жүргізілуде;

– Шағын кәсіпкерлік саласындағы білім беру бағдарламалары әзірленіп енгізілді;

– Жастар кәсіпкерлігін дамытуға ЖОО-лардың қызығушылығы арттыруда;

– Жастар бизнес жобаларын дамыту үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру болып табылады;

– «Тәлімгерлік» механизмі арқылы жастарға кәсіпкерлік тәжірибесін беру тетіктері өте жоғары деңгейде;

– Кәсіпкерлік жобаларды құру үшін жастар командаларын қалыптастыру тәжірибесі мол;

– Жастар кәсіпкерлігін дамытуға қоғамдық ұйымдарды белсенді тартуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазіргі қоғамдағы жастар ролі. <http://melimde.com/azirgi-ofamdafi-jastar-rol.html>.

2 «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту бойынша оқу құралы / «Атамекен» ҰКП. – Астана: «Шаңырақ-Медиа», 2018. – 250 б.

**ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ, ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК**

**ЮРИСПРУДЕНЦИЯ, ВОЕННОЕ ДЕЛО И
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**LAW ENFORCEMENT, MILITARY AND
SECURITY**

ГРНТИ 10.31.91

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС

К.Ж. Магдатова

Ст.преп., магистр, Карагандинский университет Казпотребсоюза, г. Караганда

Гражданский процессуальный кодекс РК устанавливает равенство участников процесса перед законом и судом. ГПК РК о личном законе при множественном гражданстве не распространяется на лиц, имеющих в качестве одного из гражданства – гражданство Республики Казахстан.

Ключевые слова: международный процесс, эффективного гражданства, принцип *lex fori*.

Сонымен, аталған еңбектерге шолу жасай отырып, ағылшын тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттырудың мынадай дидактикалық шарттарын ұсынамыз:

– оқушылардың жас ерекшелігі мен интеллектуалды қарымына сәйкес жоспар жасау;

– пәнаралық байланыстар негізінде оқу белсенділігін жандандыру;

– оқыту кезінде сабақтың мақсатына сай әдіс-тәсілдер таңдап алу;

– таңдалған әдіс-тәсілдердің оқушының тұлғалық ашылуына бағытталуы.

Аталған дидактикалық шарттардың оқулықтағы құрылымын талдап көрейік. Шет тілін үйрену қай жастағы адам үшін де қызықты, әрі күрделі процесс. Баланың қызығушылығын ояту үшін оған жеңіл әрекеттерден бастаған жөн. Жоспар құру кезінде осы ерекшеліктерді есте сақтау керек. Мәселен, 2-сыныптың ағылшын тілі оқулығында айтатын әндердің саны көп. «Welcome song», «Where is my teddy bear?», «If you're tired and you know it», «At our school» сияқты 20 шақты шағын өлеңдер бар [7]. Бұл оқушының сөйлеу машығын, сөздерді дұрыс айтуын, мағынасын түсінуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, жаңа сөздерді қолдана отырып жазылған комикстердің де оқу белсенділігіне әсері бар. Оқушы оқиға желісін түсініп, аяқталған бір сюжетті, картинаны көреді. Сурет арқылы шет тіліндегі оқиғаның желісін түсіну – олар үшін үлкен жетістік.

Ағылшын тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттыру үшін рөлдік және дидактикалық ойындардың мәні зор. Ойын кезінде барлық бала өзін тең ұстап, процестен ләззат алуды ғана мақсат тұтады. Педагог ойын элементтерін жаңа сөз үйрену, грамматиканы бекіту, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, т.б. үшін қолдана алады. Жас ерекшелігіне қарай ойын ұйымдастыру барлық оқушының оқу процесіне кірігіп, бір қозғалмалы жүйеге айналуын қамтамасыз етеді. Ойын формалары мен әдіс-тәсілдері алуан түрлі және оларды лексиканы үйренудің барлық кезеңінде қолдануға болады. Алғашқы кезеңде сөздерді есте сақтау процесін қызықты ету үшін қарапайым ойындарды таңдаған жөн. Ойын әдістері оқушылар арасындағы тілдік қарым-қатынастың абсолютті түрде болатынына ықпал етеді. Сол себепті жаңа сөздерді қорытындылау кезеңінде ойын элементтерін кіріктірген дұрыс. Жоғарыда атап өткеніміздей ағылшын тілін үйретудің озық әдіс-тәсілдері бар. Мәселен, 4-сыныпқа арналған Smiles 4 оқулығында Let's play деген баған бар [8]. Сабақ барысында ойын ұйымдастырып, жарыс өткізуге мүмкіндік бар. Оқулықты құрастырған кезде сыни ойлау, оқиғаларды

байланыстыру сияқты ойлау әрекеті ғана емес, физикалық әрекеттерді де қарастырған. Ағылшын тілі сабағында жиі ойын қолданатындықтан оқушылардың сабаққа қатысуы, кері байланыс беруі өте жақсы қалыптастып келе жатыр. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыратын тағы бір әдіс – пәнаралық байланыстар. Оқушы басқа пәннен алған білімін осы сабақта да қолданып, оны өмірде қолдануды үйренеді. Зерттеуші Г.К.Шолпанкулова «...пәнаралық байланыс – ғылымдар арасындағы интегративті фактор бола отырып, оқыту процесінің функциялары негізінде жеке тұлғаның гумандық қарым-қатынасты қалыптастырушылық қызмет атқарады» – дейді [9]. Оқулықтағы «Our world» бөлімінде ағылшын тілі жаратылыстану, математика, дүние тану пәндерімен байланыста болады. Бұл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Сабақ барысында педагог оқулықтан бөлек көрнекі құралдар мен жаңа технологияларды қолданады. Таңдалған әдіс-тәсілдердің оқушының тұлғалық дамуына бағытталған әдістерге диалогтарды алуға болады. Оқушы коммуникативтік акт кезіндегі барлық ережені сақтап, досымен әңгімелесу әдебін үйренеді.

Mark: So, What's today expedition?

Arthur: We must find these ten leaves and name the trees.

Mark: This should be easy. Let's do it! [8, 41 б.].

Осындай қысқа диалогтарды ағылшын тілін үйрену кезінде өте жиі қолданады. Ағылшын тілі сабағында кездесетін тәсілдің бірі – билеу. Басқа пәндерде кездесе бермейтін, пәннің құрылымына еніп кеткен дене қимыл-әрекетін қолдану оқу белсенділігін арттырады. Оқушылардың эмоционалды күйі реттеліп, сабаққа деген жақсы естелік қалады. Жаңа заманға сай цифрлы ақпарат құралдарын қолдану оқу процесінің сәтті ұйымдастырылуына негіз болып жүр.

Қорыта келе, оқу белсенділігін арттырудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолданып, біртұтас жүйе құрылу үшін дидактикалық шарттарды қолдану керек. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың зейінін шоғырландырып, сабақтың мақсатына жету үшін олардың үнемі танымдық, эмоционалды, ерік-жігер, ақыл-ой, интеллектуалды белсенділігін арттыруға күш салу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Сластенин В.А. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 576 с.

2 Волочков А.А. Психодиагностика универсальных учебных действий: новый подход. XXVI Мерлинские чтения: Психологические инновации в образовании: материалы Всерос. науч. конф., посвящ. 90-летию со дня образования ПГПУ, 20-22 сент. 2011. – Пермь: Изд-во ПГПУ, 2011. – С. 11-14.

3 Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении: Логико-психологические проблемы построения учебных предметов. – М., 2000.

4 Анохина Г.М. Дидактические условия развития личности в системе школьного естественнонаучного образования: – Автореф. дисс. ...канд. пед. наук /Анохина Галина Максимовна. – Воронеж, 2009. – 41 с.

5 Егорина В.С. Формирование логического мышления младших школьников в процессе обучения: -Автореф. дисс. ... канд. пед. наук / Егорина Вера Сергеевна. – Брянск, 2001, – 23 с.

6 Вергелес Г.И. Дидактические основы формирования учебной деятельности младших школьников: дис. д-ра пед. наук. – Ленинград, 1990.

7 Naomi Simmons, Kamila Beibitbayeva, Julie Penn Family and Friends .– Oxford University Press. – 72 p.

8 Dooley Jenny, Evans Virginia Smiles for Kazakhstan Grade 4 Pupil's Book Express Publishing.– 2019.– 150 p.

9 Шолпанқұлова Г.К. Қазақстанның педагогикалық ғылымында пәнаралық байланыстың дамуының тарихи-ғылыми негіздері. – Алматы, 2007. – 105 б.

ҒТАМР 14.25.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЖЫЛДАМ ОҚУҒА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

А.К. Исабекова

Мұғалім, педагог-шебер, Қарашілік орта мектебі, Ақсу ауд., Жетісу обл.

Бастауыш мектепті бітірген оқушылар оқу жылдамдығын толық меңгеріп шығуы тиіс.

Бастауыш мектеп түлектері төрт жыл ішінде тек қана оқу процесінің алғашқы қадамдарын ғана игереді. Психолог Т.Г. Егоровтың айтуынша «іштей», саналы, мәнерлі және жүрдек оқу, оқыту процесінің соңғы этаптарында ғана ұстаз ойлаған деңгейге жетеді. Сондықтан бастауыш мектеп сыныптарында балалардың оқу іскерлігі аяқталмайды, ол ұзақ дамудың тек қана алғашқы бөлімі болып табылады. Оқушы үлгеріміне әртүрлі жағдайлар әсер етеді. Соның ішінде ең күшті орын алатыны – баланың оқу жылдамдығы болып шыққан. Егер оқушы нашар оқыса, оның оқуға ынтасы өзінен – өзі төмендейді, үлгермейді. Әдетте кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу техникасы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл – ой еңбегіне ынталығы да арта түседі. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу – үлкен еңбектің жемісі. Оқушы үлгерімінің негізгі факторы – оқу жылдамдығы болғандықтан мен бұл мәселені өзекті тақырып етіп алдым. Мәнерлеп оқу – қандай мәтінді болмасын дұрыс, сөздерді бұзбай, сөз қалдырмай, сөз аяғын жеп қоймай, әрбір сөзді дұрыс, анық оқу. Мәнерлеп оқуды үйретуде паузалардың орындалуына мән беру керек. Мысалы: тыныс белгілеріне байланысты және тыныс белгісіне байланыссыз паузалар да болады. Мәнерлеп оқуға үйретудегі тағы бір нәрсе – оқу қарқынының бір қалыпты болуы. Егер тез, жылдам оқыса, түсініксіз, әрі құлаққа жағымсыз естіледі.

Көркем шығарманың негізгі ой тірегін анықтап болмайынша, мәнерлеп оқу мүмкін емес. 2-3 сыныптарда оқушылардың бірінің қатесін екіншісіне тапқызу тәсілі тиімді. Таспаға жазылап алынған көркем сөзді тыңдату, кейде жақсы мәнерлеп оқылған мен нашар оқылған мәтінді қатар жазып алып салыстырудың пайдасы бар. Әңгіме, ертегі, мысалдарды рөлге бөліп оқытқанда балалар қызығып оқиды. Сыныптан тыс оқудың түрі мен әдісі әр түрлі. Бірде кітапты талдау, бірде бірігіп кітап оқу, өздері ұнаған үзінділерін оқыту, бірде ойын, бірде инсценировка – ертеңгілік түрінде болып келеді. Шапшаң оқу. Балалар өте жай оқыса, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді өзара байланыстыра алмай, ақырында мәтіннің тұтас мазмұнын түсінбей қалады.

Оқу-жазуға үйретудің бірінші кезеңінде, балалар әлі әріптерді нашар айыратын және оларды бір-бірімен қосып оқуы қиын кезде ғана жай оқыттыру керек. Бірақ барған сайын балалардың оқу шапшаңдығы арта түсіп, бірте-бірте сауатты оқуға жақындау керек. Дегенмен, балаларды шапшаң оқуға дағдыландыра отырып, белгілі шамадан тыс кетпеу керек. Ушинский мәтіннің мағынасын түсінбей, құр сыдыртып оқуға қарсы болған. Ол бұл жөнінде: «Оқу шапшаңдығы түсіну шапшаңдығымен қатар дамуы керек». «Егер баланың түсінуінен гөрі оқуы шапшаңдау болса, ол баланың түсінбей оқығаны. Баланың түсінуі арта түссе, ол өзінен өзі-ақ шапшаң оқи бастайды, сондықтан оқытудың алғашқы кезінде шапшаң оқудың қажеті жоқ, тіпті ол зиян келтіреді». Шапшаң оқу дауыс ырғағын келтіріп оқумен тікелей байланысты. Дауыс ырғағын келтірмей шапшаң оқытын болса, керек емес жерге пауза жасап, пауза жасайтын жерді қосып жіберіп, бала мәтінді өзі де, тыңдаушы да түсінбейтін етіп оқытын болады. Шапшаң оқу үшін тым асығып оқыған бала дауыс ырғағын келтіріп оқи алмайды. Шапшаң оқуға машықтандырудың ең сенімді жолы – мәтінді қайра-қайра оқыту, бірақ балалар мәтіннің мазмұнын ұғынып, оны қайра қызығып оқытатын болуы шарт. Бұрын оқыған мәтінді қайта оқытқызу үшін сол мәтінге байланысты басқа бір тапсырма берілген болу керек немесе балалардың өздері қайта оқуға қалап алған мәтін болу керек. Бір мәтінді қайта оқытқанда балалар ол оқуды құр бекер оқу деп санамай, белгілі бір тапсырмаға қатысы бар оқу деп қарайтыны болу керек. Шапшаң оқуға машықтандыру үшін қайра оқыттыруға ертегілердің мәтіндері өте қолайлы, өйткені ертегілерде бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын жерлер көп болады. Жылдам оқуға үйрету мүмкіндіктері.

Оқушы үлгерімінің негізгі факторы – жылдам оқу. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу – үлкен еңбектің жемісі. Психологтардың пікірі бойынша оқушы үлгеріміне 200-ден артық әртүрлі жағдайлар әсер етеді. Ал осы жағдайлардың ішінде ең күшті орын алатыны балалардың оқу жылдамдығы болып шыққан. Егер оқушы нашар оқыса, мысалы оқу үлгерімі нашар 3-сынып оқушысы минутына 37 сөз оқыса, орта есеппен үй тапсырмасы сол күнгі дайындалатын барлық пән бойынша 4 бет, яғни 3000 сөз болады екен. Сонда 3000-ды 37-ге бөлсек 80 минут мәтінді оқу керек. Ал бір рет оқығанда бала ұға қоймайды. Ол осы мәтінді 3 рет оқыса, оған 4 сағат уақыт керек. Әрине, бұдан кейін баланың оқуға ынтасы өзінен-өзі төмендейді. Әдетте, кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу жылдамдығы артқан сайын, еске сақтау қабілет де, ақыл-ой еңбегіне ынталығы да арта түседі. Олай болса, жылдам оқи білуге үйрету жолдарын, оның мүмкіндіктерін қарастыра жүргізген жұмыстардың негізінде мынадай ұсыныстар жасаймыз. Бұл ұсыныстарды кез келген мектептің жағдайында пайдаланып жұмыс істеуге болады. Оқуға жаттығу жұмыстары бірден ұзақ жүргізілгеннен гөрі жиі жүргізілгені тиімді.

Оқушылардың сөздік қорын молайтып, тез оқуға дағдыландыру. Тілдің негізгі элементі – сөздік қор. Ал сөздік қор дегеніміз – тілдің құрамының ішіндегі ең тұрақты, талай ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан, жалпы

күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын халыққа ортақ сөздер жиынтығы. Тілдің негізгі сөздік қоры – тілдің сөздік құрамының ең тұрақты бөлігі. Сөздік қор тілдегі сөздерді ғасырлар бойы сақтай отырып, тілдегі жаңа туынды сөздер мен жаңа мағынаның жасалуына ұйытқы болады. Сөздердің негізгі сөздік қорда кең қолданылуы мен ұзақ сақталуы олардың сөз жасау қабілетін дамыта түседі. Сөздік қордың тіл бірлігін сақтап, көне дәуір әдеби ескерткіштерін ұғынуға, тануға мүмкіндік тудырады.

Біздің ана тіліміз, қасиетті қазақ тілі өзінің мемлекеттік мәртебесін абыроймен атқарып, міндет жүгін қиналмай көтере алатын аса бай, оралымды да сұлу тіл. Бүкіл оқыту барысында оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру – ең маңызды жұмыстардың бірі. Бұл әрине бастауыш сыныптан бастап оқушылармен үзбей жүргізілетін жұмыстар нәтижесінде ғана іске асады. Бала тілінің дамып қалыптасуы жоғарғы жүйке жүйесінің жетілуімен тығыз байланысты. Баланың айналасындағы өмірді танып, білуге басты жәрдемшісі – тіл. Ал тілдің дамуы оның сана-сезімінің, ой-өрісінің басқа да психологиялық үрдістің жетіле түсуіне негіз болады. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байытуда сөздерді үйретудегі ұстанымдары:

- сөздің оқушылардың күнделікті өмірмен байланыстылығын ескеру;
- үйретілген сөздің жеңілділігін;
- бастауыш сынып оқушыларының ұғымына сөз мағынасының сай келуі;
- сөздерді оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алу;
- сөздердің мағыналық ерекшеліктерін ескеру;
- сөздердің тәрбиелік, ізгілік ұғымына сәйкестілігін есепке алу және т. б.

Сөйлеуге байланысты мынадай талаптар қойылады: мазмұнды сөйлеу, дәл сөйлеу, жүйелі сөйлеу және мәнерлі сөйлеу.

Сөздік қорының ең маңызды міндеті оқушылардың ауызекі сөйлеуде қолданылатын сөздер қорын толықтыратын сөздерді белсенді ету. Жаңа сөздерді есте сақтаудың тәсілдері мен жаттығулары:

- тақтаға сөз жазып, оны буынға бөліп оқыту;
- сөз мағыналарын анықтауда ұғымның белгілерін санайтындай жаттығулар (жазу жұмыстары);
- жаңадан үйренген сөздерге байланысты шығармашылық жұмыстар (эссе, мазмұндама, шығарма т. б.) жүгізу;
- жаңа сөзді кірістіре отырып сөйлем құрастырып, мағынасын ашу;
- орфографиялық жаттығуларға жаңа сөздерді енгізу;
- сөздік жасату (түсіндірмелі, алфавиттік немесе тақырыптық сөздер, оқушы сөздігі т.б.).

Оқушылардың тілін дамыту мақсатын шешуде біріншіден, оқушылардың меңгерген сөзі, сөз байлығы қаншалықты дәрежеде екендігін; екіншіден, оқушыда сөз байлығының, сөз қорының аз болуының себебін, өзіндік ерекшелігін; үшіншіден, тілін байыту мен дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерін алдын ала анықтап белгілеу керек.

Балалар сөздігін мынадай жолмен байытуға болады:

- қоршаған ортаны байқату, аңғарту (табиғатпен, адамдардың қоғамдық және өндірістік еңбегімен таныстыру);
- үлкендермен қарым-қатынас әңгіме өткізу, кездесу ұйымдастыру;
- арнаулы тілдік жаттығулар жүргізу;
- сыныпта және сыныптан тыс оқу (әңгіме мазмұнын талқылау және талдау) барысында т.б. жағдайларда. Тіл дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру – оқушылардың ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттырудың бірден-бір тиімді жолы. Олай болса тіл дамыту дегеніміздің өзі – оқушылардың сөз байлығын арттырап, әр сөзді орынды қолдануы, сөйтіп, ойын жүйелі түрде білдіре алуы.

5 минуттық оқу.

1. Ата-ана мәтінді бірнеше бөлікке бөліп, баласын 5 минуттан оқытса, әлдеқайда тиімді. Алдымен бала мәтіннің бір бөлігін оқып, мазмұнын айтады. Содан кейін үзіліс жасайды. Біраз тыныққаннан кейін мәтінді ары қарай жалғастырады. Себебі, адамның есі күнделікті көз алдында көріп жүрген нәрседен гөрі сирек те жылдам көріп қалған нәрсені есте жақсы сақтап қалуға бейімделген. Ата-анаға осыны түсіндіріп, үйде баласының оқу жылдамдығын қалай арттыру керектігі жөнінде мұғалім әдістемелік көмек беру керек.

2. Егер баланың оқу темпі нашар болса, оқығысы келмесе не істеу керек? Мұндай жағдайда үзіп-үзіп оқу тиімді. Бала суретті кітапшалардан 1-2 жол оқып, суретін көреді де дем алады.

3. Сондай-ақ, ұйқы алдындағы оқу өте тиімді. Оның мәні мынада екен: адам ұйықтар алдынад оқиғаның, жағдайдың әсерімен ұйықтайды. 8 сағат ұйқы бойы ол әсер адамның миынан кетпейді, адамның ағзасы бұған үйреніп қалыптасқан.

4. Жұпқа бөліп оқыту. Дарынды оқушыны үлгі ретінде алу арқылы үлгерімі төмен оқушының оқу жылдамдығын арттыруда жетелей оқыту. Мысалы, бір мәтінді алып, бірінші дарынды оқушыға оқытып, түсінгенін әңгімелету, оқиғаның қызықты сәтінде тоқтату, оқу жылдамдығы төмен оқушыға сол мәтінді жалғастырып оқыту.

Дарынды оқушының мәнерлі шапшаң оқиғанын бақылату. Өзіне де оқыту.

5. Оқушыларды топқа бөліп оқыту. Олардың оқу дағдыларын жан-жақты бағалап отырып, әр топтың оқушыларын бір-бірінен асып түсуге ынталандыру. Осы орайда ескеретін жағдай бір топтағы оқушылардың оқу жылдамдығы деңгейлес болу тиіс.

6. Диктант жазу арқылы есте сақтап оқу. Оқу техникасының төмен болу себебінің бірі – баланың есте сақтау қабілетінің нашар болуынан. Айталық, бала 6-8 сөзден тұратын сөйлемді оқыса, аяғына келгенде басындағы 2-3 сөзді ұмытып қалады да сөйлемнің мазмұнын түсінбейді. Осы орайда баланың еске сақтау қабілетін нығайтуға, сауатты жазуға және бірнеше әріптен тұратын сөздерді тез оқуға, әрі жаттауға жаттықтыратын көру диктантын жаздырудың пайдасы зор.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тежейтін қиындықтар мен кедергілерді анықтау мен жою жолдарын жинақтау мақсатына төмендегідей міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі:

- оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру;
- ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;
- шығармашылық қабілетін дамыту;
- көркем шығармаларды оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін оқу орындарындағы білімдік процестің дамымалы мүмкіндігіне елеулі маңыз беріледі. Сынып оқушысының тұлғасы дамуының ерекшелігін оның оқудағы жетістігі, оқу іс-әрекетінің компоненттерін меңгеруі, жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларының қалыптасу деңгейі анықтайды. Жалпы оқу дағдыларының бір саласы – оқу техникасы. Аталған дағдыны жоғары деңгейде қалыптастырмайынша оқушының әрі қарайғы сапалы біліміне қол жеткізу мүмкін емес.

Оқу процесін зерттеу мен оның бастауыш сатыдағы даму ерекшеліктеріне байланысты қазақстандық ғалымдардың сүбелі еңбектерін кездестіре алмадық. Төменгі сынып оқушысының оқу шапшаңдығын қалыптастырып, жетілдірудің жоғары деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етуде жақын шетелдік ғалымдар технологияларының маңызы айтарлықтай.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Тұрғынбаева Б.А., Шабденова Б.Ш. Шығармашылық баспалдақтары. – Алматы, 2003.
- 2 Қамалбекова А. Оқушылардың танымдық қызығушылығын ойын әрекеті арқылы арттыру: – Алматы: Бастауыш мектеп, 2005, №5. – 18-19 б.
- 3 Аманқұлова М. Бастауыш мектепте оқыту. 2007
- 4 «12 жылдық білім» журналы, №4, 2006.
- 5 Зұлпыхарова Т. Оқушының ой-өрісін дамыту. Бастауыш мектеп, №4 2004.

ҒТАМР 14.25.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Э.Н. Айтжанова

П.ғ.м., аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Соңғы уақытта білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері зерттеушілердің назарын ерекше аударып отыр. Осы күні мектепте әлеуметті жағынан белсенді, еркін ойлай алатын, өз бетінше жаңа ақпаратты меңгере білетін, саналы адамдар тәрбиелеуге талап қойылуда. Осыған байланысты қазіргі жағдайда мектеп оқушысының төменгі сыныптан бастап оқуға деген қызығушылығын, танымдық әрекет белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім сапалы оқытуға негізделген жаңа бағдарламамен, жаңа технологиялармен оқыту қажет. Жалпы интерактивті оқыту теориялық та, практикалық тұрғыда зерттеуді қажет ететін дидактика міндеттерінің бірінен саналады.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Бастауыш мектепте өз ойын, пікірін еркін жеткізе алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу» – деп атап көрсеткен.

Бастауыш мектептің жаратылыстану сабақтарында саналуан әдістерді, оның ішінде интерактивті әдістерді пайдалану оның уақыт талабына сай түрлерінің жанаруымен баса назар аудартады. Осының өзі оқыту әдістерін қайта қарастыру қажеттігінің туындағанына дәлел болады, бірақ қазіргі таңдағы өзгерістерге орай енгізілген жаңасын көрсету қажет.

Түйін сөздер: жаратылыстану ғылымы, педагогика, интербелсенді, интербелсенді әдістер, зерттеушілік, зерттеушілік дағды.

Қазіргі кезеңдегі білім беру ісінің негізгі нысаны болып – балалардың бойында дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, олардың ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай – ақ өміріне ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып отырғаны баршамызға мәлім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және

ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу екендігін өз жолдауында ерекше атап өтті (11.01.2022 ж.).

Қазіргі мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа әдіс-тәсілдерден, технологиялардан құралады. Демек, баланың білімі ерекше болуы, ол білімнің нәтижелі болуы пән мұғалімінен жауапкершілікті талап етеді. Бүгінгі таңда адамзаттың ақпараттық мәдениетінің дамуы білім алуда өте маңызды рөл атқарады, оның себебі – ғылыми-техникалық ақпараттың көлемі екпінді өсуіне байланысты. Ақпараттық технологиялардың барлық жаңалықтарын ең бірінші балалар қабылдайды, сондықтан балалардың жоғары танымдық қызығушылығын пайдаланып, олардың жеке тұлға ретінде дамуын қалыптастыру.

Әрбір оқушы табиғатынан таныс еместің барлығын білуге құмар және оқуға деген ынтасы зор екені белгілі, сол себепті де ол оқытудың бастауыш сатысында шығармашылыққа, таным мен белсенді әрекетке ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу әрекетшілдігі қоршаған орта туралы оқушының танымын кеңейтудің ең басты тәсілдерінің бірі болып келеді.

Біздің заманымыз өміріміздің барлық салаларын қарқынды жетілдіре отырып үнемі өзгеріске ұшырап отырады, соның ішінде білім беру жүйесі де. Соған сәйкес, бастауыш мектеп түлегі төмендегідей сипаттарға ие болуы тиіс:

- білуге құштар, өмірді белсенді және қызыға танушы;
- оқу біліктері негізін меңгерген, өзінің іс-әрекеттерін ұйымдастыра алатын қабілеттерге ие;
- мейірімді, сұхбаттасушыны тыңдап, ести алатын, өзінің ұстанымдарын негіздей алатын, өз пікірін білдіре алатындай болу керек.

Қазіргі кезде ғылымның жедел түрде дамуы, техникалық прогресс, қазіргі заман талабы кіші мектеп оқушыларының жан-жақты терең ойлау дағдыларын арттырып отыр. Сондықтан бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін зерттеу – ізденушілік жұмыстарды бастауыш сыныптан бастау қажет. 12 жылдық білім берудің басты мақсатының бірі – құзыретті тұлғаны дамыту болса, күтілетін нәтиженің бірі – мәдениеттанымдық құзырет. Ол дегеніміз – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өзінің халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсіну.

«Зерттеу» мен «зерттеушілік дағдылары» ұғымына тоқталатын болсақ, өз кезегінде зерттеушілік дағдыны жалпы жеке тұлғаны дамытуда қарау және көру, бақылау қабілеттерін дамыту шарттары деп анықтауға болады.

Зерттеушілік дағдылар негізінде төмендегі көрсеткіштер жатады:

- оқушылардың танымдық білік пен дағдыларын дамыту;
- ақпараттық кеңістікте бағыт ала білу;
- өз білімін өздігінен құрай алу дағдысы;
- ғылымның әралуан саласындағы білімдерін кіріктіре алу дағдылары;

– сыни тұрғыдан ойлай білу дағдысы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, зерттеушілік дағдылардың келесі міндеттерін анықтауға болады:

– Білімділік: белгілі бір тақырыпты зерделеу барысында оқушылардың алған білімдерін белсендіру және өзекті ету; көрінеу мектеп бағдарламасы аясынан тыс материалдар кешенімен танысу.

– Дамытушылық: зерттелініп жатқан тақырып аясында ойлау дағдысын дамыту, талдау жасау, салыстыру, өзіндік қорытындылар жасай білу; материалды іріктей білу және жүйелеу; жүргізілген зерттеуді рәсімдеу барысында ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдана білу; зерттеу қорытындыларын көпшілік алдына ұсыну.

– Тәрбиелік: өзгелердің қызығушылығын тудырып, қажетті болатын өнімді шығару.

Өз кезегінде бүкіл зерттеушілік дағдылар аталған міндеттерді жүзеге асыруға ықпал ететін бірнеше сатыларға бөлінеді:

1 саты – Мәселенің өзектілігі. *Мақсаты:* Болашақ зерттеудің сұрақтары мен бағыттарын анықтау.

2 саты – Зерттеу саласын анықтау. *Мақсаты:* Біз жауабын алғымыз келетін негізгі сұрақтарды жинақтау.

3 саты – Зерттеу тақырыбын таңдау. *Мақсаты:* Зерттеу шекараларын белгілеу.

4 саты – Гипотезаны шығару. *Мақсаты:* гипотезаны немесе гипотезаларды жасау, соның ішінде орындалмайтындары да провокациялық түрлері де айтылуы қажет.

5 саты – Шешім бағыттарын анықтау және жүйелеу. *Мақсаты:* Зерттеу әдістерін таңдау.

6 саты – Зерттеуді жүргізудің бірізділігін анықтау.

7 саты – Ақпаратты жинақтау және өңдеу. *Мақсаты:* алынған білімдерді жазып қою.

8 саты – Алынған материалдарды жалпылау және талдау. *Мақсаты:* белгілі логикалық ережелер мен амалдарды қолдана отырып, алынған материалы құрылымдау.

9 саты – Есепті даярлау. *Мақсаты:* негізгі ұғымдарға анықтамалар беру, зерттеу нәтижелері бойынша хабарлама даярлау.

10 саты – Баяндама. *Мақсаты:* өз құрбылары мен ересектердің алдында көпшілікте оны қорғап шығу.

11 саты – Аяқталған жұмыстың нәтижелерін талқылау.

Зерттеушілікке оқыту – оқушының қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құрылған тәсіл. Зерттеушілікке оқытудың негізгі мақсаты – оқушының өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілет қалыптастыру. Оқушыны ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып табылады.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуіріне, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениетіне, мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны оқытушы мен оқушының арасындағы негізгі бастамалардың барлығы оқытушы арқылы жүзеге асырылады.

Оқу үдерісінде компьютер оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді.

Жаратылыстану сабақтарында интерактивті тапсырма құру сервисін қолдану төмендегідей мақсатты көздейді:

- оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

Жаңа ақпараттық технологияны жаратылыстану сабағында тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады.

Еліміздің өркениетті елдер қатарына ұмтылуына байланысты қазіргі кезеңде білім ең басты мәселе болып отырғаны баршамызға аян. Бұл білім берудің әлемдік деңгейіне сай болуды білдіреді.

Олардың ең бастылары:

- білімнің әрбір адам тағдырындағы мәнділігін күшейту үшін оның дара тұлғаға бағытталуы;
- қоғамдағы рухани құлдыраудан арылу үшін білімді ізгілендіру;
- әр баланың білім алудағы өз қабілеті мен ынтасына сай туындаған сұранысын қанағаттандыру үшін білім беруді саралауды күшейту;
- көп нұсқалы білім алуға мүмкіндік жасау.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері бастауыш сыныптарда жаратылыстану пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, биологиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерделеу – оқытудағы негізгі мәселелер. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерделей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабақта:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- зертханалық тәжірибелер;
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);

– интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технология негіздері балалардың алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабақта видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады.

Ендеше, ақпараттық технологияны сабақта қолдану оқушының іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарылатады деуге болады. Ақпараттық технология арқылы жасалатын тест тапсырмалары уақытты, шығынды үнемдеуге көмектесе отырып оқушылардың өз білімін бағалауға үйретеді. Ең бастысы, оқушылардың өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім беру мен қатар оқуға, үйренуге деген ынтасын арттыру әр ұстаздың міндеті. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, еңбек етуге баулу, жалпы оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру оқытушыға қойылатын басты талап. Осы талапты шешуде электронды оқытудың пайдасы зор.

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытудың озық технологиясын меңгеру оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір ұстазды ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Сабақ барысында интерактивті технологияларды қолдану оқытушы жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Аймухамбетова С.А. Интерактивные методы учебной деятельности Қазақстан жоғары мектебі, 2010, №1 (83).

2 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 328 б.

3 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 448 б.

4 Багиева Ш.М. Интерактивті әдістер – өмірілік дағдыны қалыптастырудың тетігі. – Білім, 2007, №6. – 9-10 б.

5 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

6 <https://youtu.be/wrlYNXehJWg>.

ҒТАМР 14.25.09

БАСТАУЫШ СЫНЫП ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Э.А. Шугаева

*Магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ.*

«Жаңа Әлемдегі Қазақстан» жолдауында: «... біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек, онлайн тәсілде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет; білім беру бағдарламаларын іске асыру мен ғылыми қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін инновациялық білім беру консорциумдарын қайта құруға тікелей қолдау көрсету [1] – деп көрсетілген. Жолдауда көрсетілген сапалы білім беру, онлайн тәсілдерін оқытуға енгізу міндеттерді шешуде бастауыш сыныпта пәндерді оқыту үдерісінде мультимедиялық технологияларды жетілдіру өзекті мәселеге айналуға.

Түйін сөздер: мультимедиа, электронды оқулық, инновация, компьютер, ақпараттық технологиялар.

Оқыту үдерісінде мультимедияны пайдалану сапалы білім беруге қол жеткізуде тиімділігі анықталынып, оқытудағы қолданысы кеңейді. Бұл бойынша бірнеше алыс жақын шетел ғалымдары зерттеудің бірнеше бағыттарын дамытқан, мысалы, когнитивті жүктеме және мультимедиялық оқыту. Мультимедиялық технологияның оқушылардың оқуына әсерін зерттеу А.Элизабет Каубл және Линда П.Турстон зерттеу жүргізді, онда әлеуметтік жұмыс оқыту үдерісінде кері байланыс білім сапасын бағалау үшін интерактивті мультимедиялық оқыту платформасы қолданылған. Майердің мультимедиялық оқытудың когнитивті теориясы «адамдар тек сөздерден гөрі сөздер мен суреттерден көп нәрсені үйренеді» деп болжам жасады. Майердің және басқа ғалымдардың пайымдауынша, мультимедиялық технологиялар визуалды және есту эффекттерін жүзеге асыру арқылы адамдардың миын ынталандырады.

Осы тұрғыда бүгінгі таңда оқыту үдерісінде мультимедияны тиімді пайдалану бастауыш сынып оқушысының білім сапасын, компьютерлік сауаттылығын жоғарылату үшін тек қана информатика сабағында емес, барлық пәндерде қолдану жетістікке жеткізетіндігін эксперимент бапрысында байқадық.

Мультимедиа – әр түрлі цифрлық түрдегі ақпараттарды: мәтін, суреттер, схемалар және т.б. құру, сақтау және еске түсіруге арналған компьютерлік құрал. Мультимедиа-бұл бір кешенде мәтінмен, графикамен, дыбыспен және кескінмен интерактивті режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін заманауи аппараттық және бағдарламалық жасақтама жүйесі.

Мультимедиялық технологияларды қолдану өздігінен сабаққа дайындалу деңгейін арттырады, оқу процесін жүргізуді қызықты етеді, шығармашылық жағынан бұрын болмаған кәсіби дағдыларды қалыптастыратын жаңа мүмкіндіктер туғызады, осыларға қоса, мемлекет мектептерге қойып отырған әлеуметтік тапсырыс деңгейіне де сәйкес келеді. Бірақ бұл технологияларды біз қалай қолдануымыз керек?

Егер, біз бұл технологияларды бұрынғы білім беру жүйесіне бұлжытпай кірістірсек, компьютер сабақта тек қана техникалық құрал ретінде қолданылып қала береді. Компьютерді – білім беретін бағдарламалық педагогикалық құрал ретінде құрастыру қажет. Яғни, компьютерді тек қана техникалық жағынан қамтамасыз ететін құрал ретінде ғана қолданып қоймай, оқушымен сұхбаттасып таза білім «сақтаушы» ретінде қарастырған жөн.

Сонда ғана мультимедиа жүйесі:

- қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайдағы жеке тұлғаны дамытуға арналған міндеттерге сәйкес білім мазмұнын, оқыту әдістері мен ұйымдастыру түрлерін іріктеу әдіснамасын жетілдіруге;

- тілді белсенді оқытудың әртүрлі үдемелі әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;

- оқушының интеллектуалдық потенциалын дамытуға, өз бетімен білім алу біліктерін қалыптастыруға, ақпараттық оқу, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға;

- оқушының оқуға деген қызығушылығын қазіргі кездің кешенді ұсынатын және көру, есту негізінде қабылданатын ақпаратты құбылтып өзгертетін құралдарды қолдану арқылы арттыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып сабақтарында келесі бағдарламаларды қолдануға болады:

- 1) Тренажер-бағдарламалар;
- 2) Бақылаушы– бағдарламалар;
- 3) Тәлімгерлік бағдарламалар;
- 4) Көрнекіліктер бағдарламалар;
- 5) Ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар.

Тренажер – бағдарламалар оқушының білімін, білік-дағдысын бекітуге, пысықтауға арналған.

Бақылаушы – бағдарламалар бақылауға қажетті тұрақтылықты, көпнұсқалықты, бағаның мұғалімнің субъективтік көзқарасынан және тағы да басқа факторлардан тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, білім беру үрдісінің сапасын жоғарлатып, оқытушының еңбек өнімділігін, нәтижелілігін жоғарлатады.

Тәлімгерлік бағдарламалар – оқушылардың жауабын өндейтін бағдарламалар.

Көрнекілік – бағдарламалары арқылы компьютерді көрнекілік құралы ретінде қолдана отырып оқушыларды жаңа тақырыпқа керекті материалдармен таныстыруға болады.

Ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар керекті ақпаратты алуға арналған. Оқушы компьютер арқылы кез келген ақпарат қорынан ақпарат жинай алады.

Мультимедиа және телекоммуникациялық технологиялар жалпы білім беру жүйесінде принципті тұрғысынан жаңа әдістемелік жолды ашады.

Мұғалім сабақта әрбір балаға дараланған үлгі бойынша тиянақты түрде талдауға қол жеткізетін жаңа мәліметтермен жеке жұмыс істеу мүмкіндігін бере алады. Сабақта мультимедиялық технологияларды пайдаланғанда оның құрылымы өзгермейді. Онда сабақтың негізгі кезеңдері бұрынғыша сақталады, тек уақытша сипаттамалары өзгеруі мүмкін. Оқушыларды мультимедиялық сабақтардың өткізілуінің жаңашылдығы қызықтырады. Сыныпта мұндай сабақтарда оқушылардың компьютер алдындағы қорқынышы жоғалады, оқылып жатқан материалға қызығушылық пайда болады, ынтымақтастық тапсырмаларды орындайды, ойларын өз сөздерімен жеткізуге талпынады. Оқушылар пән бойынша оқулықпен, сөздіктермен және де басқа да әдебиеттермен өздігімен жұмыс істеуге үйренеді.

Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда білім беру жүйесінде мультимедиа технологияларды қолдану келесі артықшылықтарға ие:

- Түрлі-түсті графиканы, анимацияны, дыбыстық сүйемелденуді, гипермәтінді пайдалануға рұқсат етеді;
- Әрқашан жаңарту мүмкіншілігі бар;
- Басып шығаруға және көбейтуге аз шығын кетеді;
- Интерактивті веб-элементтер орналастыру мүмкіндігі бар, мысалы, тесттер немесе жұмыс дәптерлерді;
- Дәйексөз алу үшін бөліктерді тасымалдауға немесе көшіруге мүмкіндік бар;
- Гиперсілтемелердің көптігіне байланысты материалды бір қалыпта емес өтуіне мүмкіндіктер бар;
- Білім беру сайттарында немесе электрондық кітапханаларда қосымша әдебиеттермен гипербайланысты орнатады.

Қ.М Нағымжанова «Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты еңбегінде мектептерде инновацияны енгізудің тиімділігінің бірі деп көрсетті: білім беру мекемелерінің басшыларының инновацияны енгізудің құндылығын түсінуі, мектепті ең жақсы техникамен қамтамасыз ету.

Мектептерде оқыту жүйесінің жаңа талаптарына сай барлық пән мұғалімдері жыл сайын компьютерлік сауаттылық дайындық курсынан өтеді. Барлық мектептерде информатика, мультимедиа және толық жабдықталған мультимедиялық физика кабинеттері бар. Мультимедиа кабинеттерінде интерактивті тақталар орнатылған.

Мультимедиялық технологияларды келесі түрде пайдалануға болады:

- Слайд арқылы тақырыптың негізгі кезеңдерін қысқаша көрсету ретінде;
- Мұғалімнің түсіндіруін сүйемелдеу ретінде;
- Ақпараттық – оқыту нұсқау ретінде;
- Білімді бақылау ретінде.

Ал, мультимедиялық сабақтар келесі дидактикалық міндеттерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеруге;
- Меңгерген білімді жүйелеуге;
- Өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыруға;
- Жалпы білімге және жекеше информатикаға уәжін қалыптастыруға;
- Оқу материалы бойынша оқушыларға өзіндік жұмыс жасау кезінде оқу-әдістемелік көмек көрсетуге.

Көптеген жағдайда мультимедиа құралдарын пайдалану педагогтардың еңбектерін қарқындатуға, сонымен қатар оқушыларды оқыту тиімділігіне оң әсері бар.

Оқыту процесінде кездесетін мәселелер мен оны тиімді шешудегі мультимедиялық технологиялардың маңызы 1 кестеде келтірілген.

Кесте 2. Мультимедиялық технологиялардың оқытудағы мүмкіндіктері.

№	Оқыту процесінде кездесетін қиындықтар	Мультимедиялық технологиялардың оқыту тиімділігін арттыру мүмкіндіктері	Мультимедиялық технологияларды пайдаланудағы жетістіктер
1	Объективті күрделі материалдарды оқыту	Оқыту материалын бөлшектеп ұсыну	Оқушылардың оқу материалына қызығушылығы артады.
2	Түсінік ұғымдардың абстрактылығы, жалпылау, салыстыру, орнықтыру қажеттілігі	Нақты ұғым қалыптастыру, салыстыру, жалпылау кезіндегі иллюстрациялау	Нақтыдан абстракцияға, жекеден жалпыға ауысу жеңілдігі
3	Тез немесе жай өтетін процестерді оқыту	Бейнепроекциялық құрылғылар көмегімен табиғаттағы процесстердің жүруін бақылау	Құбылыстар мен процесстерді оқыту кезінде уақытты тиімді пайдалану

Сонымен қатар, компьютер мүмкіндіктері мен мұғалім білімін біріктіре алатын мультимедиялық жүйелерді пайдалану арқылы электрондық оқулықтар жасауға болды, олар сабақты бұрынғыдан гөрі көрнекті, қызықты түрде өткізіп, оқушыларға жаңаша мәлімет беруге жағдай туғызады. Мұғалім компьютер желісі арқылы әрбір оқушымен тығыз байланыста болғандықтан, ол оқытуға тиянақты түрде көңіл бөліп, әрбір баланың жеке деңгейін анықтап, оларға жеке шаралар қолдануына да мүмкіндігі бар.

Жалпы орта білім беруде мультимедиялық пайдаланудың артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

- Мектепте өткізуге мүмкін емес және қиындық туғызатын күрделі, қымбат және қауіпті тәжірибелерді модельдеу мүмкіндігі;
- Визуалдық абстракциялық ақпараттық процесстерді динамикалық негізінде көрсету;
- Микро және макропроцесстерді және объектілерді көру;
- Ақпарат және ақпараттық технологиямен байланысты, оқуға бағытталған арнайы оқу тәртіптерін дамыту, кіргізу, оқыту;
- Информатикамен байланысы жоқ, көптеген дәстүрлі мектептерде оқыту жүйесіне өзгертулер енгізу;
- Қосымша мотивациялық рычагтардың дифференциациясы және индивидуализациясы арқылы мектепте оқыту әсерлілігін көтеру;
- Оқыту үрдісінде жаңа формалардың қарым-қатынасын ұйымдастыру;
- Мұғалімі мен оқушының қызметінің мазмұнын өзгерту;
- Жалпы білім беру жүйесінің механизмін арттыру.

Сонымен, мультимедиялық технологиялар мұғалімдерге қалыпты оқыту жүйесінің бұрынғы тәсілдерінен бас тартып, еңбек студияның интеллектуалдық түрлерін пайдалануға мүмкіндік туғызып, оқу материалдарының басты көлемін бұрынғыша беруді азайтып, жаңа тәсілден жақсы жақтарын кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді.

Мұғалімдер мен оқушылар білім беруде пайдаланылатын мультимедиа ресурстарды әзірлеушілер болып саналмайды. Педагогтар мен мектеп оқушылары көбінесе осындай құралдарды пайдаланушылар қатарына жатады. Алайда жыл өткен сайын көптеген мұғалімдер, тіпті қарапайым болса да, электрондық оқу құралдарын әзірлеуден сырт қалдырмайтындығын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Көптеген қарапайым мультимедиа ресурстарды әзірлеу үшін әр түрлі HTML–редакторы пайдаланылады. Сол кезде HTML тілі жеткілікті динамикалық түрде дамитынын, алайда тілдің жаңа стандартын қанағаттандырылған ресурстар браузерлердің ескі нұсқауларымен дөрекі өндірілетінін ескерту керек.

Э. Азимов [5] пікірінше, электронды оқулық компьютерлі дискіде оқытудың жаңа құралы іспеттес. Ал, ол – аудио, бейне, мәтінді және графикалық ақпаратты елестету және сақтау, оқушының компьютерде интерактивті тәртіпте жұмыс істеуіне есептелген, мұнда оқушы оқу ақпаратымен өзіне ұнайтын формада, белгілі бір жүйеде таныса алады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мультимедияны пайдалануға даярлығын құрайтын мультимедиялық ақпараттық– әдістемелік кешеннің құрамды бөліктерінің бірі ақпараттық технологиялар. Неліктен ақпараттық кешен, себебі, электронды оқулық және автоматтандырылған оқу бағдарламасы (мультимедиялық мәтін) компьютер қолдану арқылы жүзеге асады, ал әдістемелік, себебі оқу-әдістемелік құрал оқушыларға пәнді оқыту мақсатында

пайдаланылады. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологияларда ұсынылатын оқу материалдары көрнекілік ұстанымына негізделген. Сондықтан да оны оқытудың ажырамас бөлігі деп қарастыруымыз қажет. Мысалы, компьютерде модельденген демонстрациялық тәжірибелер, зертханалық жұмыстар студенттер мен оқушыларға заңдылықтар мен құбылыстардың табиғатын ғылыми тұрғыдан түсіне білуге бейімдейді. Бір жағдайда олар көзбен көруге мүмкін болмайтын құбылыстарды экранда бақылауға мүмкіндік берсе, екінші жағдайда, ғылымда күрмеуі қиын мәселелерді графика, анимация, бейнекөрініс түрінде бақылап, шешімін табуға көмектеседі. Сонымен қатар, мультимедиялық технологиялар оқытудың сабақ барысындағы немесе сабақтан тыс формалары мен әдістерін жетілдіруді және оқу-тәрбие процесін қызықты әрі мазмұнды етіп жүргізуді жолға қояды. Оқытушының жұмысын жеңілдетеді. Бұл, оқытушы сабақтан тыс қалады деген сөз емес, оқытушы қай кезде де оқыту процесіндегі басты тұлға болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР Президентінің 2007 жылғы хылыққа жолдауы «Жаңа Әлемдегі Жаңа Қазақстан» 28.02.2007. – Астана, «Егемен Қазақстан» газеті.
- 2 Алдешов С.Е. Заманауи мультимедиялық технологиялар негіздері. Оқу құралы. – Алматы: 2020.– 118 б.
- 3 Мухамбетжанова А.О. Болашақ бастауыш мұғалімдерін педагогикалық технологияларды пайдалануға даярлау: Монография. – Қарағанды: «Medet Group», 2019. – 184 б.
- 4 Нағымжанова Қ.М. Бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: п.ғ.к. ... дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 30 б.
- 5 Азимов Э. Электронный учебник иностранного языка. Высшее образование России. 1996, №1. – С.133-13 б.

FTAMP 14.07.01

ЖАРАТЫЛЫСТАНУДА STEM–БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ә.К. Толқынбаева

*П.ғ.м., оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Ө.Ж. Сағымбай

*Г.ғ.к., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ.*

Н.М. Канатбаева

Студент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды дамыту және адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам қарқынмен дамуына байланысты STEM-білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде, оның ішінде бастауыш білім беруде жаратылыстану пәнінде дамудың негізгі мақсаттары білім беру сапасын, қол жетімділігі мен өз бетінше білім алу, практикалық бағытын жақсарту ерекше назар аударуды талап етеді. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін үздіксіз білім беру жүйесі қалыптасуда. STEM-білім беру арқылы әр білім алушыға жеке білім алу траекториясын құруға және одан ары білімін жетілдіруге және кәсіби өсуге қажетті жалпы білім алуға және кәсіби білім алуға мүмкіндік беру керек. Бастауыш білім беруде жаратылыстану пәнінде заманауи STEM-білім беруді пайдалану және білім берудің проблемалық оқыту түрлері өзекті болып отыр.

Түйін сөздер: STEM-білім беру, география, білім алушы, әдістер, цифрлық технология, проблемалық оқыту, географиялық білім беру, оқушыға бағытталған оқыту.

Заман талабына сай білім берудің жүйесі жаңарып, жаңданып өсу процессінің өте сапалы да, күрделі жұмысы көңіл қуантарлықтай деңгейде күннен күнге өсуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен ұсынылуы болып отыр. «Бастауыш білім беру ерекшеліктері» тақырыбын тандау мақсатында болашақтағы ең әуелгі принциптер: Ең бірінші оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, белсенді іс-әрекетке бағыттай алу арқылы функционалды сауаттылықты іске асыра отырып тиімді әрі оңай әдіс-тәсілдерді оқушыға білім беру барысында жан-жақты ұсыну. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда

болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздардың жауапкершілігі білу керек дүниелері уақыт өткен сайын артуда.

Білімді тұлғаны тәрбиелеп шығару,біздің жүргізген сабақ сапасынан. Сабақ оқытуды ұйымдастырудың басты формасы болса, ұстаз осы форманы балаға барынша жеткізуші ең басты қаруы. Осы аталаған әрбір жауапты істі жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру деңгейін арттыру. Жаңаша оқытуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін меңгеріп қана, мұғаліммен тікелей пікірталасқа көшеді, оқушы рөл атқарушы ғана емес, оқушы өзін жетекшілік бағытта ұстап практикалық іс-әрекетке өзін тәрбиелей бастайды. Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) – ғылым, технологиялар, инженерия және математика ұғымын білдіреді. STEM негізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREAM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады. Уақыт өткен сайын сапасы да қолданатын елдер қатары едәуір көбеюде. Әрине,біздің Қазақстанда сол елдер арасында. STEM жаратылыстану пәндерінің проблемалық сұрақтарын ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы білім алуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға, жаңа технологияларды игеруге байланысты болашақ кәсіптің іргетасын нық қалыптастыруға көмегін беретін негізгі қару. Зертханалық практикум физика, химия, биология және т.б. басқа пәндерді STEM оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. STEM зертханаларының мақсаты – теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысу, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттеу, тәжірибелік мәліметтерді жинау және өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика және дизайн жасау дағдыларын дамыту. Жаратылыстану пәндеріне қатысты STEM технологиясын келесі бағыттарда қолданған тиімді болып саналады. Макроәлемде өтіп жатқан табиғи құбылыстарды зерттеуде; нақты өмірдегі әртүрлі нысандардың, құрылыстардың, құралдар мен жабдықтардың (ракета, машина, әуе, су кемелері, зауыттар мен фабрикалар үлгілері, кез келген өндірістің инженерлік технологиясы, физикалық, химиялық, биологиялық құбылыстар) прототиптерін жасап шығарған. Оларға STEM технологияның құрылымдау (конструирование), технологиялық модельдеу, сынды түрлері жатқызылған. Нақты әлемдегі үдерістерді компьютерлік, ақпараттық-бағдарламалық тұрғыдан жасақталған көрінісін STEM технологияларының озық түрлерінің (математикалық модельдеу, инженерлік графика, дизайн жасау, сандық

зертханалар) көмегімен бақылап, зерттеп, қандай-да бір өнімдерді жасап шығаруда. Сонымен қатар сандық зертханалар – жаратылыстану цикліндегі сабақтарда демонстрациялық және зертханалық сабақтарды жүргізу үшін қажетті қондырғылар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің басты құралдары екенін ескергеніміз жөн. Сандық (компьютерлік) зертхана – әрүрлі физикалық-химиялық шамаларды тіркейтін датчиктер (құрылғылар) мен контейнерден, жеке компьютермен байланыс жасау қабілеті бар өлшеу блогынан құралған.

STEM ерекшелігі – бұл пәнаралық байланыс принцип, яғни бірнеше пәнді біріктіре отырып, бірнеше пәндерден алған білімді қоса отырып, жаңа бір қолданбалы зат жасап шығарады. Яғни, сол затты жасап шығарғанда мысалы; ол кішкентай бір конструктор, кішкентай бір гидравликалық кран болсын соны жасағанда химия, физика, математика, геометрияны да қолданып есептей алған білімдерін бірігіп өзіндік ұтымды ұтымдылыққа әкеледі. Сол арқылы оқушының логикалық ойлауы мен қатар теориялық әлауқаты артады. Міне осылай, STEM техникасынның жұмыс жасау барасында өмірде (практикада) қолдана алу бала үшін өте маңызды процесс. Сондықтан қазіргі таңда қысқа мерзімді жоспар жасау процессінде STEM-ді қолдану арқылы жасауда қарастырылып жатыр. Әрине, STEM – білім беру бағдарламасының жүзеге асыру қаржылай мәселелерге алып келеді. Бірақ, білімге салынған инвестиция, ең тиімді инвестиция. Бұл бағдарлама әрбір баланың өсіп, өнуіне өз септігін тигізеді.

Қазіргі заман талабына сай адам іс-әрекетінің қай салаларын алмайық, еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпаратпен жұмыс істеу үдерісін тездетіп әрі жеңілдетіп отыр. Ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертті деп айтуға болады. Әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да күн санап өзгеруде. Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салалар да бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады. STEM-бұл техника мен технология саласындағы заманауи мамандарды даярлау үшін ең жақсы білім беру шешімі деп айтуға болады. Осы сипаттамадан STEM тек болашақ IT мамандарын дайындауға арналған білім болып көрінуі мүмкін және бұл ішінара шындыққа сәйкес келеді. Алайда, STEM-білім беру аясы кең, өйткені ол нақты ғылымдарды шығармашылық тәсілмен біріктіреді және оқушылардың жеке басындағы екі бағыттың дамуына ықпал етеді. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұмтылатын ата-аналар көркемдік тәсілді дамытатын STEM филиалына STEAM – білім беру құралдарына жүгіне алады. Атап айтқанда, Еуропа елдерінде музыканттар, суретшілер және филологтар ASTM әдістері бойынша оқытылады. Себебі, еңбек нарығында сұранысқа ие технологиялар мамандары: бүгінде музыканттар

арнайы бағдарламалық жасақтаманың көмегімен хиттер жасайды, ал лингвистер жасанды интеллект пен үлкен мәліметтердің арқасында тілді зерттейді.

STEM мен Жаратылыстану бағытын оқытуда атқарып жатырған нәтижелі де жүйелі жұмыстары қазірге өзінің нәтижесін беруде десек, қате айтпағанымыз болар. Білім беру бағытында оқытылатын екі негізгі бағыттың бірі әрі бірегейі – жаратылыстану бағыты. Цифландыру әлемдік деңгейде күннен-күнге өсу үстінде. Осы орайда STEM мен Жаратылыстанудың не нәтиже береді? – деген сұрақтыңда туындауы орынды. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын (сымсыз коммуникациялар, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кең жолақты интернетке қол жеткізу және т.б.) дамыту жұмысы өзіндік жалғасын табуда. Мектептерде жаратылыстану бағытында оқытылып жатырған химия, биология, физика пәндері кабинеттері-мен, STEM-кабинеттермен жарақтандырылады – деп атап көрсетілген. Әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің біріне айналған – STEAM білім беру, төрт академиялық облысты (science, technology, engineering and mathematics) біріктірген. STEAM білім беру негізінде-пәнаралық және қолданбалы тәсілді қолдана отырып, оқушыларды оқыту идеясының негізінде құрылған. Әрбір бес пәнді жеке оқытудың орнына, бұл тәсіл оларды оқытудың бірыңғай схемасына біріктірген. Бұл мектептен тыс мектепте жобалық және оқу-зерттеу қызметін жүзеге асыру бағыттарының бірі. Жақын болашақта елімізде: IT-мамандар, бағдарламашылар, инженерлер, жоғары технологиялық өндіріс мамандары және т.б. алыс болашақта қазір елестету қиын мамандықтар пайда болады, олардың барлығы ғылымдармен түйіскен жерде технологиямен және жоғары технологиялық өндіріспен байланысты болады. Біздің Қазақстанның шикізат өңдеу, мұнай салаларын дамыту мықты мамандар қажет. Егер жаратылыстану бағытын таңдайтын әрбір оқушы осы саланың ең үздік маманы болып шығуға үлкен мүмкіндік алады. Ал, ол мүмкіндік біздің елдің әл-ауқатының өсуіне инвестиция құяды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 «Білімді ел-Образованная старана» газеті.

2 Ногайбаева Г., Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. «Білімді ел – Образованная страна», №20 (57), 25.10.2016.

ҒТАМР 14.07.01

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Қ.Е. Еркін

Оқытушы, Жоғары Медициналық колледжі, Алматы қ.

Педагогика статикалық күйде болмағандықтан, оның тұрақты өзгерістері жалпы қоғамға және әрбір жеке тұлғаға жеке әсер ететін процестерге байланысты болғандықтан, бұл өзгерістерді зерттеу және бекіту қызықты ғана емес, сонымен бірге болашағы зор. Қарастырылған тенденциялар (жаһандық, ұлттық және аймақтық) педагогика ғылымында болып жатқан трансформациялық процестер туралы жиынтық қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл үрдістер жалпы педагогикаға ғана емес, оның негізгі категорияларына да әсер етеді: оқыту, тәрбиелеу, білім беру. Индустриалды қоғамнан постиндустриалды қоғамға көшу жаңа көзқарастарды, формалар мен әдістерді талап етеді. Бір жағынан қоғамға әсер етсе, екінші жағынан осы қоғамның сұранысынан қалыптасқан өнім болып табылатын қазіргі педагогикалық үрдістер туралы деректер жинақталған.

Түйін сөздер: педагогика, қоғам, оқыту, білім, тәрбие, дидактика.

Қазіргі қоғам тек қана білікті, іскер, білімді мамандарды ғана емес, сонымен қатар адамгершілігі мол, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, саналы таңдау жасауға дайын дамыған тұлғаларды қажет етеді. Ғылыми-техникалық прогресс бір орнында тұрмай, ақпаратқа қолжетімділік жеңілдеп жатқандықтан, білім беру жүйесін үздіксіз жаңғырту қажет.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі жағдай екі сөзбен жақсы сипатталады: «өсу» және «кеңейту». Шынында да, жаңа технологиялар білім беру бағдарламаларында кең таралғандықтан, педагогтар өздерінің оқу стратегияларын біртіндеп қайта ойластырып, дамытып, қарастырып отыруы шарт. Оқытудың инновациялық әдістері үздіксіз дамып келеді. Педагогтердің педагогикалық біліктілігі артып келеді. Студенттердің шығармашылық әлеуетін белсенді дамытуға баса назар аударылады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы білім берудің мүлдем жаңа тенденцияларының пайда болуына жол ашты, олардың арасында әдетте келесілер ерекшеленеді [1].

Сызықтық емес білім беру технологиялары.

Біз адамзаттың өмір сүруіне қауіп төндіретін жаһандық проблемалар дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Олармен күресу стратегияларын әзірлеу және

жүзеге асыру жаңа ойлау тәсілдерін, тіпті жаңа дүниетанымды қажет етеді. Ең алдымен, бұл ойлау компьютерлік, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар арқылы қалыптасады, әрбір жеке тұлғаның ойлау тәсілін өзгертеді, сонымен қатар моральдық-этикалық құндылықтардың жаңа жүйесін жасайды. Мұндай өзгерістердің негізгі салдарының бірі – сызықты емес ойлаудың жаппай таралуы, яғни берілген жолды соқыр ұстануға емес, бірнеше баламалардың арасынан таңдау жасауға дайын болу.

Бүгінгі күні сызықтық емес ойлауды дамыту тек бастауыш сынып оқушылары арасында ғана емес, кез келген жаста пайдалы деген пікір кең таралуда. Мысалы, Гарвард Шығармашылық Альтруизмді зерттеу Орталығының зерттеулері жоғарыда аталған жүйенің көмегімен нақты білім алатын егде жастағы адамдардың Паркинсон және Альцгеймер ауруларына әлдеқайда аз бейім екенін және сергектік пен ойдың өткірлігін сақтай отырып, қартайғанда ешқашан ессіздікке ұшырамауына нақты сенімді түрде дәлелдей алды.

Электрондық оқыту.

Білім берудегі заманауи тенденциялар білім беру процесінің міндеттерін орасан зор ақпарат ағындары арасында шарлау мүмкіндігіне қарай өзгертуге бағытталған. Бұл білім беру үдерісіне жаңа, дәстүрліден айтарлықтай ерекшеленетін көзқарасты талап етеді, өйткені білім беруде веб-технологияларды пайдалану ғана емес. Интернетті пайдалану барлық қажетті материалдарға оңай қол жеткізуді қамтамасыз етіп қана қоймай, педагогиканың мүлдем жаңа түрін қалыптастырады.

Қазіргі кезеңде білім беру ұйымдарында электрондық оқытуды пайдалану үш типтік жолмен жүзеге асады: жұмыс істейтін сыныпта оқыту электронды байланыс арқылы бетпе-бет оқытумен толықтырылады; жеке оқытуды электронды түрде толықтыру; дәстүрлі оқытуды алмастыратын онлайн курстар арқылы тәуелсіз оқыту.

Интернетті пайдаланудың мұндай әртүрлі тәсілдері білім беру жүйесінің мұғалімге бағытталған, оқытушыдан оқушыға бағытталған оқытуға ауысуын көрсететін жаңа педагогикалық үлгілердің пайда болғанын көрсетеді. Дегенмен, электронды оқыту тірі оқытуды толығымен ауыстыруды болады дегенді білдірмейді, бірақ ең алдымен мұғалімге ақпаратты тиімді жеткізуге, студенттерді бағалауға және аудиторияға бағыт-бағдар беруге көмектесетін компьютерлік құралдарды құруды қамтамасыз етеді [2].

Онлайн курстар.

Онлайн оқыту курстары көптеген компоненттерді қамтиды: техникалық архитектура, оқу дизайны, графикалық дизайн, зияткерлік меншік және дизайн авторлық құқығы. Әдетте, қазіргі кезеңде аталған курстардың көпшілігі мұқият педагогикалық және технологиялық сараптамалардан кейін ғана жарияланады. Осылайша, бұл веб-сайтта орналастырылған лекциялардың санынан да көп, өйткені ол курсқа қойылған нақты оқу мақсаттарына және әзірлеуші күтетін нәтижелерге, нақты оқу әрекеттері мен өлшенетін нәтижелерге байланысты әдейі жасалған нұсқаулық дизайнын қажет етеді.

Мобильді оқыту.

Біздің заманымызда мобильді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әлеуметтік құрылымның өзгеруіне ықпал ететін маңызды факторлардың бірі деп санауға болады. Біз телефонды, интернетті, деректерді сақтауды және т.б. бір құрылғыда біріктіретін нағыз портативті ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірінші буынының дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Олар күн сайын тұрақты оқу орындарына тәуелділікті азайтады, осылайша оқыту әдістерін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, мобильді оқытудың арқасында көптеген университеттер оқытудың жеке бағытының басымдылығын жариялайтын «тек жеткілікті, дәл, уақытында, тек маған» принципі белсенді түрде енгізе бастады.

Эволюциялық концепция.

Заманауи әлемнің басты ерекшелігі – оның адам өмірінің барлық деңгейінде көрінетін әртүрлілігі мен өзгермелілігі. Тұрақты қоғамды дамыту және жаһандық дағдарыстар мен басқа да қақтығыстардың алдын алу мүмкіндігі нақты қоғамның білім деңгейіне тікелей байланысты.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда білім беру жүйесін дамытудың негізгі тенденциялары тағы бірнеше түрлері бар. Олар арқылы білім берушінің ақпараты білім алушыға тікелей жол тартып, білім беру жүйесі дамиды. Білім беруді дамытуды дамыту үшін педагог бойында және дамыту мақсатында ұйымдастырылатын жұмыстарында мынандай қасиеттер болуы шарт [3]:

Тұрақтылық: адам өмір мен оның динамикалық өзгеретін талаптарын сақтау үшін үнемі өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуы керек. Білім беру жүйесі өмір бойы білім алуға, білімдерін тереңдетуге және өзектендіруге мүмкіндік беруі керек.

Әмбебаптық: білім беру процесі студенттің құзыреттіліктерінің, дағдыларының және жұмсақ дағдыларының кең тізімін қалыптастыруы керек, бұл оған жаңа қызмет бағыттарын тез игеруге, қажет болған жағдайда қайта даярлауға мүмкіндік береді

Кросс-тәртіп: студенттерге білімнің әртүрлі салалары арасындағы байланыстар айқын болуы керек, ал білім бірнеше пәндердің құралдарын қолдана отырып, нақты міндеттерді шешуге негізделуі керек.

Жеке көзқарас: әр студенттің жеке ерекшеліктері, білім беру мен тәрбие шеңберінде өзара іс-қимыл қандай формада болса да ескерілуі керек.

Прагматикалық бағыт: білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыты оның қызметтің өзекті салаларына және ағымдағы міндеттерге бағдарлануы болып табылады. Барлығы еңбек нарығындағы жағдаймен, бәсекелестікпен, белгілі бір кәсіптерге деген сұраныспен анықталады.

Ашықтық: білім беру мақсаттары тек мемлекет тарапынан тапсырыспен ғана емес, сонымен қатар білім алушылар мен олардың ата – аналары, оқытушылары-жалпы, білім беру процесіне қатысқандардың барлығы сезінетін оқыту қажеттіліктерімен де белгіленеді.

Көп сатылы: білім беру процесі бірқатар сатылардан тұрады және олардың әрқайсысында студент өзі қол жеткізе алатын және ұмтылатын даму

мен дайындық деңгейіне жетуі керек. Бұл қадамдардың барлығының өзіндік ерекшеліктері, уақыты мен мақсаттары бар.

Стандарттау: қазақстандық білім беру жүйесін дамыту бірыңғай мемлекеттік стандартқа сәйкес келуі керек (оқытудың кез келген түрі үшін).

Бөлу: іс жүзінде әртүрлі формаларды алады. Бұл студенттерді үлгерім топтарына біріктіру, оқу орындарын (жаппай, элиталық, даму ерекшеліктері мен кешігуі бар адамдар үшін), оқу пәндерін (міндетті және таңдау пәндері бойынша) жіктеу, кейбіреулер үшін немесе барлық оқушылар үшін жеке оқу жоспарларын құру (олардың қызығушылықтары мен кәсіби бағдарларын барынша қанағаттандыру үшін) болуы мүмкін.

Инновация: үлкен шығармашылық және стандартты емес тәсілдер бағытында білім беру жүйесін дамыту, қатаң регламенттерден бас тарту, студенттердің өзіндік жұмысына назар аудару, оларға шешімдерді іздеу дағдыларын, міндеттерге ғылыми көзқарасты қалыптастыру.

Белсенділік тәсілі: теория практикалық іс-әрекетті тиімдірек еткенде ғана мағыналы болады. Бұл оқушыларды оқуда, шығармашылықта, танымда, жұмыста белсенді болуға ынталандырады.

Ұлттандыру: білім беру – ұлттық дәстүрлер, мәдени мұра, ел тарихы болсын, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытудың бір жолы.

Жаһандану: ұлттық білім беру жүйелері бір-бірін біліммен байыту, ортақ нәрсені табу, әмбебап принциптер негізінде даму үшін тығыз өзара әрекеттесіп, ынтымақтасуы керек.

Гуманитаризация: оқу бағдарламаларының мазмұнын студенттер оқудың қай түрі мен деңгейіне қарамастан сәтті игеруі керек. Сондай-ақ, білім беруді дамытудың бұл бағытына шет тілін үйрену және кез келген ұлт пен кәсіптің адамдары бір-бірімен еркін сөйлесе және түсіне алатындай ана тілін жетік меңгеру кіреді; экономика және заңдар саласындағы сауаттылық; өз елінің және бүкіл әлемнің тарихы мен мәдениетімен танысу.

Этика: білім беру жүйесі педагогтар мен студенттерде өзара сыйластықты дамытып, денсаулықты сақтау және нығайту, адам құқықтары мен өзін-өзі бағалау, адами әлеует пен талантты ашу сияқты құндылықтарды насихаттауы керек.

Әлемнің заманауи ғылыми бейнесін барабар қабылдау және тұрақты даму үшін білім берудегі инновациялар қоғам үшін өте маңызды. Осы идеяға сүйене отырып, қазіргі педагогиканың көптеген теоретиктері педагогика табиғатта жинақталған тәжірибені қабылдап, оны адам іс-әрекетінде пайдалану қажет деп есептейді.

Жалпы, табиғат сыртқы әсерлерге төзімді, өзгермелі жағдайларға оңай бейімделіп, жақсара алады. ХХІ ғасырдағы білім берудегі негізгі тенденциялардың бірі әрбір жеке оқу ұжымының өзін-өзі ұйымдастыруға және үнемі өзгеріп отыратын әлем жағдайларына бейімделуге қабілетті жүйеге айналуы таңқаларлық емес деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Абрамовских Н.В. Қазіргі педагогикалық білім: тенденциялар мен даму болашағы // «Концепт» ғылыми-әдістемелік электронды журнал. 2013. № S6. – 6-10 б. <http://e-koncept.ru/2013/13553.htm>.

2 Клименко Т.К. Қазіргі білім берудегі дәстүрлер мен жаңалықтар. <https://www.altspu.ru>.

3 Джуринский А.Н. Тарих-педагогика ғылымының даму тенденциялары мен мәселелері // Педагогика, 2011. № 7. – Б. 79-83.

ҒТАМР 14.25.01

КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ ДАЯРЛАУ КЕЗІНДЕ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

А.Ә. Якуб

*Магистр, аға-оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан қ.*

Қ.А. Якубова

*Магистр-оқытушы, Астана Халықаралық университеті Педагогикалық колледжі,
Астана қ.*

Мақалада қоғамның басым құндылықтарының жоғары мектеп болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық даярлығы процесінде оның құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселесін жүйелі тұтастықтағы байланысы қарастырылады. Мұғалім – қоғамдық өзгерістердің орталық тұлғасы, кәсіби қызметтің нәтижелері оның имиджіне, әлеуметтік ұстанымына, құндылық-мақсатты көзқарастарына байланысты. Білім тек мәдени ретінде емес, сонымен қатар жүйелік тәсілдер тұрғысынан әлеуметтік институт ретінде білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары қарастырылады.

Түйін сөздер: педагогика, білім, мұғалім, аксиология, мәдениет, құндылық.

Экономикалық, әлеуметтік-саяси және қоғамдық үдерістер біздің мемлекетімізде мұғалімнің, оқытушының миссиясына басымдықпен қарауға алып келді. Мұғалім – рухани мәдениеттің негізгі өзегі, ол біздің бүгінгі кім екенімізге ғана емес, болашақта өзімізді қалай көрсететінімізге де байланысты. Қазақстанның ертеңгі күні негізінен қазіргі жас ұрпақтың білім деңгейі мен кәсіби даярлығымен, оның дүниетанымдық ұстанымымен, Қазақстанның жандануына белсенді қатысуға деген ұмтылысы мен қабілетімен айқындалатын болады. Мұғалім – қоғамдық өзгерістердің орталық тұлғасы, кәсіби қызметтің нәтижелері оның имиджіне, әлеуметтік ұстанымына, құндылық-мақсатты көзқарастарына байланысты.

Қазіргі заманғы жоғары мектеп болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық даярлығы процесінде оның құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселесін жүйелі тұтастықта толықтай жүзеге асырмайды. Мұғалімнің құндылықтар жүйесі – бұл университеттегі кәсіби-педагогикалық дайындық процесінің нәтижесі ретінде туындайтын оның ішкі әлемі.

Мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық дайындығының құрылымында құндылықтар жүйенің барлық басқа компоненттері негіз бола отырып, ерекше

орын алады. Мұндағы құндылықтар – бұл жеке мағынасы бар және студенттердің, болашақ мұғалімдердің – өскелең ұрпақтың тәрбиешілерінің адам мінез-құлқы мен өмірлік және кәсіби көзқарастарын қалыптастырудың бағдары болып табылатын рухани құбылыстар.

Қазіргі білім берудің басым құндылықтары – ұлттық мәдениеттің, өнер мен әдебиеттің, ғылым мен техниканың жетістіктеріне байланысты ұлттық құндылықтар болып табылады.

З.И. Равкин мен В.Г. Пряникованың білім берудің ұлттық құндылықтарының жіктелуі болашақ мұғалімді білім берудің ұлттық құндылықтарымен таныстыруда оның кәсіби-педагогикалық дайындығы барысында маңызды мәнге ие. Шынында да, З.И. Равкин білім беруді дамытудың мақсаты, шарты, негізі ретінде түсінілетін құндылықтар өзара байланысты және педагогикалық жүйенің негізін құрайды деп санайды. Сонымен қатар, олардың педагогикалық тұжырымдамаларға, білім беру саласындағы институттарға белгілі бір реңктер беретін сапалық ерекшелігі айқын көрінеді. Педагогикалық теорияны дамытудың болжамды негізі ретінде белгілі бір құндылық бағдарының маңызды мәнін ашу да ерекше маңызға ие. Сондықтан педагогика теориясының әртүрлі аспектілері мен аксиология негіздерінің қандай байланыста екенін анықтау маңызды. Гуманитарлық құндылықтардың мағынасын дәл көрсететін жүйені іздеу барысында З.И. Равкин мен В.Г. Пряникова аксиологиялық маңызды бағдарлардың барлық спектрін қамтитын білім берудің негізгі ұлттық құндылықтарының типологиясын ұсынды. Осы типология авторларының пікірінше, ұсынылған аксиологиялық бағдарлар жалпыадамзаттық және ұлттық рухани және материалдық құндылықтардың туындылары болып табылады және халықтық педагогиканың терең тарихи тамырларына, білім берудегі ең жақсы дәстүрлерге негізделген, бұл қазіргі жағдайда педагогикалық жүйенің дамуына, байытылуына және жаңаруына мүмкіндік береді. Білім беру – бұл іргелі негіз және оқушылардың бойында әртүрлі өмірлік салалардағы адамның шынайы және қиялдағы құндылықтары туралы нақты идеяларды қалыптастырудың қайнар көздерінің бірі болғандықтан, білім берудің құндылық шеңберін, басым құндылықтар жүйесін, тиісті бағдарлаудың педагогикалық технологияларын әзірлеу білім беру жүйесін жетілдіру, оны дамыту стратегиясын әзірлеу жолындағы қажетті және маңызды қадам болып табылады. Бұл үдерісте РАО академигі З.И. Равкиннің пікірінше, аксиологиялық бағдарлардың тарихилығын, құндылық позицияларының цивилизациялық дамудың жаңа кезеңінде жаңа мәнге ие болу қабілетін есте ұстаған жөн [1].

Аксиологиялық бағыттағы заманауи білім беру тұжырымдамасын құру дұрыс бағыттағы қадам бола алады, өйткені білім беру жүйесінің жұмыс істеу шарттары мен тетіктері анықталады, мұнда жеке тұлға интерьерленген құндылық бағдарлары адамның рухани-адамгершілік әлеуетінің көрінісін ынталандырады, рухани мәдениеттің қалыптасуына мақсатты түрде әсер етеді. Бұл процесс, әрине, мұқият назар аударуды, жаңа технологиялық әзірлемелерді қажет етеді, өйткені оның өзекті даму деңгейі және жалпы білім сапасы тұлғаның құндылық бағдарлау жүйесінің қалыптасуына байланысты. Сонымен қатар, құндылық бағдарлары

адамның өмірін реттеудің бірегей жүйесі ретінде, мазмұнына байланысты, білім беру процесінің стратегиялық сызықтарын дәл құруға мүмкіндік береді.

Педагогиканың аксиологиялық негізі – ғылым практикамен тексерілген идеялар жиынтығымен, қабілетті идеялармен құрылған бұрынғы және жаңа ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелілігін қамтамасыз ету. Ғылымның құндылық негізі қалыптасты табылған позициялардың синтезінің арқасында педагогикалық заңдылықтардың мәртебесі – педагогикалық принциптер, ерекше маңызды сипаттамалары бар және келесідей аксиологиялық инварианттар ерекшеліктері. Біріншіден, бұл идеялар – ерекше құндылығы, маңыздылығы және пайда болғаннан кейін (уақыт пен объективті жағдайлар талап етеді), олар енді ешқашан жоғалып кетпейді, педагогикалық тұжырымдамалардың, модельдердің, теориялардың негізі болып табылады, білім беру үдерісі тұрақтыға айналады. Екіншіден, бұл жаңа бағыттарды дамытуға, байытуға, түрлендіруге, өндіруге қабілетті педагогикалық идеялар педагогикалық теория мен жұмыс тәжірибесінде мектептер дамып келе жатқан жүйелерге тұрақтылық беріп, өзекті болып қалады. Үшіншіден, аксиологиялық идеялар бар аяқталмау, қанықпау перспективасы, оларды қабылдау, түсіну және түсіндіру жаңасына сәйкес келетін жаңа міндеттер қояды – уақыт, жаңа әлеуметтік-мәдени өлшемдер, педагогикалық шындық. Төртіншіден, аксиологиялық идеяларды педагогика мен білім берудің қарқынды инновациялық дамуын тұрақтандыру үшін қажет. Аксиологиялық идеялардың негізділігі бұл көзқарас айқын, өйткені ол процесте жаңа мен ескінің өзара байланысын дамытып, қамтамасыз етеді [2].

Адамның құндылығы, тұлғаның рухани әлемі оның құндылыққа бағдарлануының қалыптасу дәрежесімен, оның қоғамға, оның тарихына, қазіргі уақытына, қоғамдық мүдделерінің ауқымына, байлығына және қоғаммен байланысы мен қарым-қатынасының әртүрлілігіне байланысты анықталады.

Аксиологиялық көзқарастарды теориялық талдау педагогикалық процестерде жүзеге асырылатын диалектика заңдары қоғам құндылықтарының эволюциясын көрсетеді деген қорытынды жасауға негіз береді, олар жаһандық мақсаттардың басымдылығын, жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге, олардың әртүрлі педагогикалық жүйелерге енуіне әкеледі [3]. Ғалымдардың пікірінше, ұлттық құндылықтарға мәдени жетістіктер, отандық педагогикалық мәдениет ескерткіштері, халықтың тәрбие мен оқыту саласындағы тарихи қалыптасқан дәстүрлері, көрнекті ұлттық педагогтардың классикалық мұрасы, олардың жетекші идеялары, теориялары мен тұжырымдамалары, дидактикалық және әдістемелік әзірлемелер, оқу кітаптары мен әдістемелік құралдар, оқытудың технологиялық әдістері мен тәсілдері, инновациялық шығармашылық педагогикалық тәжірибе, құқықтық және заңнамалық актілер, білім беру саласындағы прогрессивті реформаларды анықтаған бағдарламалық құжаттар кіреді. Бұл құндылықтар аксиологиялық басымдықтар жүйесін құра алатын педагогикалық құндылықтарды таңдауда негізгі рөл атқарады – білім беру теориясы мен практикасын, қазіргі мұғалімнің кәсіби-педагогикалық дайындығын дамытуды көздейді.

Білім беру тарихының аксиологиялық мәселелерін зерттеу, жалпыадамзаттық құндылықтарға, білім берудің ұлттық құндылық басымдықтарына, тұлға руханиятының проблемасына жүгіну қазіргі педагогикалық білім беруді дамытудың шұғыл қажеттілігі болды және болады, өйткені дәл осы құндылықтар өткен мен болашақты байланыстыратын өзіндік буын болып табылады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылық басымдықтарын қамтитын білім берудің гуманистік педагогикалық құндылықтарының болашақ педагогикалық қызметінің жетекші идеалдары, нормалары мен көзқарастары ретінде мұғалімнің жемісті игеруі және қабылдауы үшін кәсіби-педагогикалық даярлық процесінде әлеуметтік пайдалы және өнімді шығармашылық қызметте көрсетілген құндылықтарды өмір сүру және сезіну, қорғау және бекіту қажет.

Алайда, педагогикалық университеттің қазіргі білім беру процесінде мұндай қызметтің үлесі шамалы, сондықтан кәсіптік-педагогикалық білім берудің мазмұны жетілдіруді және дамытуды қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Национальные ценностные приоритеты сферы образования и воспитания (вторая половина XIX – 90-е гг. XX вв.) / Под ред. З.И. Равкина. – М.: ИТОиП РАО, 1997. – С. 409-410.

2 Кирьякова А.В. Оренбургская ветвь научной школы аксиологии воспитания Т.К. Ахаян. Вестник Оренбургского государственного университета, 2020, № 5 (228).

3 Кирьякова А.В. Аксиологическая концепция ориентации личности в мире образования, Вестник ОГУ, 1/99.

ҒТАМР 27.01.45

КӨРСЕТКІШТІК ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

А.Б. Кадирова

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Бұл мақалада жоғарғы сынып оқушыларына алгебралық теңдеулер, оның ішінде көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді оқытудағы пәнаралық мазмұнды есептердің маңыздылығы, пәнаралық мазмұнды есептің анықтамасы келтіріледі және оларға мысал есептер қарастырылды. Сонымен қатар көрсеткіштік теңдеулердің шешімдерін оқушыларға смартфондағы қолжетімді қосымшалар арқылы графиктік тәсілмен көрсетуге болатындығы көрсетілді. Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді оқытудағы пәнаралық мазмұнды есептерді шығару арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығының артуына ықпал ететіндігі қарастырылды.

Түйін сөздер: көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер, логарифм, пәнаралық мазмұнды есептер, смартфондағы қолжетімді қосымша, оқушылардың функционалдық сауаттылығы.

Басқада ғылым салалары сияқты математикада адамдардың тұрмыстық мұқтаждықтарынан пайда болды. Мысалы, жер телімінің ауданы мен ыдыстың сыйымдылығын өлшеу, уақытты есептеу, құрылыстағы есептеулер тағыда басқа қажеттіліктерді атап көрсетуге болады. Математиканың өзіндік ерекшелігі оның қолдану аясының кеңдігінде. Кез келген ғылым саласында объектіні зерттеу үшін математикалық әдістер қолданылады. Математиканы басқа пәндермен байланыстыра оқыту оқушылардың дүниетанымының оңынан қалыптасуына әсер етеді. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында оқушылардың білімі мен білігін тереңдетуге мүмкіндіктер туады. Математика сабақтарында теориялық материалды терең түсінуімен қатар, практикалық қолдану аясын кеңейту оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырумен қатар пәнге деген қызығушылығының артуына ықпал етері анық.

Теңдеулер мен теңсіздіктер ұғымы математиканы оқытудағы негізгі ұғымдардың бірі. Бұл ұғымды оқушылар бастауыш сыныптардан-ақ кездестіреді. Оқушыларды теңдеулердің әртүрлерімен таныстыру (сызықтық, квадраттық, бөлшек-рационал, көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер және

т.б.) мәтін есептерді, оның ішінде пәнаралық мазмұндағы мәтін есептерді шешуге қолданылатын теңдеулер теориясы аппаратын айтарлықтай кеңейтеді. Жаңартылаған білім беру бағдарламасы негізінде пән мұғалімдері оқу мақсатына сай оқушыларға сапалы білім беру мақсатында оқушыларға теориялық материалды жай ғана оқытумен шектелмей, олардың күнделікті өмірде қолдану аясын байланыстыра көрсетіп отыруы қажет.

Пәнаралық мазмұнды есептер деп сабақтас пәндерден алынған білімдерді қарастыруды немесе қолдануды талап ететін немесе бір оқу пәнінің материалдары негізінде құрастырылған, бірақ басқа пәндерде белгілі дидактикалық мақсатпен қолданылатын есептерді айтады [1, 40 б.]. Мұндай есептер мен тапсырмаларды орындау арқылы оқушыда тақырыпқа сай математикалық ұғымдар мен заңдылықтарды түсіну деңгейі жақсы қалыптасады.

Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуді үйрену арқылы алған білімдерінің негізінде, популяцияның өсуі мен кемуі, радиоактивті заттардың ыдырау уақытын, қаржылық өсімді анықтай алады және еліміздегі халық саны шамамен белгілі бір жылдардағы өсу көрсеткішін шамамен бағалай алады. Осындай биологиялық, физикалық, химиялық немесе географиялық мазмұнды есептердің шешімін анықтау арқылы пәнге деген қызығушылығы артып, функционалдық сауаттылықтары артады. Жоғарыда көрсетілген тақырыптарға сай есептер Ә.Н.Шыныбековтың жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығында қамтылған.

Мысал 1. Популяцияның өсуі мен кемуі.

Екінші жәндіктердің егістік алқабына зиян келтіруін бақылайды. Бақылау жүргізу барысында жәндіктердің зиян келтіру аймағы $A_n = 500 \cdot 2^{0,6n}$ га заңдылығы бойынша анықталатынын байқады (мұндағы n -апта саны). Жәндіктер 4000га егістік алқабына қанша күннен кейін зиян келтіруі мүмкін екендігін анықтау қажет.

Шешуі: n – апта саны екенін ескерсек, онда $y = 500 \cdot 2^{0,6n}$ көрсеткіштік функциясымен зиян келтіру уақытын анықтауымызға болады. $A_n = 4000$ екені белгілі, онда берілген көрсеткіштік теңдеуімізді келесідей түрлендіре отырып, n айнымалысының мәнін анықтаймыз:

$$500 \cdot 2^{0,6n} = 4000$$

$$2^{0,6n} = 8$$


$$2^{0,6n} = 2^3$$

$$0,6n = 3$$

$$n = \frac{3}{0,6} = 5$$

Демек, 5 аптада немесе 35 күнде жәндіктер 4000га жерге зиян келтіреді.

Смартфондағы қолжетімді қосымша <https://www.desmos.com/calculator> онлайн графиктік калькулятор көмегімен графикін салу арқылы анықтауымызға болады.



Жауабы: 5 апта немесе 35 күн.

Радиоактивті заттардың ыдырау уақыты.

Радиоактивті заттың M_t массасы (граммен) t уақыт (апта) өткен сайын ыдырап, азаяды және $M_t = 1000 \cdot e^{-0,04t}$ заңдылығына бағынады. Зат массасының жартысы ыдырайтын уақытты атаңдар. Қанша уақытта зат массасы 25г болады? [2, 51 б.].

Қаржылық өсім.

U_0 ақша көлемі белгілі бір мерзімге r пайызбен инвестицияға салынса, n мерзімінен кейінгі жинақталған соманы $U_n = U_0 \cdot (1 + k)^n$ формуласымен есептейді. n -ді табу үшін логарифмді қолданып көрсеткіштік теңдеу шешіледі [2.50-бет].

Мысал 2. Айғаным 100 000 теңге ақшасын жылдық пайызы 10% болатын депозитке салды. Неше уақыттан кейін Айғанымның ақшасы 800 000 теңге болатынын анықтаңыз.

Шешуі: $U_n = U_0 \cdot (1 + k)^n$ формуласын қолдана отырып, келесідей түрлендірулерді аламыз:

$$U_n = 800\,000, U_0 = 100\,000, k = 0,1$$

$$800\,000 = 100\,000 \cdot (1 + 0,1)^n$$

$$(1 + 0,1)^n = 8$$

$$1,1^n = 8$$

$$n = \log_{1,1} 8 = \frac{\lg 8}{\lg 1,1} = 16,87.$$

Айғанымның ақшасы 16,87 жыл немесе жуық шамамен алғанда 202 айдан кейін 1 000 000 теңге болады.

Жауабы: 16,87 жыл немесе жуық шамамен алғанда 202 ай.

Осындай көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді оқытудағы пәнаралық мазмұнды есептер ең алдымен оқушылардың теориялық білімін күнделікті өмірде қолдана алу құзыреттіліктерін қалыптастырады, пәнге деген

қызығушылығы артады, яғни оқушылардың функционалдық сауаттылығы артуына ықпалы зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Серікбаева В.Е. Математиканың пәнаралық байланыстары: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2007. – 199 б.

2 Шыныбеков Ә.Н., Шыныбеков Д.Ә., Жұмабаев Р.Н. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық, 2 бөлім. – Алматы: Атамұра, 2020. – 144 б.

ҒТАМР 14.33.01

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ОҚУ МАҚСАТТАРЫНА ЖЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Л.Б. Бисенова

Мұғалім, Абай атындағы мектеп-гимназия, Ақжайық ауд., Батыс Қазақстан обл.

Бұл мақалада орта білім беру ұйымдарында қазақ әдебиетін оқу мақсаттарына сай оқытудың әдістері көрсетілген. Педагогтің бағдарламалық материалдарды игертудегі құндылықтарға бағытталған іс-тәжірибесі баяндалған.

Түйін сөздер: көркем шығарма, құндылық, шығарма сюжеті, саралау, көркемдеу тәсілі, образ.

Қазақ мектебіндегі қазақ әдебиеті пәні – білімдік, тәрбиелік үлкен жүк көтеретін, әр жақты қызметтер атқаратын ең маңызды пәндердің бірі.

Әдебиет пәнінің негізі – көркем шығарма. Ал шынайы көркем туындыда адамзаттың асыл арманы, ұшқыр қиялы, ел басынан өткерген қилы-қилы оқиғалар, сол жолдағы күрес-тартыстары, өмір белестері, елдің ерлік дәстүрлері, халық тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, ырым-жоралғылары, психологиясы, кең дала табиғаты кескінделген. Сондықтан ол – оқушы зердесіне замана болмысын, дәуірдің тынысын бейнелейтін «өмір оқулығы», халқымыздың көркем тарихы.

«Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қабілеттерін қалыптастыру», – деген болатын ғалым, жазушы, ұлағатты ұстаз Қ.Жұмалиев.

Әдебиетті оқытудың күре тамыры – көркем мәтінді оқу мен талдау жұмысы.

Жоспарланған тақырыптарды оқу мақсаттарына жетуге негізделген әдіс-тәсілдермен дұрыс ұйымдастырса, сабақтың нәтижесі де жақсы болатыны анық. Өзім сабақ беретін 7-сыныптарға жалпы әдеби талдаудың үш жолын тәжірибемде пайдаланып келемін. Олар:

1. Автор ізімен талдау;
2. Көркем туындыны образдар жүйесіне қарай талдау;
3. Әдеби шығармаларды проблемалық талдау.

Жас ерекшеліктеріне сай, 5-7 сынып оқушылары көркем шығарманың ең қызықты, ең шиеленісті оқиғаларына назар аударады. Автор ізімен талдау бұл сыныптарда тиімді. Көркем шығарманың мазмұнымен таныса отырып,

көтерген мәселесіне, автордың көзқарасына, кейіпкерлер іс-әрекеті мен туындының көркемдігіне бойлайды. Әрине, ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері бойынша оқу мақсаттары Блум таксономиясына негізделген деңгейлер арқылы жүзеге асырылады.

Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау. Шығарма мазмұнын үйге оқуға беріп жіберемін.

Сабақта, ең әуелі, мәтін мазмұны бойынша талдау сұрақтары беріледі. Мысалы, 1.Төлен Әбдіков шығармасын неліктен «Қонақтар» деп атады?

2. Ерғабыл шал жалғыз баласының қолына неге барып тұрмайды?

3. Әңгіме саған қандай ой салды? деген сұрақтар беріледі.

Шығарма сюжетінің композициялық құрылымын жасату – оқушының оқиғаларды есте сақтауына, мән бере қайта оқуына үлкен көмек береді. Шығарманың бөлімін беріп, жоспар құрғызудың да маңызы зор.

Оқиғаларды жазып, сюжеттің композициялық құрылымына қарай орналастырту да оқушыларды ойландырады.

«Биопоэма» әдісі де шығарма туралы толық талдауға ыңғайлы әдіс. Тақырыпқа сай сұрақтарын өзгертіп пайдалануға болады.

Мысалы: Шығарманың аты «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»

Кейіпкері: Қазтуған.

Қазтуғанның әкесі: Сүйініш.

Қазтуғанның анасы: Бозтуған.

Қазтуған қандай? таудағы тарлан бөрі, қарғабойлы, қайғылы.

Ата қонысы: Еділ-Жайық жағасы.

Қазтуғанның өкініші: өз жерінде иелік ете алмауы, кейінгі ұрпақ болашағының көмескілігі.

Себебі: ата қонысын орыстардың тартып алуы.

Қазтуғанның іс-әрекеті: ата қонысымен қоштасып, еріксіз көшеді.

Қазтуғанның арманы: туған жерінде еркін өмір сүру.

Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау.

Шығарманы талдау барысында Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесі бойынша оқушыларға мынадай сұрақтар жазып, алдарына қойдым. Олар ойлана жауап берді.

1. Ерғабыл қарттың мақсаты қандай? Шаңыраққа ие болу дегенді қалай түсінесің?

2. Сапабектің әңгімесі неліктен Ерекеңе ұнамады?

3. Ерғабыл шалдың немересінің іс-әрекетінен қандай ой түйдің?

4. Томаның ауыл келіндерінен айырмашылығын байқадың ба?

М.Шахановтың «Нарынқұм зауалын» оқыған кезде «Датым бар» әдісін қолдандым. Шығармадағы кейіпкердің әрекетін танытатын жолдар ұсындым.

– Махамбеттің қандай адам екендігін кім айта алады?

*Туған елім, еңселім,
Бостандыққа шақырып ем,
Жан ашырың, жақының ем,
Және қайсар ақының ем мен сенің.
Шындық үшін жалғыз түстім егеске.*

Датым бар! Махамбет ел бостандығы үшін күресті. Махамбет шындықты қалады.

2. Ақындықтың басты шарты –
*Басты алса, да шындықты айту емес пе?
Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,
Оның тартар азабы да соншама.*
Датым бар! Отаны үшін бар қиындыққа шыдайды.

3. *Мен сенемін, күні ертең
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.*
Датым бар! Махамбет елінің ғажап боларына сенеді.

4. *Ақындарың сұлтандардан
Артық сыйлар кез келер.
Қадір тұтам қиялдауды
Ертең талғам өзгерер.
Шындап құлай сүйе алмауды
Қылмыс санар кез келер.*

Датым бар! Махамбет ақындарды бағалайтын заман туатынына, махаббаттың жеңіске жететініне сенді, ол орындалды.

Дескриптор:

- Шығарма үзінділері бойынша өз ойын айтады;
- Махамбеттің тұлғалық болмысын анықтайды.

«Мен кімін?» әдісінде «Махамбет», «Әке», «Бала» – үш топқа сұрақ берілді.

Махамбет: – Мен аңсаған тәуелсіз елдің ұрпағы, менің өлер алдындағы сөзім сендерге қалай әсер етті?

Жігіт: – Махамбетті өлтіргенімді бетіме басатын шығарсыңдар? Әкемнің үкіміне келісемін. Сендер мені гуманистік тұрғыдан бағалай аласыңдар ма?

Әке: – Балалар, мен өз балама өзім үкім шығардым? Бұл әрекетіме қандай пікір айтасыңдар?

Сұрақтар бойынша кейіпкерлердің тұлғалық болмысына өз көзқарасымен гуманистік тұрғыдан баға берді.

Махамбеттің «Батырлығы жоқ адамнан ешқашан Үлкен ақын шыққан емес ешқашан» немесе «Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын, Оның тартар азабы да соншама» деген үзінділермен байланыстара ойларын жеткізді. Жігіт ісіне баға беруде бала кезінде әкесінің Махамбетті жек көрген себебін мысал арқылы дәлел келтіре талдады.

Сабақта мынадай саралау тапсырмасын бердім:

1. Халық сүйетін, құрметтейтін тұлғаларға зұлымдық жасау әрекеті қазір бар ма?

2. Сен сондай адам болсаң, әкең қатал жазаға тартады деп ойлайсың ба?

Оқушылар өз ойларын бүгінгі өмірден мысалдар келтіре отырып әңгімеледі.

Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау. Осы оқу мақсатына негізделген сабақта қандай эпизодтағы теңеу сөздер немесе эпитеттер әсерлі қолданылған? ... беттегі мақал– мәтелдің мағынасын ашып жазыңыз, неге қолданылған деп ойлайсың? Мына бөлімдегі фразеологизмнің қолданылу аясын түсіндіріп жіберіңіз деген тапсырмалар да оқушыны жалықтырмайды. Мысалы, «Нарынкұм зауалы» шығармасын өткенде 1-топқа Махамбеттің батырлық, ақындық қасиеттерін ашу үшін қолданған көркемдегіш құралдарын табуға тапсырма берсем, 2-топ әке бойындағы адалдық, ақынға деген құрметті автор қандай сөздермен әсерлі жеткізгенін анықтады, 3-топ жігіттің көрсеқызарлық, мақтаншақтық, қатыгездік мінездерін дәлелдейтін көріктеу тәсілдері қалай қолданылғанын түсіндірді.

Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру.

Эпизод (грек. *epizodion* – қоспа, үстеме) – көркем шығарма сюжетіндегі өз алдына мәні бар, өзара байланысқан оқиғаның бір бөлшегі, көрінісі. Әр эпизод кейіпкердің белгілі уақыт аралығында өткен қимылын, ісін, екі не одан көп кейіпкерлердің арасында болып жатқан құбылыстардың біткен кезеңін көрсетеді. Көркем туындыдағы эпизодтарды салғастыру – оқиғалардың толық үйлесуін тексеру арқылы оларды салыстыру тәсілі.

Эпизод	Кейіпкер әрекеті қалай суреттеледі?	Ерекше әсер еткен тұстары	Эпизодтағы әрекеттерге тән мақал-мәтел	Эпизодтағы көріктеу тәсілі
Көкшолақ пен Көксерек				
Аққасқа мен Көксерек				

Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.

Кейіпкерлер	Портреті	Мінез-құлқын бағалауға бола ма?

Кейіпкерлердің портреттерін жаза отырып, олардың сыртқы сипаттарынан басқа, іс-әрекеттерінен психологиялық жан дүниелерін, мінездерін таниды.

Оқушыларға ізденіс, жоба берілді. Бір топқа иттер туралы қызықты ақпараттар іздестіру берілсе, екінші топқа қасқырлар туралы мәліметтер жазу ұсынылды.

Ит – адамның досы	Иттердің түрлері	Ит туралы қызықты деректер	Ит – жеті қазынаның бірі	Ит туралы мақал-мәтелдер	Ит ке байланысты ырымдар

Қасқыр – түз тағысы	Қасқырдың жас атаулары	Қасқыр туралы қызық деректер	Қасқыр туралы аңыз	Қасқыр туралы мақал-мәтелдер	Қасқыр туралы әдеби шығармалар

Осылай образдар жүйесін талдай отырып іздендіретін, ойландыратын жағдаятқа әкелеміз. Оқушылар болжам жасайды, өздерінше қорытындыға келеді. Мысалы, «Қонақтар» әңгімесі бойынша мынадай сұрақтар беруге болады:

1. «Әке жолын қуса, менің жолымды қусын! Ие болсын мына ку шаңыраққа!» деген Ерғабылдың сөзі босқа айтылды деп ойлайсың ба?

2. Шаңырақ иесі болатын жігіттің бойында қандай қасиеттер болуы керек деп есептейсің?

3. Ауылда балалары болса да Ерғабыл мен кемпірі сияқты тұратын қариялар бар ма?

4. Өзің әке-шешеннің жалғыз ұлы болсаң, не істер едің?

Жалпы мәтінді талдау әдіс– тәсілдерді қолдана беру емес, шығарманың құндылығын оқушы бойына әсерлі жеткізу деп білемін. Оқушылар берілген сұрақтарға өз шығармашылығымен жауап беретін болса, ойында қалады. БЖБ, ТЖБ –ларда да берілен тапсырмалар қиындық келтірмейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л., Қазақ әдебиеті, 7-сынып, «Атамұра» баспасы, 2017.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2002.
- 3 Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы, 2000.
- 4 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2014.
- 5 Таймасұлы Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі» әдістемелік оқу құралы. – Орал: «Ағартушы», 2012.

ҒТАМР 14.23.01

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Ә.К. Толқынбаева

*П.ғ.м., оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

М.Қ. Сағындық

*Студент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Еліміздегі инновациялық экономиканың, білім экономикасының қалыптасауы дамудың жаңа сапасын білдіреді, ол зияткерлік пен ғылымды қажетсінетін жоғары технологиялық салалардың басым жақтарын танып мойындау, стратегиялық маңызды бағыттарда жедел түрде алға жылжу, жоспарлау мен басқарудың жаңа тиімді әдістеріне көшу, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту.

Түйін сөздер: экономикалық тәрбие, мектепке дейінгі білім беру, қаржы, нарық, баға, үнемділік, әлеуметтік орта.

Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаев 2012 жылы 3 шілде күнгі жолдауында баспасөзде жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында адами құндылықты жаңа сапаға көтерудің басты тетігі ретінде білім сапасын дамытуға бет бұрды. Президент білім беру жүйесін жаңарту бағытында алдымызға жауапты міндеттер қойды. Сонымен қатар оқыту процесіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу уақыт талабы екенін ұғынатын уақыт келгенін айтты [1, 1 б.].

Қазіргі нарық заманында мектеп қабырғасында, оқу орындарында оқып жүрген өскелең ұрпаққа көптеген жаңа пәндер келіп қосылуда. Соның бірі – «Экономика» сабағы. Көптеген шет мемлекеттерге экономика сабағы балабақшадан басталса, ал елімізде бастауыш сыныптардан бастау алып келеді. Адам болашағын шешетін тәрбие екені белгілі. Экономикалық тәрбие адам бойында тәртіптілік, ұжымшылдық, ұқыптылық, іскерлік, еңбектегі шығармашылықтағы да басқа қасиеттер дарытуға бағытталған. Тәрбиенің ең өзекті мәселесі – білім негізінде жеке адамның ғылыми көзқарастарын қалыптастыру арқылы, қоғамдық тұрмыстағы адамдардың өндірістегі қарым-қатынасын қалыптастыру болып табылады. Экономикалық тәрбиенің негізі –

еңбек тәрбиесі болып саналады. Болашақтағы жастардың еңбекті қажетсінуін, еңбексүйгіштігі, саналы еңбек тәрті бірқалыптастыру экономикалық тәрбиенің алғышарты болып табылады [1].

Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби айтқан «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген тұжырымы баршамыздың жадымызда тұрады. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың дәстүрлерін үйрету арқылы жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулимыз.

Ал енді сұрақ туындайды:»Экономикалық білім беруді қай жастан бастап беру керек?»

Балаларға ақша мен жұмыс туралы 3 жастан бастап айтуға болады, бірақ жүйелі экономикалық білім беру әдетте 5-6 жастан басталады. Осы уақытқа дейінбала белгілі бір экономикалық тәжірибе алады: ата-анасымен дүкенге барады, ақша, сатып алу, төлем туралы сұрақтар қояды, сөйтіп кейбір бастапқы экономикалық білім алады. Экономикалық терминдер туралы түсінік беріп қана қоймай, баланы жалпы ақша мен ресурстарды ұқыпты ұстауға, олардың қажеттіліктерін дұрыс бағалауға, басқа адамдардың еңбегін және осы жұмыстың нәтижелерін бағалай білуге және құрметтеуге үйрету маңызды.

Экономикалық оқу біліміне не кіреді?

Экономикалық тәрбие балаларға «ақша», «баға», «құн», «сату», «өнім», «қызмет» тағы басқа ұғымдардың мағынасын түсіндіреді. Ол адамда әртүрлі қажеттіліктердің қалай пайда болатынына және адамның қоғамда оларды қалай қанағаттандыратынына назар аударады. Осылайша, бала тек заттарды сатып алу және сату процесімен ғана емес, сонымен қатар өндіріспен де танысады. Білім алу барысында баланың заттар: жиһаз, киім, ойыншықтар басқа адамдардың еңбегінің нәтижесі ретінде қорғалуы керек деген ойға келуі маңызды. Мұндай идеялар балалардың өздері кез келген құндылықты жасауға үйренген кезде жұмыс барысында игеріледі.

Мамандықпен танысу жайлы ойын ойнау өндірістік іс-әрекеттің сан алуандығы туралы түсінік беруге көмектеседі, ол балаға заттардың еңбек процесінде пайда болатынын түсінуге, материалдық және этикалық құндылықтарды байланыстыруға көмектеседі: үлкендермен арадағы қарым-қатынасты құрметтеу, еңбекті құрметтеу. Сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балалар жарнаманың не екенін біледі, оған дұрыс қарауды үйренеді [2].



Сурет 1. Математикалық сауыттылықты арттыру-экономикалық тәрбие бағыты.

Экономиканы мектеп жасына дейінгі балаларға әртүрлі жолмен түсіндіруге болады, кез келген жағдайда бұл білім беру және ойын-сауықтық сипаттағы ойын әрекеттері: дидактикалық ойын, рөлдік ойын және үстел ойындары, мысалы, дүкенде немесе наубайханада орын алуы мүмкін.

Түрлі ойын-сауықтар: жарыстар, викториналар, мерекелер оқу іс-әрекетін қызықты етуге көмектеседі. Сіз экономикалық түсінікті математикалық оқу іс-әрекетінсіз жасай алмайсыз, онда мектеп жасына дейінгі балалар экономика және ақшаны өндеу туралы қарапайым идеяларды алады. Ойынның проблемалық жағдаяттары алған білімдерін практикада пысықтауға мүмкіндік береді. Балалар сатып алуға байланысты әртүрлі өмірлік жағдайларда өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйренеді: мысалы, дүкенде кезекте тұру, супермаркетте сатып алу және тағы да басқа іс-әрекеттер.



Сурет 2. Жаңа ақпаратты игеру рөлдік ойын түрі.

Экономикалық білім әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды қамтуы мүмкін, мысалы, ақшаны ойлап табу – эскизді, атауды, пішінді ойлап табу. Сонымен бірге, сіз ақшаның не үшін қажет екендігі, әр дәуірде әртүрлі халықтардың қандай ақшасы болғаны және адамдар оны айырбастың орнына қалай пайдалана бастағаны туралы әңгімелесуге болады.

Жыл сайын ересектердің де, балалардың да экономикалық сауаттылығына қойылатын талаптар артып келеді.

Қазіргі қоғамда балалар әлеуметтік-экономикалық өмірге өте тез енеді, бұл қаржылық сауаттылық негіздерінің қалыптасуына ықпал етеді. Балабақшада балалармен жұмыс «өнім», «ақша және баға», «жарнама» ұғымдарынан басқа, моральдық тұрғыдан негізделген әдеттерді қалыптастырудың алғы шарттарын құруды көздейді:

- өзінің және басқаларға – үлкендерге, құрдастарға тиесілі заттарға ұқыпты қарау;
- ойындар мен оқу іс-әрекеттер үшін материалдарды орынды пайдалану (қағаз, бояулар, пластилин және тағы да басқа);
- суды, электр энергиясын үнемдеу [3];

Экономиканың бастапқы ұғымын таныстыру мақсатын үшін сіз авторлық ертегілерді де сәтті пайдалана аласыз:

Шығарманың кейіпкері – Әмиян, оның ішінде үлкенді-кішілі әртүрлі банкноттар бар. Әдетте ол ақшаға толы емес еді. Бірақ кейде құлыптары мен түймелері шыдай алмай ақшаға толған күндер де болды. Осы кезеңде әмиян өте жиі ашылды. Бірақ қайғылы уақыт та келді: іші бос, ал әмиян бір жерден екінші жерге лақтырылды. Бір күні әмиянның жанында көршісі пайда болды – жылтыр пластикалық карта. Ол қазір отбасы бюджетін сақтаушы екенін айтты. Кішкентай және жұқа болғанына қарамастан, Картада оның иесіне ғана белгілі құпия сандық код бар. Сондықтан ол қалағанын сатып алады, тіпті банкноттарды алып, әмиянына сала алады. Әмиян олардың оны ұмытпайтындарына қуанып, карточкаға қамқорлық жасауды ұсынды – оны өз купелерінің біріне қоюды ұсынды. Карточка ойланғаннан кейін келісті және Әмиянның қалтасында жылу мен жайлылықты сезінді [2, 1 б.].

